



# Құдайдың рақымымен құтқарылдыңдар

Чарльз СПЕРДЖЕН

Чарльз СПЕРДЖЕН

**Құдайдың рақымымен құтқарылдыңдар**  
(Еф 2:8)

Құтқарылуды Иса Мәсіхтен іздегендерге ізгі тілек

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің діни сараптамасынан  
№05-13/437 нөмірі бойынша 08-09-2015 күні өткізілді.

ӘОЖ 27  
КБЖ 86.3  
С74

Чарльз Сперджен  
Құдайдың рақымымен құтқарылдыңдар – Алматы:  
ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2016 – 83 бет

ISBN 978-601-7451-04-2

Кітаптың мақсаты – құтқарылудың тек қана рақымдылықпен, яғни тегін берілетінін жеткізу. Заң, борыш және жаза туралы емес, сүйіспеншілік, кешірім, рақымдылық және мәңгілік өмір туралы айтады. Кітапты оқығандар оны қызық та әрі керекті деп табатын болады.

ӘОЖ 27  
КБЖ 86.3

ISBN 978-601-7451-04-2

© ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2016

**Чарльз Сперджен**

## Алғы сөз

Осы кітаптың авторы оқырманды құтқарылуға – Мәсікке алып келуді қалайды. Ол осы кітапты миллиондаған адамды Құдайға бет бұрудың құралы ретінде пайдалана алатын Құдайдың күші – Киелі Рухқа қалтқысыз сенеді.

Бұл кітапты көптеген күнәкардың оқитынына және Құдайдың оларды тауып, Өзінің рақымымен құтқаратынына күмән жоқ.

Оқырмандардың осы тобын есепке ала отырып, түсінікті де қарапайым сөздерді қолдануға тырыстым. Бірақ Киелі Рух жоғары лауазымды, беделді адамдарға да әрекет ете алады, сонда кітапты оқығандар оны қызық әрі керекті деп табатын болады. Шіркін, бұл кітапты адамдарды Мәсікке әкелуді қалайтындар оқыса ғой!

Менің ыстық ықыласым – осы кітаптың көмегімен көптеген жандар Құдаймен татулыққа келсе деймін. Оқырман, олардың қатарында сіз де боласыз ба?

Бірде бір ауыл тұрғыны жолдың бойына су шығаратын құбыр орнатып, оған саптыаяқты шынжырмен жалғап қояды. Арада біраз уақыт өткенде, ол бұл істен хабары бар біреудің құбырдың құрылымына сын айтқанын естиді. Сонда ол өзіне бұл хабарды жеткізгендерден: «Шөлдегендер одан су ішіп жатыр ма?» – деп сұрайды. Олар мыңдаған адамның шөлдерін қандырып жүргенін айтады. Сонда ол күлімсіреп, өзін сол сыншының сөзі қызықтырмайтынын және ыстық күндердің бірінде сол сыншының өзі де құбырдан шөлін қандырып, Құдайға алғысын білдіретініне үміттенетінін айтады.

Бұл кітап – құбыр мен саптыаяқ. Қаласаңдар сынай беріңдер, тек өмірдің суынан ішсеңдер болды. Бұл бәрінен де маңызды. Мен әлдебір ақсүйекке ұнап, бірақ оны Құдайға әкеле алмағанша, ең бейшара көше тазалағыштың құтқарылуына себепші болуға дайынмын.

Оқырман, осы кітапты оқуды бастаған кезде, сіз алдыңызға қандай да бір мақсат қоясыз ба? Егер солай болса, мен сізбен қазірден бастап кейбір жағымен келісемін. Ал мұндағы мақсат өте ұлы, дәлірек айтқанда, сіздің Мәсіхті табуыңыз және мәңгілік рахатқа қол жеткізуіңіз. Оларды бірге іздейік! Мен сізге

көмектесуге дайынмын және сиына отырып осы кітапты сізге арнаймын. Сіз бен біз назарымызды көкке аударып сиынамыз және Құдайдан кітапты оқу кезінде батасын беруін өтінеміз. Құдіреттің күшімен бұл кітап сіздің қолыңызға тап болды, оны оқуға сіздің уақытыңыз бар. Сіз оған көңіл бөлуге дайынсыз ба? Бұл – жақсылықтың нышаны. Кім біледі, мүмкін, сіз үшін «қолайлы сәт» туған болар? Киелі Рух былай дейді: «Бүгін сендер Оның даусын естігенде, қасарыстырмаңдар енді жүректеріңді!»

Бірде мен мынандай әңгіме естідім. Бір уағызшы аздаған ақша беру үшін тұрмысы нашар әйелдің үйіне келеді. Ол әйелдің ақшаға аса мұқтаж екенін біліп, әйелдің лашығының есігін қағады, бірақ ол есікті ашпайды. Оны үйінде жоқ деп ойлаған уағызшы кетіп қалады. Арада көп өтпей сол әйелді қауымда кездестіріп, оған былай дейді: «Мен сіздің мұқтаждығыңызды білдім де, үйіңізге барып, есігіңізді қақтым, бірақ та жауап болмағаннан кейін сіз үйде жоқ болар деп кетіп қалдым». – «Қай уақытта барып едіңіз?» – «Түс кезінде». – «Қап, әттеген-ай, – дейді әйел, – мен үйде болғанмын, бірақ пәтер иесі ақшасына келіп тұрған шығар деп ашпап едім». Мұның не екенін кедейлердің көпшілігі біледі...

Оқырманға бірден ескертіп қояйын, мен ақы алу үшін келген жоқпын. Менің кітабымның мақсаты – сізге құтқарылу мен рақымдылықтың тегін берілетінін жеткізу. Біздер, уағызшылар, көбіне тыңдаушының ынтасын оятуға ұмтыламыз, ал ол болса: «Сірә, қазір маған міндеттерімді айта бастайтын болар. Бұл адам Құдайға қарызымды төлетуге келген, ал менің оған беретін ештеңем жоқ. Одан да үйде жоқ болғандай түр танытайын», – деп ойлайды. Оқырман! Бұл кітап сізден бір нәрсе талап ету үшін емес, керісінше, сізге бір нәрселер беру үшін жазылды. Мен заң, борыш және жаза туралы емес, сүйіспеншілік, кешірім, рақымдылық және мәңгілік өмір туралы айтамын. Үйде жоқ секілді түр көрсетпеңіз: құлағыңыз керең, жүрегіңіз қамсыз болмасын. Мен сізден Құдай немесе адамдар үшін ештеңе талап етпеймін. Егер сіз қабылдайтын болсаңыз, ол сіздің мәңгілік қуанышыңызға айналады. Жүрегіңіздің есігін ашып, менің өтініштерімді қабылдаңыз. «Келіңдер, мәселелеріңді талқылап, шындығына жетейік!» – дейді Құдай.



Қазіргі жағдайыңыз бен мәңгілік рахат мәселесін талқылау үшін сізді Оның Өзі шақырады. Егер Ол сізге жақсылық тілемесе, бұл сөздерді айтпаған болар еді. Есігіңіздің алдына келіп қағып тұрған Иса Мәсіхтен бас тартпаңыз. Есікті Ол сіз үшін айқышқа шегеленген қолымен қағып тұр. Оның бар қалайтыны – сіздің игілігіңіз, сондықтан да құлақ асып Оған келіңіз. Мұқият тыңдаңыз, жақсы сөз жан дүниеніңізге бойласын. Мүмкін, сіздің жаңа өмір бастайтын сәтіңіз туған болар... Сенім – есту арқылы келеді, ал оқу да естудің бір түрі болып табылады. Сенімнің осы кітапты оқу үстінде-ақ келуі ықтимал. О, күллі рақымдылықтың Рухы, осы тілегім орындала көрсінші!

## I тарау

### ҚҰДАЙ ӘДІЛЕТСІЗДЕРДІ АҚТАЙДЫ

Оқырман, Римдіктерге арналған хаттың (4:5) мәтініне қатысты шағын уағызға құлақ асыңыз: «Ал егер адам Құдай алдында ақталу үшін өзінің игі істеріне сүйенбей, күнәкарды кешіретін рақымды Құдайға сенімін артса, онда ол осы сенімінің арқасында ақталады».

«Күнәкарды кешіретін рақымды Құдайға», – деген сөздерге назар аударыңыз. Менің ойымша, бұл ғажап сөздер. Осындай сөздердің Киелі кітапта жазылғаны сізді таңдандырмай ма? Құдайдың айқышы туралы сөздерді жек көретін адамдардың Оны: «Зұлым адамдарды құтқарады және ең бұзылған азғындардың Өзіне келуіне жол береді», – деп айыптайтындарын білемін. Көріп тұрсыз ғой, Киелі Жазба бұл айыптауды қабылдайды және оны анық айтады! Өзінің қызметшісі елші Пауыл және Киелі Рух арқылы Құдай Өзін «күнәкарларды кешіретін Құдай» екенін жеткізді. Ол әділетсіздерді ақтайды, жазаға лайықтыларды кешіреді. Сіз құтқарылуды тек жақсыларға, Құдайдың рақымы – күнәдан таза, киелілерге ғана арналған деп ойлайсыз ба? Тіпті, Құдай өзіңізді тек жақсы адам болсаң ғана жарылқайды, сондықтан, Оның рақымына ие бола алмаймын, себебі оған лайық емеспін

деп ойларсыз. Сіз: «Күнәкарды кешіруші рақымды Құдай», – деген аятты оқыған кезде таңданып қалған боларсыз. Мен мұныңызға еш таңқалмаймын, себебі Құдайдың ұлы рақымын танығанымға қарамастан, бұған таңдануымды әлі күнге дейін қоя алар емеспін. Киелі Құдайдың “күнәкар” жайлы ақтайтыны сізді таңдандырады ғой, солай ма? Жүрегіміздің заңшылдыққа табиғи бейімділігіне сай, біз үнемі жеке басымыздың қайырымдылығы мен артықшылығы туралы айтамыз. Құдай бізге назар аударуы үшін бойымызда жақсы бір нәрсе болуы тиіс деп ойлаймыз. Бірақ бізді өзімізден де көбірек танитын Құдай бойымызда жақсы еш нәрсенің жоғын біледі. Ол: «Бірде-бір әділ кісі жоқ», – дейді. Ол «Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиренішті!» – екенін біледі. Ал Иса Мәсіх жер бетіне жақсылық пен әділдікті талап ету үшін емес, қайта, сол жақсылық пен әділдікті осы дүниеге әкеліп, оларды мұқтаж адамдарға сыйлау үшін келді. Ол бізге әділ болғандығымыз үшін емес, керісінше, әділ ету үшін келді.

Адал адамдар, кінәсіз айыпталғандарды ақтап, жабылған жаладан қорғауға тырысады. Қорғаушының мақсаты кінәліні қорғау емес, кінәсізді ақтап алу. Кінәліні ақтауға адамның құқы да, билігі де жоқ. Ақтап алу – жалғыз Құдай ғана істей алатын керемет. Әділ Билеуші Құдай жақсылық жасайтын және еш күнә жасамайтын бір де бір адамның жоғын біледі. Өзінің Құдайлық болмысының шексіз құдіреті мен сүйіспеншілігі арқылы Ол әділдерді емес, күнәкарларды ақтауды алдына мақсат етіп қойды. Құдай әділдікті сақтай отырып, күнәкарды ақтап алудың тәсілдері мен құралдарын тапты. Өзі қабылдаған шешіміне сай Құдай кінәліні әділ жолмен, өмір бойы ешқандай қылмыс, тіпті ешқандай күнә жасамағандай қабылдай алады. Ол арсыздарды ақтайды.

Иса Мәсіх бұл дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келді. Бұл, әсіресе, құтқарылғандар үшін аса таңқаларлық дерек болып табылады. Құдайдың өзімді ақтағаны мен үшін бұрын-соңды естімеген ең ұлы ғажайыптың өзі. Егер де Құдайдың құдіретті сүйіспеншілігіне көңіл бөлмесем, онда өзімді кемшіліктер мен күнәның үйіндісінен өзге ештеңе еместігімді сезінемін. Бірақ Иса Мәсіхке деген сенімім арқылы ақталғандықтан, Оның алдында мен әділ адам екенімді анық білемін. Құдайдың мені



Өзіне мұрагер және Мәсіхпен мұралас еткенін білемін. Әйтсе де, бұрынғы болмысыммен барып тұрған күнәкарлардың қатарына жатамын. Мен секілді лайықсыз пендесіне Құдай лайықты деп қарар, өмір бойы Құдайды қастерлеп өткен адамдай жақсы көреді. Осындай рақымдылыққа деген алғыс сезіміміз еріксіз таңдануға айналады.

Оның сүйіспеншілігі таңқаларлық, сондықтан да сіз бен мен үшін Ізгі хабардың мағынасы шексіз. Егер де Құдай күнәкарларды ақтайтын болса, онда Ол, қымбатты дос, сізді де ақтай алады. Өйткені, сіз де дәл басқалар секілдісіз ғой! Егер сіз әлі Құдайға бет бұрмаған болсаңыз, онда «күнәкар» деген атау сізге де сай келеді: сіз Құдайсыз өмір сүрдіңіз, сіздің өміріңіз әділеттілікке мүлде қарама-қайшы болды – бір сөзбен айқанда, сіз күнәкар болдыңыз. Мүмкін сіз жексенбі күндері Құдайға сиыну үйіне бармаған да боларсыз, Құдайға арнайтын күнді, Оның үйі мен Сөзін жек көрген шығарсыз – мұның бәрі сіздің күнәкар екеніңізді дәлелдейді. Бәрінен де жаманы, бәлкім сіз, тіпті Құдайдың бар екеніне күмән келтіріп, бұл туралы ашық айтқан боларсыз. Сіз Құдайдың бар екендігінің дәлелдейтін толы осынау тамаша дүниеде өмір сүрдіңіз және олардан Құдайдың құдіретін көрмеу үшін көздеріңізді жұмып алдыңыз. Сіз дәл бір Құдай жоқтай өмір сүрдіңіз. Құдайдың жоқтығына көзіңізді жеткізе алсаңыз, әрине, сіз қуанған болар едіңіз. Мұндай жағдай сіздің өміріңізде қалыпты күйге айналуы әбден мүмкін. Сонымен «тұзды» деген сөз теңіз суының дәміне қалай дәл келсе, «күнәкар» деген сөз де сіздің жағдайыңызға солай сай келеді. Бірақ мүмкін сіз адамдардың басқа бір тобына жататын шығарсыз: сіз діннің сыртқы рәсімдерін ұстанасыз, бірақ жүрегіңіз басқаға алданған; жиналыстарда Құдайдың халқымен кездестіңіз, бірақ Құдаймен кездескен жоқсыз; рухани әндер айтуға қатысасыз, бірақ жүрегіңізде ешқашан Құдайды мадақтаған жоқсыз, жүрегіңізде Құдайға деген сүйіспеншілік болған жоқ, Оның өсиеттеріне назар аударған жоқсыз, сондықтан Ізгі хабар сізге де арналған. Ал бұл Ізгі хабар Құдайдың күнәкарларды ақтап алатынын айтады. Бұл таңқаларлық, бірақ ол сізге арналған шындық. Шіркін, осы Ізгі хабарды қабылдасаңыз ғой! Егер сіз саналы болсаңыз, онда Құдайдың керемет рақымын біле аласыз, күнәкарларға деген

Оның Әкелік қамқорлығын көресіз және: «Ол күнәкарларды ақтап алады! Онда дәл қазір маған да неге ақталмасқа?» – деп ойланасыз..

Басқаша болуы мүмкін де емес! Құдайдың құтқаруы лайық сыздарға және оған дайындалмағандарға арналуы тиіс. Тек әділетсіз адамның ғана ақталуға мұқтаж екендігі жайлы Киелі кітапта кеңінен түсіндіреді. Егер кітапты оқып отырған әділ адам болса, онда ол ақталуға мұқтаж емес. Ол өз парызын жақсы орындап жүрмін деп тіпті Құдай өзіне қарыздар сияқты сезінеді. Құтқарушы мен рақымдылықтың оған қажеті қанша? Ақталу оған не керек? Менің кітабым оны қазірдің өзінде-ақ мезі қылды: оны мүлде қызықтырмайды.

Өздері туралы осындай жоғары пікірдегілердің бір сәт құлақ салуларын сұраймын. Әділдігі тек қара басының әрекетінен ғана тұратын «әділ адам», сіздің өлімге бет алғаныңыз анық! Ал Киелі Жазбада былай деп анық айтады: «Бірде-бір әділ кісі жоқ». Қалай дегенмен де мен мұндай «әділдерге» бір ауыз сөз айтпаймын. Иса Мәсіхтің Өзі әділетсіздерді шақыруға келді және мен де Ол істемегенге кіріспеймін. Тіпті, сізді шақырған күннің өзінде, бәрібір келмес едіңіз. Одан да сіз қалай оңбай алдауға түскеніңізді түсінуіңіз үшін өз «әділдігіңізді» жақсылап қарастыруды қолға алуыңызды өтінер едім. Сіздің “әділдігіңіздің”, тіпті өрмекшінің торындай да беріктігі жоқ. Оны тастап кетіңіз де, бойыңызды алып қашыңыз!

Қымбатты жан, ақтап алуға тек өздерін әділміз деп есептемейтіндер ғана мұқтаж, Құдай тағының алдында ақталу үшін араша түсуге тек солар лайық. Құдай тек қажеттіні ғана істейді – осыған арқа сүйеңіз! Иеміз Исаның даналығы шексіз!

Мәсіх қажетсіз нәрсе істемейді. Әділді ақтау – Құдайдың ісі емес, ал әділетсізді ақтау – бұл шынымен де нағыз сүйіспеншілік пен рақымдылықтың ісі. Ардан безгендерді ақтау – тек Құдайға ғанатиесілі. Мұның осылай екені сөзсіз. Мысалы, әлдебір дәрігер жазылмайтын ауруды емдейтін дәрі ойлап тапты делік. Ол оны кімге тағайындайды? Мүлде дені сау адамға ма? Жоқ. «Дені саулар дәрігердің еміне мұқтаж емес, оған тек науқас адамдар ғана мұқтаж». Дәл осы секілді, ұлы рақымдылықтың ем-шаралары рухани науқастарға арналған. Олардың дені сауларға қажеті жоқ, өйткені дені сауларға

пайда әкелмейді. Қымбатты дос, егер сіз өзіңізді рухани науқас сезінетін болсаңыз, онда сіз үшін осы дүниеге Дәрігер келді. Егер сіз күнәның кесірінен рухани құр сұлдеріңіз қалса, онда мынаны біліп қойыңыз: құтқару жоспары сізге арналған. Бір бай, кең пейіл адамның өзіне қарыздардың барлығын кешіруге бел байлағанын көз алдымызға елестетейік. Олардың бірі оған 100 теңге, ал екіншісі – 50 теңге қарыз. Қарызы барлар байға борышкерлік қолхаттарына қол қойдырып алса, берешегі күшінен айырылады. Бірақ ең жомарт деген адам өзіне қарыз еместерді кешіре алмайды. Күнәсі болмаса, тіпті құдіреті күшті Құдай да кешіре алмайды. Яғни, күнәсіздерге кешірім қажет емес. Ол кінәлі, күнәкарларға қажет. Ешқандай жамандық істемеген адамға кешіру туралы айтудың өзі орынсыз.

Шынымен де сіз күнәкар болғандықтан өлімге душар боламын деп ойлайсыз ба? Керісінше, сіз дәл осы күнәкар болғандығыңыз үшін құтқарыла аласыз. Сіз өзіңіздің күнәкар екеніңізді сезінетіндіктен, рақымдықтың дәл сіз секілділерге арналғанын айтып жұбатқым келеді.

Иса шынымен де өлімге душар болғандарды іздейді және құтқарады. Өзінің өлімі арқылы Ол нағыз күнәкарларға құтқарылу әкелді. Өздерін бейшара күнәкарлармыз деп атайтын адамдарды көргенде мен ерекше қуанамын, тіпті олармен күні-түні бойы әңгімелесуден жалықпас едім. Қайырымдылық үйінің есігі олар үшін ешқашан: күндіз де, түнде де, демалыс күндері де жабылмайды. Иеміз Иса Мәсіх қиялдағы күнәлар үшін өлген жоқ. Оның қаны біздің күнәларымыздың дақтарын шаю үшін төгілді. Егер сіз өзіңізді күнәмен әбден ластанған адам ретінде сезінетін болсаңыз, онда мынаны біліп қойыңыз: Мәсіх сізді ақтап алу үшін келді. Есімде бір уағызшы: «Қазірдің өзінде-ақ ағаш түбінде балта дайын тұр!» – деген тақырыпқа уағыз айтты. Уағыз аяқталғаннан кейін қауым мүшелерінің бірі оған: «Сіз қылмыскерлердің алдында сөйлеп тұрғандайсыз. Бұл уағзыңызды қала түрмесінде айтқаныңыз жөн болар еді», – деді. “Жоқ, – деп жауап берді оған уағызшы, – онда мен басқа мәтінді таңдаған болар едім, дәлірек айтқанда: «Мәсіх Иса осы дүниеге күнәкар кісілерді құтқару үшін келді”. Бұл — дәл айтылған шынайы сөз, оны түгелдей қабылдау қажет». Осылайша заң өздерін әділ санайтындарды сабасына түсіру

үшін; ал Ізгі хабар – өлімге душар болып, соры қайнағандарды құтқаруға арналған.

Егер сіз өлімге душар болмасаңыз, сізге Құтқарушының не қажеті бар? Егер адасқан ешкім болмаса, бақташы біреуді іздер ме еді? Егер тиынын түсіріп алмаса, әйел оны тауып алу үшін еденді сыпырар ма еді? Жоқ! Дәрігер – науқастарға; тірілту – өлгендерге; кешірім – кінәлілерге; көзі ашылу – зағиптар үшін қажет. Егер де адамзатты кінәлі және айыптауға лайық деп есептемейтін болсақ, онда Құтқарушының жер бетіне келуін, Оның айқыштағы өлімі мен кешірімі туралы Ізгі хабарды қалай түсіндірген болар едік? Күнәкар – Ізгі хабардың келуінің себепкері. Осы жолдарды оқып отырған қымбатты дос, егер сіз тек жазалау мен тозаққа лайықты күнәкар адам болсаңыз, онда Ізгі хабар арналғандардың бірісіз. Құдай күнәкарларды ақтайды.

Мен айтқандарымның бәрінің барынша түсінікті болғанын қалаймын. Бірақ, бұл шындықтың айқын екеніне қарамастан, оны адамға ұқтыру тек Құдайдың ғана қолынан келеді. Жаңадан рухани оянған адам алғашында өзіндей кінәлі және өлімге душар адамның құтқарылуы мүмкін екендігіне сене алмайды. Ол құтқарылу өзіне тәубеге келгендігі үшін берілді деп ойлайды және осы тәубеге келудің құтқарылудың бір бөлігі екенін есінен шығарып алады. «Бірақ, – дейді ол, – мен мүлде басқа адамға айналуға тиіспін ғой!» Шынымен де солай: құтқарылғаннан кейін ол мүлде басқа адамға айналуы тиіс. Бірақ алдымен құтқарылу, содан кейін салдары ретінде оның жемісі көрінеді. Шын мәнінде ол өзінің жағдайын «күнәкар» деген атаққа лайық деп есептеген сәтінде-ақ құтқарылуға қол жеткізеді және оны ақтау үшін Ізгі хабар жеткен кезде бұл анықтама оған өте дәл келеді.

Сондықтан, кім де кім жақсылықтан жұрдай болса, тіпті өздерінде жақсы сезім немесе өз пайдаларына шешілетін қандай да бір игіліктің бар екеніне күмәнданатындардан мен Құдайдың оларды дәл сол күйінде қабылдауға дайын екеніне нық сенулерін сұраймын. Құдай оларды қайырымдылығы үшін емес, Өзі қайырымды болғандықтан кешіреді. Ол жаратқан күннің сәулесі зұлымға да, қайырымдыға да бірдей түседі ғой. Ал күннің жылуы мен жаңбырды құрғақшылық

кезде Құдайсыз деген халықтарға да жібереді емес пе? Тіпті Содом мен Гоморада да күн жарқырап тұрды. Қымбатты дос, Құдайдың рақымы біз ойлағаннанда жоғары, сондықтан ой-өрісіңіз лайықты дәрежеде болғанын қалар едім. Аспан жерден қаншалықты биік болса, Құдайдың ойлары біздікінен соншалықты жоғары. Құдайдың кешірімінде шек жоқ. Иса Мәсіх осы дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келді. Демек, кешірім – кінәлілер үшін.

Өзіңізді шын мәніндегі қалпыңыздан жақсы етіп көрсетуге тырыспаңыз; күнәкарларды ақтап Алушыға сол күйіңізде келіңіз. Белгілі суретші туған қаласының тұрмысы мен тұрғындарының дағдылы бет-бейнесін көрсететін сурет салмақ болады. Шашы ұйпа-тұйпа, үсті-басы кір-қожалақ болып жүретін көше сыпырушыны бәрі танитын еді және суретте оған лайықты орын болды. Суретші оны шақырып алып, егер ол өзінің суретін салуға келісімін берсе, жақсы ақы төлейтінін айтады. Келесі күні таңертең әлгі көше сыпырушы суретшінің алдына келеді, бірақ ол оны дереу үйіне қайтаруға мәжбүр болады. Себебі ол жуынып-таранып және таза киініп келген еді. Ал суретшіге оның әдеттегі қалпы қажет болатын. Құдай сізді басқаша емес, күнәкар қалпыңызда келсеңіз қабылдайды. Жақсы адамға айналғаныңызды күтпеңіз, дереу Оған барыңыз да құтқарылуыңызды өтініп жалбарыныңыз. Құдай күнәкарларды ақтайды, демек, сіз де дәл қазіргі қалпыңыз бен жағдайыңызда қабылдана аласыз.

Оған өзіңіздің күндегі киіміңізбен келіңіз, яғни, Көктегі Әкеңізге барша күнәларыңызбен келіңіз. Өзің қандай болсаң, Исаға сол қалпыңда кел, тіпті алапес, салақ, жалаңаш, өмір мен өлімнің ортасында жүрген болсаңыз да. Оған тіпті өзін адамзаттың ішіндегі ең жауызымын деп есептейтін де келсін. Өзіңізді тіпті өлімнен өзге ештеңеге лайық емеспін деп ойлайтын болсаңыз да келіңіз. Келіңіз де Құдайдан Оның тағы бір күнәкарды ақтап алуын сұрап жалбарыныңыз. Оған мұны неге істемеске? Тек келсеңіз болды – ұлы рақымдылық сіз секілділерге арналған. Жоғарыда айтылғандардың, осы шындықтың бәрін уағыздың негізі болған Інжілдегі: «Ал егер адам Құдай алдында ақталу үшін өзінің игі істеріне сүйенбей,

күнәкарды кешіретін рақымды Құдайға сенімін артса, онда ол осы сенімінің арқасында ақталады», – деген сөздерден артық айтып жеткізу мүмкін емес. Ол болмысынан күнәкарларды әділ етеді және олармен әділдер ретінде қарым-қатынас жасайды. Сіз үшін бұл керемет сөздер ғой, солай емес пе?

## II тарау

### Құдайдың Өзі ақтайды (Рим 8:33)

Әділ болу немесе ақталу қандай ғажап! Егер біз Құдайдың өсиеттерін ешқашан бұзбағанда, ақталуға мұқтаж болмайтын едік – біз өздігімізден әділ болатын едік. Өсиеттерді өмір бойы орындап келген және тиым салынғанды ешқашан істемеген адам заңның негізінде әділ. Бірақ сіз олардың қатарынан емессіз, мен бұған сенімдімін. Тым адал болғандықтан, мұны теріске шығара алмайсыз, сондықтан да ақталуға мұқтажсыз.

Егер ақтала бастайтын болсаңыз, онда бұл өз-өзіңізді алдау болады. Одан бас тартқан жөн, себебі ол күш жұмсауға татымайды.

Егер қарапайым адамдардан өзіңізді ақтауды өтінетін болсаңыз, олар не істер еді? Мүмкін белгілі бір ақыға кейбірі сізді мақтай бастайтын еді, бірақ екіншілері одан әлдеқайда кем ақыға сыртыңыздан ғайбаттар еді. Адамдардың алып-қашты әңгімелерінің бір тиындық құны жоқ.

Киелі кітапта: «Құдайдың Өзі оларды ақтайды», – делінген, ал бұл әлдеқайда маңызды. Бұл ақтап алу – мұқият қарастыруға лайықты таңқаларлық дерек. Біріншіден, кінәлілерді ақтап алу туралы Құдайдан өзге ешкім, ешқашан ойламас еді. Олар ашық наразылық көрсетті, зұлымдықтар жасады; өздері солардың кесірінен азап шегіп, амалсыз уақытша қойып кетсе де күнәларына қайтып оралды. Олар заңды бұзып, Інжілді аяққа таптады. Олар рақымдылық туралы Ізгі хабарды қабылдамай, Құдайдан алыс өмір сүрді. Оларды кешіріп, ақтап алу мүмкін бе? Жақындары мүлдем түңіліп: «Олардан үміт жоқ», – деседі.

Тіпті мәсіхшілердің өздері оларға үміттен гөрі өкінішке толы сезіммен қарайды. Бірақ Құдай ондай емес. Олардың кейбірін әлем жаратылмастан бұрын таңдап алған Құдай өзінің даңқы үшін оларды ақтап, Өзінің сүйікті Ұлы арқылы рақымын сыйламайынша тыным таппайды. Көріп тұрсыз ба? Құдай олардың кейбірін ақтап алуды қалайды. Мен неге солардың қатарында болмаймын?

Құдайдан өзге ешкім де мені ақтап алуды ешқашан ойламаc еді. Мен өз-өзіме таң қаламын және рақымдылықтың әсерінің өзгелерден де дәл осылай көрінетініне күмәнданбаймын. Құдайдың балаларына қарсы болған Тарстық Саулға қараңдаршы. Ол аш қасқырша бармаған жері жоқ және қойлар мен қозыларға қорлық көрсетті; әйтсе де Дамаскіге барар жолда Құдай оның жүрегін талқан етті және керемет жолмен ақтап алды. Арада көп өтпей-ақ, Саул бұрын-соңды болмаған тек сенім арқылы ақталуды уағыздайтын ең атақты адамға айналды. Таурат заңдарын орындау арқылы құтқарылудың белсенді жақтаушысы болған ол өзінің Иса Мәсіхке деген сенімі арқылы ақталғанына жиі таңданған болар. Саул секілді мәсіхшілерді қуғындаушы адамды тек Құдай ғана ақтай алады. Бірақ, Иеміздің рақымы шексіз ғой!

Тіпті біреу әділетсіздерді ақтауды ойлаған күннің өзінде ол мұны істей алмас еді. Адам өзіне жасалмаған реніштерді қалай кешіреді? Біреу сізге опасыздық жасады деп есептейік. Оны кешіре аласыз және мұны сізден өзге ешкім істей алмайды. Егер сізге жамандық жасалса, онда кешірімді, тек сізден ғана алуға болады. Сол сияқты Құдайға қарсы күнә жасаған болсақ, онда бізді тек Ол ғана кешіре алады, себебі күнә Оған қарсы жасалды. Дәуіт патша былай дейді: «Мен Өзіңе қарсы күнә жасадым, Сенің көз алдында зұлымдық істедім. Осылай әділ Сенің айтқандарың, Мүлтіксіз де маған жүргізген сотың» (Жыр 50:6). Яғни Құдай Өзіне қарсы жасалған күнәны алып тастай алады. Егер біздің қарыздарымызды кешіретін болса, онда сол қарыздарымыз өтеледі. Біз қарсы күнә жасаған құдіретті Құдайдың өзінен басқа ешкім де күнәларымызды жуып-шая алмайды. Сондықтан Оған бет бұрып, мейірімділікті тек содан ғана іздейік. Күнәларыңыз үшін өзінің алдында кешірім сұрауды талап ететін адамдар бағыттаған жалған жолға түсіп



кетуден сақ болайық. Олар өз талаптарын Құдайдың Сөзімен негіздей алмайды. Тіпті Құдайдың атымен күнәні кешіруге билігі бар адам болса да, Құдайдың алдына өзіңіз келіп, Иса Мәсіх арқылы кешірім алғаныңыз дұрыс. Мұның дұрыс жол екенін біз берік сеніммен айта аламыз (Тім 1 2:5-6). Сеніміңіздің қамын ойлауды өзгелерге сеніп тапсыру өте қауіпті; одан да жаныңыздың қамын өзіңіз ойлаңыз.

Әділетсіздерді тек Құдай ғана ақтай алады. Өзінің шексіз мейірімділігінің арқасында Ол күнәнің ал қызыл түсін қардай эппақ түске айналдыра алатын және шығыс батыстан қашық болса, күнәларымызды бізден дәл солай алыстата алатын керемет жол ойлап тапты. «Енді күнәларыңды есіме де алмаймын», – дейді Ол. Сондай-ақ, күнәға нүкте қоюды қалайды. Көне заманғы пайғамбарлардың бірі таңдана былай дейді: «Өз меншікті халқын кінәсынан арылтатын, әрі оның тірі қалғандарының теріс істерін кешіретін Сен сияқты қай Құдай бар? Сен мәңгілікке қаһарланбайсың, қайта, берік мейірім көрсетуден рақат табасың».

Біз қазір әділдік немесе Құдайдың адамдарға олардың сіңірген еңбектеріне қарайтыны туралы айтып тұрған жоқпыз. Егер Құдаймен бірге заңдардың негізінде қарым-қатынас жасауды қалайтын болсаңыз, онда мәңгілік қаһар күтіп тұр: сіз одан өзгеге лайық емессіз. Мәңгілікке Иеміздің киелі есімі даңқталсын: Ол бізге күнәкар ретінде қараған жоқ. Ол бізбен еркін рақымдылықтың және шексіз мейірімділіктің негізінде әрекет жасады. «Мен оларды опасыз мінездерінен сауықтырып, өз мейіріміме сәйкес жақсы көремін». Құдайдың кінәлілерге айырықша мейіріммен қарайтынына сеніңіз (бұл шынымен де солай). Адамның ұлы туралы әңгімені мұқият оқып шығыңыз: әке адамның ұлын ешқашан кетпегендей және жеңіл жүрісті әйелдермен шатаспағандай қарсы алды. Әкесінің оны асқан сүйіспеншілікпен және мейірімділікпен қабылдағаны сондай, тіпті бұл оның ағасының наразылығын туғызды. Бауырым, қанша кінәлі болсаңыз да, тек өз Құдайыңызға және Әкеңе қайтып оралуды қаласаңыз болды, Ол сізді ешқашан жамандық жасамаған секілді қабылдайды. Және сізге әділетті деп қарап, соған сәйкес әрекет етеді. Бұл ұсынысқа не айтасыз? Адамның ұлдың мысалынан біз Құдайдың шексіз

мейірімділігін көреміз. Құдайдан өзге ешкім әділетсіздерді ақтап алуды ойламас еді және бұл Одан басқа ешкімнің қолынан келмейді. Құдай осылай сізді де ақтап алғысы келеді. Елші Пауылдың: «Құдайдың таңдап алғандарына кім айып таға алады? Құдайдың Өзі оларды ақтайды», – деген сөздеріне назар аударайық. Егер Құдай ақтап алса, онда шындық пен әділдікке сай адам расында да ақталады және бұл ақталу мәңгілік болады. Жақында мен Інжіл шарифке қарсы сындық көзқарастағы бір мақала оқыдым. Онда біз айырықша теорияны ұстанып, адамдардың күнәларын алып тастауға болады деп қиялданатынымыз туралы жазылыпты. Біз теориялар құрмаймыз, нақты деректерді уағыздаймыз. Аспан астындағы ең ұлы дерек – бұл Иса Мәсіхтің өзінің киелі қаны арқылы күнәны алып тастайтыны және Құдайдың Иса Мәсіхке бола пендесіне мейірімділікпен қарайтындығы. Ол кінәлілердің бойларынан жақсылықты көргендіктен емес, өз бойындағы мейірімділіктің молдығының арқасында оларды кешіреді және ақтап алады. Біз осыны уағыздап келдік, уағыздап жүрміз және өмір бойы уағыздай береміз. «Құдай ақтап алады» – Ол әділетсіздерді ақтап алады. Ол бізді ақтап алғаннан ұялмайды, ал біз осы ақтап алуды уағыздаудан ұялмаймыз. Құдайдан келген ақтап алу – еш күмәнсыз ақиқат. Егер мені соттың өзі ақтап алатын болса, онда кім мені соттай алады? Егер дүниедегі ең Жоғарғы Сот ақтап алған болса, онда мені кім айыптай алады? Құдайдың ақтап алуы – оянған ар-ұжданды қанағаттандыратын жауап және Киелі Рух бізге Өзінің тыныштығын береді, сондықтан біз енді қорықпаймыз. Құдайдың ақтауына қол жеткізген біздер шайтанның қитұрқыларына төтеп бере аламыз. Осы ақталуға қол жеткізген біз өзіміздің өлетін сәтімізді жайбарақат қарсы алуға қауқарлымыз. Ақталуға қол жеткізген біз соңғы ұлы соттың алдына еш қорқынышсыз тұра аламыз.

Достым! Құдай сіздің барлық күнәларыңызды жуып-шая алады. Сондықтан да мен: «адамдардың ісімен, сөзімен жасаған бүкіл күнәлары кешіріледі», – деп бекер айтып отырған жоқпын. Қылмысқа белшеңізден батсаңыз да, Ол бір сөзбен жиіркенішті істеріңізді алып тастап: «Қалайтыным сол, құлантаза сауығып кет!» – деп айта алады. Құдай кеңпейілділікпен кешіреді.

«Мен күнелардың кешірілетініне сенемін», – оқырман, сіз Құдайға осы сөздерді айтуға дайынсың ба? Сонда Құдай сізге: «Сенің күнеларың кешірілді», – дейді. Содан кейін көктегі, жердің асты-үстіндегі ешқандай билік сізге күдікпен қарай алмайды. Құдайдың сүйіспеншілігінің құдіретіне күмән келтірмеңіз. Өзіңіз Құдайға жамандық жасағаныңыздай жақыныңның қорлағанын кешіре алмауыңыз мүмкін, бірақ Құдайға пендешілік өлшемді қолдана алмайсыз.

«Бұл солай, – деп келіскенмен: – Егер Құдай мені кешірсе, бұл нағыз керемет болар еді», – деп күмәнданасыз. Бұл шынымен де нағыз керемет, сондықтан да Ол сізді кешіреді, себебі Құдай «адам толықтай ұға алмайтын ғажап істерді істейді, сан жетпес кереметтерді жасайды».

Бір кездері мен де бақыттан баз кешіп, күнеларымның ауыртпалығын сезініп жүрдім, бірақ Құдайдың: «Маған бет бұрыңдар, сонда құтқарыласыңдар. Жалғыз Құдай Менмін, өзге Құдай жоқ!» – деген бұйрығын естігенде, Құдайға бет бұрдым және сол сәтте Құдай мені ақтап алды. Менің күнеларымды мойнына алғанға бір рет қана көз салғаным жанымға тыныштық берді. Шөл далада жылан шаққандар ілулі тұрған мыс жыланға көз тастаған кезде бірден сауығып кетті; айқыштағы Құтқарушыға көз салғанымда мен де дәл сондай күй кештім. Сенуіме күш берген Киелі Рух маған тыныштық та сыйлады. Өзіме үкім шығатынына бұрын қандай сенімді болсам, енді кешірім алғанымда дәл солай сенімді болдым, өйткені мұны маған Құдайдың сөзі жария етті, ар-ұжданым да маған осыны айтты. Құдай мені ақтап алған сәтте әлгі куәлар (Құдай Сөзі мен менің ар-ұжданым) ақталғаным деген сенімділік берді. Құдай Сөзі былай дейді: «Маған сенген әркім сотталмайды». Ар-ұжданым менің Құдайға сенім артқанымды және әділ Құдайдың енді кешіргенін айтады.

Сонымен, менде Киелі Рухтың және өзімнің ар-ұжданымның куәліктері бар және олардың екеуінің куәлігі бірдей. Шіркін, осындай сеніммен Құдайды қабылдаса және оның да өзі туралы осындай куәліктері болса ғой!

Өз істері арқылы ақталған (егер ондай адам болса) әділ адамға қарағанда, Құдай ақтап алған күнәкар берік негізде тұр деп батыл түрде айта аламын. Соңғысы өзінің жеткілікті дә-

режеде жақсы істер жасағанына ешқашан нық сенімді бола алмайды; ақыр соңында дайын болмай қалудан қорқып, оған ар-ұяты маза бермес еді. Ал Құдай Өзі ақтайды және Киелі Рух бізге Құдаймен болатын тыныштықты сыйлап, осы туралы куәлік етеді. Сонда біз құтқарылғанымызға нық сенімді боламыз, оның мызғымас екенін біліп, жанымыз жай табады. Құдайдың тыныштығының тереңдігін дүниедегі ешбір тіл айтып жеткізе алмайды. Осы тыныштыққа ие болуға асығыңыз!

### III тарау

## АҚТАЛУШЫ АҚТАУШЫ

Біз әділетсіздердің ақталатындарын және адамды тек Құдайдың ғана ақтай алатынын көріп тұрмыз. Өзімізге: “Әділетті Құдай кінәлілерді қандай жолмен ақтай алады?”- деген сұрақты қойып көрейік. Бұл сұраққа елші Пауыл өзінің Римдіктерге арналған хатында (3:21-26) егжей-тегжейлі жауап береді: “Ал енді Құдайдың адамдарды ақтау жолы көрсетілді. Бұл жолға заңды ұстанудың қатысы жоқ. Ол туралы Таурат пен Пайғамбарлар жазбалары білдірген еді. Құдай яһуди және басқа ұлт адамдарының бәрін де Иса Мәсіхке деген сенімдері арқылы ақтайды. Себебі бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ: бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды. Бірақ олар Құдайдың рақымымен Мәсіх бұлардың төлемдерін төлеп, құтқарғанының арқасында тегін ақтала алады. Құдай Мәсіхті күнәлардың құнын өтеуші құрбандық етіп көрсетті: Соның қаны төгіліп құрбан болғандығына сенгендерді Құдай кешіреді. Құдайдың әділдігі осы арқылы анық көрінеді. Себебі Ол бұрыннан бері шыдамдылық көрсетіп, адамдарға күнәларына лайықты жазаларын дереу тартқызбай жүрген еді. Ал қазіргі заманда Ол Өзінің әділдігін осылай дәлелдейді: Құдай әділ, Ол Исаға сенуші әркімді ақтап алады”.

Өз тәжірибемнен мысал келтіре кетсем: Киелі Рухтың жетегімен өз күнәларымды ұққанымда мен Құдайдың әділдігін

айқын және анық сезіндім. Өзгелерге қалай екенін білмесем де, мен үшін күнә – ауыр жүк болды. Мені тозақ оты емес, күнәларым шошындыратын. Өзімнің өте кінәлі екенімді ұғындым және Құдайдың мені күнәларым үшін жазаламағанына қарамастан, бүкіл әлемнің Соты болғандықтан Оның мені жазалауға тиіс екенін сезіндім. Мен өзімді жай соттың орнына қойып көрдім де, өлім жазасын кестім, ал егер мен Құдай болсам, онда өзім секілді күнәкар пендесін тозаққа жіберуден басқа жолдың жоқ екенін мойындадым. Менің жүрегім үнемі Құдайдың киелі есіміне және Оның ар-ұждандық заңдарына кір келтірем бе деп алаңдаумен болды. Егер мені қандай да бір әділетсіз жолмен кешіру мүмкін болса, онда менің ар-ұжданым қанағаттанбас еді. Менің жасаған күнәм лайықты жазалауын талап етті. Сонда мен өзімнен: «Ол әділетті бола тұра, кінәлі мені қайтіп ақтап алады?» – деп сұрадым. Бұл сұрақ мені қатты қинады және мен оған жауап таба алмадым. Менің өз ар-ұжданымды қанағаттандыратын жауапты ешқашан да таба алмасым күмәнсіз еді.

Киелі Жазба Құдайдың жетелеуімен жазылғанына ең сенімді дәлелдердің бірі – татуластыру туралы ілім. Әділетті Билеуші әділетсіздікпен қарсыласқандар үшін Өзінің өмірін қияды деп кім ойлар дейсің?! Бұл адамдар ойлап тапқан діни ілім немесе ақындардың қиялы емес. Бұл татуластыру – адамдарға нақты дерек болғандықтан белгілі: шығармашылық қиял оны жасап шығара алмас еді. Бұл татуластыруды ешкім көз алдына елестете алмас еді; оны Құдайдың Өзі белгіледі.

Иса Мәсіхтің құрбандығы арқылы ғана құтқарылу жоспарын мен бозбала кезімде естіген болатынмын. Бірақ ол кезде мардымды ештеңе білмейтін едім. Жарық барлық уақытта бар болды, бірақ та мен соқыр едім. Құтқарылу туралы маған Құдайдың Өзінің түсіндіргені қажет болды. Және солай болды да, маған жаңадан басқаша ашылғаны сондай, Иса Мәсіхтің құрбандыққа Құдайдың әділ болып қалуы үшін берілгенін ешқашан жазбадан оқымағандай болдым. Менің ойымша, Құдайдың әрбір жаңа баласы үшін бұл дерек (мен Мәсіхтің басқаның орнын басушы ғажайып құрбандығы туралы айтып отырмын) Құдайдан берілген аян болып көрінеді. Мен құтқарылудың арашалау құрбандығы арқылы мүмкін екенін

және бұл басқаның орнын басу әуел бастан қабылданғанын түсінуді үйрендім. Мен болмысы және мәңгілігі жағынан Өкесімен бірдей, таңдалғандармен өсиеттің Басшысы болуға арналған Құдайдың Ұлы бар екенін және Ол Өсиеттің Басы ретінде адамдар үшін азап шегіп, оларды құтқарып алғанын түсіндім. Біздің күнәмен құлдырауымыз, біріншіден, тек жеке басымыздың ісі емес, себебі құлдырау біздің түпкі атамыз – Адам атаның кесірінен болғандықтан, біздің құтқарылуымыз ерікті түрде Өз халқының Өсиетінің Басы болған екінші Адамның арқасында мүмкін болды. Мен түпкі атамның күнәсінің кесірінен одан ары құлдырап күнәкар болғанымды көрдім; маған әділ жолмен қайта көтерілуге мүмкіндік берілгеніне қуандым. Адам атаның ұрпағына құлдыраудан шығу мүмкіндігі бар: екінші Адам алғашқысы арқылы келген өлімнен азат ете алады. «Мені әділетті Құдайдың кешіруі мүмкін бе?» – деген сұрақ қатты мазалады. Сонда мен сенімнің көзімен Құдай Ұлының күнәмды Өз тәнімен ағашқа көтеріп кету үшін Адамға айналғанын көрдім және түсіндім. Мен өзімнің тыныштыққа кенелуім және Оның жаралары арқылы сауығуым үшін жазаның Оған жүктелгенін көрдім.

Қымбатты дос, Құдайдың қылышы қайраулы тұрғанына қарамастан, Өзіне бет бұрған әділетсіздерді шексіз мейіріммен ақтап алатынын түсіндіңіз бе? Рақымы мол Құдай Ұлы жазаны Өз мойнына алғандықтан, Құдай менің күнәларымды ескермейді. Бүкіл адамзаттың азап шегуінен, Иса Мәсіхтің күнәкарлар үшін азап тартуы – Құдайдың құдіретілігі.

Иса Мәсіх біз үшін өлім жазасына кесілді. Бір сәтке ойлап қараңызшы: Ол айқышта керіліп тұр! Бұл ұлы көрініс! Құдай Ұлы және Адам Ұлы ауыр азап шегіп тұр – әділетсіздерді Құдаймен татуластыру үшін Өділетті жазаланды. Кінәсіз жазаланды! Киелі сотталды! Мәңгі және даңқты Құдай Ұлы қарғысқа ұшырады! Құдай Ұлының шеккен азабына қараған сайын бұл азаптың менің сауығуыма қызмет ететініне сенімім арта түседі. Өзінің өлімі арқылы жазаны бізден алыстату үшін азап шекті. Және Оған сенетіндерге енді қорқатын ештеңе жоқ. Татуластырушы құрбандық шалынғаннан кейін Құдай Өз тағының іргесін шайқалтпай және Өз Заңына дақ түсірмей кешіре алады. Яғни, менің жаным өзінің ең маңызды сұрағына

толықтай қанағаттанатын жауап алды. Біздің қылмыстарымыз қандай болса да, Құдайдың оған деген қаһары өте қорқынышты болуы тиіс. Кезінде Мұсаның өзі: «Қаһарыңның күшін кім түсінеді?» – деген болатын. Ал даңқты Құдайдың: «Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?», – деген сөзін естіп және Оның соңғы демін шығарғанын көрген кезде, Құдайдың жоспары толықтай орындалғанын көреміз. Осы толықтай мойынсұну мен азапты өлім арқылы Құдай Өзінің заңына бағынады. Бұдан артық не істеуге болады? Бізді Құдаймен татуластырған Иеміздің еңбегі бүкіл адамзаттың күнәларынан асып түседі. Оның арқасында Құдай адамдарға мейрімділікпен қарап, олардың бұған қаншалықты лайықсыз екендеріне назар аудармайды. Кереметтердің ішіндегі ең кереметі: Иса Мәсіх – біздің Алмастырушымызға айналды. Біз азап шекпес үшін Ол бізге тиесілі, Құдайдың әділетті қаһарын өз мойнына алды. Құдай күнәкарге аяушылық көрсетуді қалайды, сондықтан да Ол Өзінің Ұлын аяған жоқ. Құдай біздің қылмыстарымызды ойына алмайды, себебі жиырма ғасыр бұрын Ол күнәларымызды Өзінің жалғыз Ұлының мойнына артты. Егер сен Иса Мәсіхке сенім артатын болсаң, Көне Әсиетте күнәлар иен далада «текеге артылып» қалай босатылып жіберілсе, сіздің күнәларыңыз да дәл солай босатылып жіберіледі.

Оған сенім арту деген нені білдіреді? Бұл: «Ол менің Құдайым және Құтқарушым», – деп айтуды ғана емес, сондай-ақ Оған толықтай сенім артып, Оны өзіңіздің Ұстазыңыз және Тәңір Иеңіз ретінде дәл қазірден бастап мәңгілікке қабылдауды білдіреді. Егер Исаның өзіңізбен бірге болғанын қаласаңыз, онда Ол сізге сол бойда иелік етеді. Егер Оған сенім артатын болсаңыз, онда тозаққа анық бармайсыз, өйткені басқаша болса бұл Мәсіхтің құрбандығын жоққа шығарған болар еді. Жан үшін шалынған осы құрбандық қабылданғаннан кейін сол жанның өлімге душар болуы мүмкін емес. Егерде сенушінің жаны құрып кетер болса, сол құрбандықтың қандай мәні бар?

Егер де Мәсіх мен үшін өлген болса, онда мен неге өлемін? Өрбір сенуші құрбандықтың тек өзі үшін болғанына көзін жеткізе алады. Сеніммен ол қолдарын осы құрбандыққа қойып оны өзінің игілігі етеді. Соның арқасында ол өзінің ешқашан өлмейтініне сенімді бола алады. Құдай біз үшін болған құрбандықты қабылдап, ал содан кейін бізді өлімге кеспес еді. Өзінің



Ұлының қанымен жазылып кешірілгенімізді оқып отырған Құдай бізді жазалай алмайды. Бұл мүмкін емес! Шіркін, дәл қазір сізге де Иса Мәсіхке бет бұру рақымы сыйланып, Онымен бірге – кінәлі адамға деген рақымның Бастауымен бірге жаңа өмірге аяқ бассаңыз ғой!

«Ол әділетсіздерді ақтап алады», «Құдай ақтайды», сондықтан және дәл соның арқасында ғана ақталу жүзеге асады, ал Құдай Өз Ұлының татуластырушы құрбандығымен ақтайды. Мұның шындық екені сондай, ақырзаманның сұмдық күні бұл ақталуды теріске шығаратын бірде-бір адам табылмайды. «Құдайдың таңдап алғандарына кім айып таға алады?» (Рим 8:33).

Бейшара жан! Сіз осы күйіңізде құтқарушы қайыққа мінгіңіз келе ме? Оған мінсеңіз, суға кетіп бара жатқан кемеден құтқарыласыз. Шынайы азат болуды қабыл алыңыз. Сіз: «Менің ештеңем жоқ», – дерсіз. Бірақ сізден өзіңізбен бірге бірдеңе алып келу талап етілмейді. Өз өмірлерін құтқарғылары келгендер тіпті киімдерін де тастап кетеді. Қайыққа өзіңіз қандай болсаңыз, сол күйіңізде мініңіз.

Сізді жігерлендіру үшін азырақ өзім туралы айтайын. Менің мәңгілік рахатқа деген жалғыз үмітім – Фолғотада орындалған татуластырушы құрбандыққа негізделген. Мен осыған толықтай үміт артамын. Басқа жағдайлардан үміттің көлеңкесін де көріп тұрғам жоқ. Оқырман, сіз де дәл менің жағдайымдасыз, өйткені біздің үміт артатын басқа іргетасымыз жоқ. Айқыштың түбіне бірге барып, кінәлілер үшін қанын төккен Исаға өз жүректерімізді мәңгілікке сеніп тапсырайық. Екеуімізді де жалғыз Құтқарушы құтқарсын. Егер сіз Оған сенім артып, өлімге душар болатын болсаңыз, онда мен де сіздің кебіңізді киемін ғой. Сізді бағыттап тұрған Інжілге артқан өз үмітімді басқаша қалай дәлелдей аламын?

## IV тарау

### КҮНӨДАН АЗАТ БОЛУ

Енді мен Иса Мәсіхке деген сенім арқылы ақталудың қалай жүзеге асатынын түсінетін, бірақ күнә жасауды қоя алмай жүргендерге бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Біз киеленбесек бақытты, байсалды немесе рухани салауатты бола алмаймыз. Біз күнәдан азат болуға тиіспіз, бірақ азаттыққа қайтып қол жеткіземіз? Бұл күллі адамды ойландыратын сұрақ. Біздің көне болмысымыз күнәға белшесінен батқан: жүрегіміз қатігез, еркіміз бірбеткей, құмарлықтарымыз қозып тұрады, ойларымыз ауытқи береді, қиялымыз жүгенсіз кеткен, тілектеріміз жабайы, сондықтан адамдар өздерін іштерінде жыртқыш аңдар жайлап алғандай сезінеді. Олар тізгіндеуге көнгеннен гөрі қожайындарын жеп қоюға дайын секілді. Бір кезде Әйүп қолтырауын жайында не десе, өзіміздің күнәкар болмысымыз жайында біз де дәл соны айта аламыз: «Қолтырауынды үй жануары ретінде жіппен байлай аласың ба?» Адамдар өз болмысын ырқына бағындыруға талай рет тырысып көрді, бірақ бәрі-бір пайдасыз, өйткені жақсаруға ұмтылып жасаған барша талпыныстарына қарамастан, адамдар керісінше жаман бола түсуде. Адамның өз күшімен билік жүргізуге қол жеткізуі, оның ұйытқыған желді қолымен ұстап алғанымен бірдей. Оны жеңу – Гераклдың жасаған ерліктерінен де артық жеңіс болып табылады. Бұл жеңіске тек Құдайдың көмегімен ғана қол жеткізуге болады.

Кейбіреулер: «Мен Мәсіхтің күнәларды кешіретініне сенер едім, бірақ мен үсті-үстіне күнә жасай беремін. Аспанға қарай лақтырылған тастың қайтып жерге түсетіні секілді мен де тіпті жүрегімді көкке көтерген уағыздан кейін де, өзімнің немқұрайлы күйіме қайтып ораламын. Күнә мені өзіне елітіп әкетедеі, сөйтіп мен есімнен адасам да, еш құтыла алмаймын», – дейді.

Қымбатты дос, егер де құтқару біздің тікелей күнәкар болмысымызға қатысы болмағанда, онда ол сәтсіз аяқталған іс болар еді. Ал бізге кешірілген соң тазару қажет. Киеліленуісіз ақталу қайғылы, әрі кемелденбеген іс болар еді. Бұл алапеспен

ауыратын адамды дені сау деп сол дерттен өлуге қалдырғанмен бірдей немесе бүлікшіні кешіріп, оны патшаның жауы ретінде қалдырумен, яғни, салдарын жойып, ал оның себебіне назар аудармаумен бірдей. Ал Иса Мәсіх күнәні үш жағынан жою үшін келді. Бірінші – күнә үшін жазаланудан, екінші – күнәнің билігінен және үшінші – күнәнің бойымызға орнығып алуынан азат ету үшін келді. Енді азаттықты сіздің дәл қазір алуыңызға болады – күнәнің билігі құртылады және соның арқасында сіз күнәнің бойыңызды жайлап алуынан құтылатын жолға түсесіз. «Ал Мәсіхтің күнәларымызды алып тастауға келгенін және Оның ешқандай күнә жасамағанын да білесіңдер».

Періште Иеміз туралы былай деп жариялады: «Оның атын Иса деп қой! Себебі Ол халқын күнәларынан құтқаратын болады». Иеміз Иса Мәсіх біздің бойымыздағы шайтанның істерін жою үшін келді. Иеміз дүниеге келген сәтте айтылған сөз Ол өлтірілгенде де айтылды. Сарбаз бүйірін найзамен түйрегенде, Оның жарақатынан кінә мен күнәнің кірінен азат етіп сауықтыратын екі жақты бейне – қан мен су ақты.

Егер де сізді күнәнің билігі мен өз болмысыңыздың оған бейімділігі мазалай берсе, сізге арналған өсиеттің барын біліңіз. Сеніміңіз болсын, себебі бұл уәде «толық реттелген... және нақты бекітілген» (Пат2 23:5 қара). Аузынан тек шындық қана шығатын Құдай былай дейді: «Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын» (Езк 36:26).

Сіз осы аяттан «беремін», «алып тастаймын» деген уәдені анық көріп тұрсыз. Өзінің уәдесін міндетті түрде орындайтын патшалардың Патшасы қашан да осылай сөйлейді. Ол уәдесіне тұрақты. Құдай сіздің жүрегіңізді өзіңіз өзгерте алмайтыныңызды және болмысыңызды өзіңіз тазарта алмайтыныңызды жақсы біледі. «Эфиоптың түрі мен барыстың теңбілін» тек Ол ғана өзгерте алады және ең кереметі – Ол сізді екінші рет жарата алады. Әрине, бұл рақымдылықтың кереметі, ал Киелі Рух оны жүзеге асыруды қалайды. Етегінде тұрған әлдекімнің бұйрығымен Ниагара сарқырамасы жоғары қарай кері ақса таңқаларлық болар еді ғой, солай емес пе? Құдайдың құдіретінен басқа ешкім де, ештеңе де ондай кереметті жасай

алмайды. Құдайдың қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Ол сіздің тілектеріңіздің және өміріңіздің бағытын өзгерте алады. Өзі келісім жасасқан адамдарға Құдай дәл осыны жариялады және біз Жазбадан бұл Келісім сенушілердің бәрімен жасалғанын білеміз. «Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңнен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын», – деген сөздерді тағы бір қайталап оқып шығайық.

Қандай керемет уәде! Оны шынайы және бізге берілген уәде деп қабылдайық. Сонда ол біздің бойымызда орындалады және нәтижесінде біз Құдайдың шексіз рақымымен жүзеге асқан тамаша өзгерісті шаттана жырға қосатын боламыз.

Мына жайтқа ерекше назар аудару қажет: егер де Құдай кеудемізден тас жүректі алып тастаған болса, онда ол шын мәнінде солай болғаны! Ал Құдай берген жаңа жүрек пен жаңа рухты бізден ешбір билік тартып ала алмайды. «Себебі Құдай уәде беріп, таңдап алғандығынан таймайды». Құдай оларды, бізге бергеніне еш өкінбейді. Лайым Ол сізді жаңарта көрсін, сонда сіз шын мәнінде қайта жаңғырған адамға айналасыз. Адам өз күшімен жақсаруға және тазаруға талпынысы сәтсіздікке ұшырайды, сөйтіп... «ит өзінің итаяғына қайтып оралады».

Ал егер Құдай бізге жаңа жүрек орнатса, онда ол бізде біржола қалады және ешқашан қайтадан тасқа айналмайды – жүректі сезімтал етуші оны сол күйінде сақтайды. Сондықтан да біз Құдайдың Өзінің рақымдылық Патшалығында істеп жатқандарына қуануға тиіспіз.

Киелі Рухқа толған адамның игі істерін әділетсізге күштеп үйретуге болмайды. Оған кішіпейілділікпен сүйіспеншілік көрсету керек. Егер Құдай әділетсізді жаңа адам ететін болса, айналасындағының бәрі оған басқа қырынан көрінетін болады. Бұл өзгерістің кереметтігі сондай, бірде жаңа бет бұрған адам былай деді: «Не бүкіл дүние өзгерді, не менің өзім өзгердім». Ескі болмыс жалған дүниеге қалай жақын болса, жаңасы әділдікке дәл солай жақын болады. Осындай болмысқа ие болу қандай керемет десеңізші! Оны бізге тек Киелі Рух қана дарыта алады.

Құдайдың адамдарға жаңа жүрек пен жаңа рух сыйлаған керемет сәтіне назар аударған кезіңіз болды ма? Мүмкін теңіз

шаяндары бір-бірімен шайқасқан кезде қысқышынан айырылғанын және оның орнына жаңасының өсіп шыққанын көрген боларсыз? Бұл таңқаларлық жайт, бірақ адамға жаңа жүректің берілуі одан да таңданарлық. Бұл шынымен де табиғаттың күшінен тыс керемет. Ағаштың бұтағын кесіп алсаңыз, орнына жаңасы өсіп шығады; бірақ сіз ағаштың болмысын, оның мәнін өзгерте аласыз ба? Сіз тікенді бұтаны інжір жемісін әкелуге мәжбүрлей аласыз ба? Будандастыру арқылы жақсы сұрыптар алынады. Бірақ ағаштың шырынын толықтай өзгерте аласыз ба? Жоқ! Мұндай кереметті Иса Мәсіхке сенушілердің Құдайы жасайды.

Егер өзіңізді Құдайдың Киелі қолына тапсырсаңыз, Ол пенделік болмысыңызды өзгертеді. Сізге жаңа өмірдің демін үрлейді және ескі болмысыңыз бойыңыздағы Рухқа бағынады. Иеміз Иса Мәсіхке сенім артыңыз: Ол көкірегіңізден тас жүректі алып тастап, сезімтал жүрек сыйлайды. Дөрекілік пен қаталдықтың бәрі жұмсарады. Ашушаңдықтың арыстаны момындықтың тоқтысына, арамдықтың қарғасы – тазалықтың көгершініне, өтіріктің сұр жыланы – шындыққа орын береді.

Мен мінез-құлықтың осындай өнегелі және рухани ғажайып өзгерістерін өз көзіммен көрдім, сондықтан ешқандай жағдайда да торықпаймын. Мен бір кездері азғын болған, ал қазір әппақ қардай таза әйелдерді; бұрын бейпіл ауыз болған, ал қазір айналасындағыларды өзінің Құдайды қастерлеуімен қуантатын азаматтарды білемін. Ұрылар адал, ішкіштер – салауатты, өтірікшілер – шыншыл және кекетіп мұқатушылар – байсалды болып өзгерді. Егер де Құдай адамдарға нұрын шашса, олар бірден осы дүниелік құмарлықтардан бас тартады және күнәсіз, әділетті және Құдайға ұнамды өмір сүруге ұмтылады. Қымбатты оқырман, Құдайдың рақымы саған да дәл осылай істей алады.

Кейбіреулердің: «Мен өз бойымда мұндай өзгерістер жасай алмаймын», – деуі мүмкін. Әрине сіз істей алмайсыз! Бұл жерде адамның емес, Құдайдың істей алатыны туралы айтылып тұр. Құдай уәде берді, демек сол уәдесін орындау Оның мойнында. Оның Өз Сөзін орындайтынына үміт артыңыз, сонда бәрі жүзеге асады.

Ол қалай орындалады, бізге оны білуді жазбаған. Құдай бізге Өз әрекеттері жайлы баяндамайды. Бұл – ұлы құпия. Бұл

жұмысты Киелі Рух атқарады. Уәде беруші уәденің орындалу жауапкершілігін мойнына алады және ол мұны орындауға қабілетті. Осындай керемет өзгеріс туралы уәде берген Құдай Иса Мәсіхті қабылдағандардың бәрінің бойларында оны жүзеге асыратыны күмәнсіз, себебі Ол Құдайдың балалары болу билігін енді оларға дарытады. Шіркін, сіз осыған сенім артсаңыз ғой! Мейірімі шексіз Құдайға әділдік танытып, Оның осы өзгерісті сіздің де бойыңызда жасағысы келетінін және жасай алатынын мойындасаңыз ғой! Шіркін, Құдайдың шындықтан басқаны айтпайтынына, Оның сізге жаңа жүрек пен әділетті рух беретініне сенсеңіз ғой! Лайым, Құдай сізге Өзінің уәделеріне, Ұлына, Киелі Рухқа және Оның Өзіне деген сенім берсін. Ал Оған мәңгілікке құрмет, даңқ және алғыс арналсын! Аумин.

## V тарау

### РАҚЫММЕН СЕΝІМ АРҚЫЛЫ

«Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар» (Еф 2:8).

Оқырман біздің құтқарылуымыздың бастауын, яғни, Құдайдың рақымын көре алуы үшін тақырыптан сәл ауытқыған пайдалы болады деп ойлаймын. «Құдайдың рақымымен құтқарылдыңдар». Күнәкарлар кешірім алады – олар тек Құдайдың мейірімі мен рақымының арқасында ғана бет бұрады, тазарады және құтқарылады. Адамдардың бойында бір қасиеттің болғанынан емес, тек Құдайдың шексіз сүйіспеншілігі, қайырымдылығы, мейірімділігі мен рақымының арқасында. Бәрінің басталатын жеріне бір сәтке тоқтаңыздар. Құдайдың және Тоқтының тағынан бастау алып жатқан өмір беруші судың тұнық ағысына көз салыңыздар!

Шіркін, Құдайдың рақымы қандай түпсіз терең еді! Оны кім өлшей алады? Құдайдың басқа қасиеттері секілді, ол да шексіз. Құдай сүйіспеншілікке кенелген, себебі «Құдай – сүйіспеншілік». Құдай рақымдылыққа кенелген. Шексіз сүйіспеншілік пен ізгілік

Құдайға тән болмыс. Пендесінен Ол бас тартпайды өйткені, «Рақымы Оның мәңгіге ұласады»; Оның мейірімділігі шексіз болғандықтан, күнәкарлар Оған келеді және кешірім алады.

Осыны есте ұстаңыздар, әйтпесе ой-саналарыңызды тек, құтқару арнасы – сенімге аударып, ал сенімнің бастауы – ең маңызды рақымдылықты ұмытып қателесуіңіз мүмкін. Сенім – сіздің бойыңыздағы Құдайдың рақымының әрекеті. Киелі Рухтың жәрдемінсіз ешкім Исаны Мәсіх деп атай алмайды. Иса Мәсіх былай дейді: «Мені жіберген Әкем Өзіме жақындатып тартса ғана, адамдар Маған келе алады; ал Мен оларды ақырғы күні қайта тірілтіп аламын». Осылайша, Мәсіхке жақындап сенімге ие болу дегеніміз Құдайдың жетелеуі. Рақымдылық – құтқарылудың ең алғашқы және ең соңғы түрткі болатын себебі. Ал сенім болса, өзінің қаншалықты маңызды екендігіне қарамастан, рақымдылық қолданатын құралдың ерекше бір тетігі ғана. Біз «сеніміміз арқылы» құтқарыламыз, бірақ біздің құтқарылуымыз «рақымдылықпен» іске асады. «Құдайдың рақымымен құтқарылдыңдар» деген сөздер періштенің сырнайынан шыққан үн секілді болып естілсін. Лайықсыздар үшін бұл қандай қуанышты хабар!

Сенім бір арнаның рөлін атқарады. Ал рақымдылық – қайнар және ағыс. Сенім – шөліркегендердің шөлін басу үшін мейірімділіктің ағысы өтетін арнасы немесе сымтемірі. Римнің айналасындағы бір кездегі тамаша сәулет өнерінің туындысы су ағып өтетін шатқалдың әдемі көпіршелері қазір сұрықсыз қирандыға айналған. Су құбыры жұмыс істеу үшін оның бүлінбеуі қажет. Сол секілді біздің сеніміміз де шынайы, ақаусыз және көкке – Құдайға бағытталған болуы қажет.

Сенім – бұлақтың қайнары емес, тек қана арна немесе сымтемір екенін тағы да естеріңізге салғым келеді. Оны Құдайдың рақымымен болатын игіліктерден жоғары қойып, тек сенімге арқа сүйеуге болмайды. Өз сенімдеріңізді ешқашан Мәсіхтен биік қоймаңыздар; сенімдеріңіз сіздердің құтқарылғаныңыздың тәуелсіз бастауы деп ойламаңыздар. Біз сенімімізге емес, Мәсіхке қарауға тиіспіз. Сенімнің арқасында бізге бәріне ие болу мүмкіндігі бар. Бірақ та күш сенімде емес, сенім артатын Құдайда. Рақымдылықты локомотивке, ал сенімді – жанымыздың вагоны ұлы қозғалтқыш күшке



жалғанған бекіткішпен салыстыруға болады. Сенімнің әділдігі оның ар-ұждандық артықшылығында емес, сеніммен даритын Иса Мәсіхтің әділдігінде. Жан тыныштығына өз сенімімізді талқылау арқылы қолымыз жетпейді, ол біздің тыныштығымыз болып табылатын, жанымызға күш құя алатын Құдайдан келеді.

Қымбатты дос, сеніміңіздің әлсіздігі сізді өлтіре алмайды! Қалтыраған қолдарда алтын сыйды қабылдай алады. Сеніміміз, тіпті тарыдай болса да біз құтқарылу ала аламыз. Күш – біздің сенімімізде емес, Құдайдың рақымында. Киелі Рухтағы тыныштық туралы куәлік сіздің жүрегіңізге өз салмағын да көтере алмайтын өрмекшінің торы секілді әлсіз сенім арқылы да жете алады. Өзіңізге емес, Құдайға көбірек назар аударыңыз. Сіз өзіңіздің көзқарастарыңыздан бас тартып, тек қана Исаны және Онда ашылған Құдайдың рақымын көруге тиіссіз.

Сенім дегеніміз не?

Елші Пауыл Ефестіктерге арнаған хатында: «Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар», – деген.

Сенім – өте қарапайым нәрсе және оны түсіндірудің қиындығы, мүмкін, осы қарапайымдылығында болар.

Сенім дегеніміз не? Ол мына үш құрамдас бөліктен тұрады – білім, шындықтың растығына илану және білетін адамға сүйену. Бірінші білім келеді: «Естімеген Адамымызға қалай сенуге болады?» Мен орындалған оқиғаны айтсаң сенемін. «Сенім есту арқылы келеді». Біреуге сену үшін біз алдымен ол туралы естуіміз қажет. «Сені жақсы танитындар саған сенім артады». Сенім үшін білімнің белгілі бір мөлшері қажетті, сондықтан, білімге қол жеткізу өте маңызды. «Маған жақындап, айтқандарыма құлақ түріңдер! Сонда шынайы өмірге ие боласыңдар. Сендермен мәңгілік Келісім жасамақпын». Ишая пайғамбардың осы сөздері әлі күнге дейін Ізгі хабар болып есептеледі. Жазбаны зерттеңіздер және Киелі Рухтың Мәсіх және Оның құтқаруы туралы не үйрететінін оқыңыздар. Құдайды тануға ұмтылыңыздар! «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс». Киелі Рух сіздерге білім мен Құдайды қастерлеу рухын сыйласын!

Ізгі хабардың неден тұратынын; оның тегін беретін кешірімі, жүректің өзгеруі, Құдай балаларының қатарына қабылдану және басқа да көптеген игіліктер туралы не айтатынын білу үшін Інжілді зерттеңіздер. Бізбен адамдық болмыспен қарым-қатынасқа түскен, бірақ бәрібір Құдаймен біртұтас, сондықтан, Құдай мен адамзаттың, күнәкар мен осы дүниенің Соттаушысының арасына дәнекер бола алатын Құтқарушы, Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх туралы көбірек білу үшін Інжілді зерттеңіздер. Мәсіх туралы, әсіресе Мәсіхтің құрбандығы жайлы көбірек білімге қол жеткізуге тырысыңыздар. Құтқаратын сенім бағытталған пункт мынандай сөздермен бейнеленеді: «Құдай адамзатты Мәсіхтің арқасында Өзімен татуластырды, енді олардың күнәларын мойындарына артпай, татуласу туралы Ізгі хабарды жариялауды бізге тапсырды». Мынаны біліңіздер: «Алайда айқыш ағашқа шегеленіп ілінген кезде Мәсіх бізге тиісті қарғысты Өз мойнына алып, бізді Таурат заңы мәлімдеген қарғыстан құтқарды! Себебі Тауратта «ағашқа ілінген әркім Құдайдың қарғысына ұшырап тұрады» деп жазылған». Иса Мәсіхтің адамдардың орнына құрбандыққа барғаны туралы ілімді терең зерттеңіздер. Бұл кінәлі адамдар алуы мүмкін ең жағымды жұбаныш, себебі «Тәңір Ие біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Құдайдың алдында ақталдық». Сенім білімнен басталады.

Сонда өзіне айтылғанның шындығына көз жеткізген жан Құдайдың бар екеніне, Оның шын жүректен шыққан жан айқайды еститініне, Ізгі Хабардың Құдайдан екеніне, сенім арқылы ақталуды Өзінің Киелі Рухы арқылы соңғы күндері айқынырақ көрсеткен ұлы шындықтың дәл өзі екеніне сенеді. Жүрек Иса Мәсіх шынымен де біздің Құдайымыз және Құтқарушымыз, адамдардың Ақтаушысы, Пайғамбар, Бас діни қызметкер және Өз халқының Патшасы екеніне сенеді. Бұл мызғымас шындық ретінде еш күмәнсіз қабылданады. Мен сіздердің осы шындықты еш шүбәланбай қабылдауыңызды Құдайдан жалбарынып сұраймын. Мынаған нық сеніңіздер: «Оның Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады», Оның құрбандығын Құдай толықтай қабылдады, сондықтан Исаға сенуші сотталмайды. Басқа тұжырымдарға

қалай сенсеңіздер, бұл шындыққа да дәл солай сеніңіздер. Жай сену мен құтқаратын сенімнің арасындағы айырмашылық негізінен сенім бағытталатын нысандарға байланысты. Құдайдың куәлігіне дәл бір туған әкеңіздің және досыңыздың куәлігіне сенгендей сеніңіз: «Адамдардың куәлігін қабылдап жүрміз. Ал Құдайдың куәлігі адамдікінен гөрі салмақтырақ. Сондықтан, Құдайдың Өзінің Ұлы жайында берген куәлігіне сенуге тиіспіз» (1Жох 5:9). Енді сіздің сеніміңіздің кемелденуіне тек өзіңіз білетін тұлғаға сүйеніп, онымен бірігу жетіспейді. Өзіңізді мейірімді Құдайға сүйеніп тапсырыңыз. Үмітіңізді ізгілікті Инжілмен құрыңыз. Жаныңызды өліп қайта тірілген Құтқарушыға сеніп тапсырыңыз. Күнәларыңызды Оның татуластырушы қанымен шайыңыз, Оның кемеліне жеткен әділдігін қабылдаңыз – сонда сеніміңіз мүлтіксіз болады. Сүйеніп сенім арту – сенімнің өмірлік негізі, сенім артусыз құтқарылу жоқ. Пуритандар «сенім» деген сөзді «сүйену» деп түсіндірген. Бар салмағыңмен Мәсіхке сүйену немесе бар денеңмен құтқарудың жартасына құлау. Бар салмағыңызбен Исаға сүйеніңіз, Одан тыныштық табыңыз, өзіңізді Оған арнаңыз – сонда сіздің сеніміңіз құтқаратын болады. Сенім пәтуасыз емес, ол білімнен басталады. Сенім дәйексіз емес, ол өзі толықтай иланатын деректерге сүйенеді. Сенім жинақы және қиялға бой ұрмайды, өйткені, ол өз тағдырын тапсыра отырып, оны аянның шынайылығы негізінде тәуекелге тігеді. Сенімнің мәнінің бірінші түсіндірмесі осы.

Ары қарай жалғастыруыма рұқсат етіңіздер. Сенім мыналардан тұрады: адамдар Иса туралы Жазбада айтылғанның рас екеніне, Оның уәде еткендерін орындайтынына сенеді және Одан уәделердің орындалуын күтеді. Жазба Иса Мәсіхтің адам бейнесінде дүниеге келген пәк таза Құдай Ұлы екені, біздің күнәларымыз үшін қиылған құрбандық екені, күнәларымызды айқышта көтерген Құтқарушы екені жайында айтады. Сондай-ақ, Жазба заңның бұзылуына оның жол бермегенін, күнәні бұғаулап, мәңгілік әділдікті әкелгенін айтады. Содан соң «Оның өлімнен қайта тірілгенін» және «Өзі арқылы Құдайға сиынғандардың бәрін толықтай құтқара алатынын және Оның мәңгі өмір сүріп, олар үшін өтініш жасайтынын», Өзінің халқына орын дайындау үшін Әкесінің жанына кеткені және бүкіл дүниені

өзінің әділ сотымен соттау үшін жақында қайта оралатыны туралы айтады. Біз бұған кәміл сенуге тиіспіз, себебі Құдай былай деп куәлік етеді: «Бұл — Менің таңдап алған Ұлым. Оны тыңдаңдар!» Біз бұл куәлікке сенуіміз керек.

Сенім Иса Мәсіх берген уәделерін орындайтынына күмәнданбайды. Ол егер біз Мәсіхке келсек, Оның бізді қумайтынына сенімді, себебі Иса Мәсіх былай деген: «Мен Өзіме келгендерді ешқашан қуып жібермеймін». Сенім «Ал кімде-кім Мен беретін «судан» ішсе, ол мәңгі-бақи шөлдемейтін болады. Мен беретін «су» оның ішінде мәңгілік өмір сыйлайтын, бұрқылдап жатқан «қайнарға» айналады» деген сөздердің шынайылығына сенеді, өйткені, бұл сөздерді Иса Мәсіх айтты ғой. Ол егер біз осы өмір суын Исадан алатын болсақ, онда осы судың бізде қалатынына және бізден киелі өмір бұлағы сарқырап шығатынына сенімді. Иса Өзі уәде еткендерді орындауды қалайды, ал біз бұған сенуге тиіспіз. Осылайша, біз Одан Өзіне сенгендерге уәде еткен кешірім, ақталу, қорғау және мәңгілік даңқты күтеміз.

Содан соң қажетті қадам жасау уақыты келеді. Иса Мәсіх Өзі туралы Жазбада не айтылса тура сондай. Ол өз уәдесінде тұрады. Сондықтан, әркім Оған сүйеніп сенім артуы тиіс: «Өз сөзі бойынша Ол шын мәнінде кім болса, мен үшін де Ол сол болып табылады. Ол мен үшін уәде еткендерін орындайды. Мені құтқаруы үшін құтқаруға Тағайындалғанның қолына өзімді тапсырамын. Мен өзімнің құтқарылуымды Оның уәделерімен бекітемін – Ол уәделерінің бәрін дәл Өзі айтқандай етіп орындайды. Осындай құтқаратын сенімге ие адам мәңгілік өмірге қол жеткізеді. Кім Мәсіхке осылай сенсе, онда олар қандай қиындықтар мен қауіп-қатерді, түнектің азабын, азғыруды, қажып-әлсіреуді, күнәмен құлауды басынан кешірсе де ол айыпталмайды және ешқашан сотталмайды.

Оқырман, осы түсіндірме сізге пайда әкелсе ғой, шіркін! Сізді жан тыныштығына жеткізу үшін Киелі Рух осыларды қолданады деп үміттенем. «Қорықпа, тек сенімің болсын!» Үміт артыңыз және сабыр сақтаңыз.

Оқырман тек не істеу керектігін түсінумен шектеліп, ал оны ешқашан іске асырмай ма деп қауіптенем. Сенімнің тек қиялмен шектелген жоғарғы идеалынан гөрі, титімдей болса да дәні болғаны артық. Істің мәнісі тікелей Иса Мәсіхке деген

сенімде. Иса Мәсіх туралы естіген бойда Оған сенім артудың маңызы зор. Түсініктердің ара жігін ажыратумен және оларды анықтаумен әуре болмаңыз. Аш адам астың химиялық құрамын, аузының анатомиялық құрылысын немесе ас қорыту жүйесін білмесе де тамақ жейді. Ол тамақты тіршілік үшін жейді. Мүмкін кейбіреулер тағамтану ғылымын жетік білер, бірақ та ол азықтанбаса, барша біліміне қарамастан аштан өледі. Тозақта сенім туралы ілімді түсінген, бірақ оған сенбегендердің көп болатыны күмәнсіз. Ал Иса Мәсіхке сенім артқандар, сана-сезімінің деңгейіне байланысты өз сенімдерін түсіндіріп бере алатын халда болмаса да, Мәсіх оларды ешқашан қуып жібермейді. Қымбатты оқырман, Иса Мәсіхті жүрегіңізге қабылдаңыз, сонда сіз мәңгі өмір сүретін боласыз: «Кім Маған сенім артса, сол мәңгілік өмірге ие».

### **Сенімнің мәнісін қалай түсіндіруге болады?**

Сенімнің мәнісін бұдан да анығырақ түсіндіру үшін бірнеше мысал келтірейін. Оқырманға мұны тек Киелі Рух қана көрсете алатынына қарамастан, мен де шамам келгенше бағыттап және Құдайдан соқырлардың көздерін ашуын сұрағым келеді. Шіркін, мен үшін оқырман да дәл осылай сиынса ғой!

Біздің тәнімізде құтқаратын сенімнің өз аналогтары бар. Оны көретін көзге ұқсатуға болады. Бізден алыстағы нысандар көз арқылы жанымызға енеді. Күн мен жұлдыздарды біз бір көзқараспен жанымызға «құя» аламыз. Дәл осы секілді, сенім арту арқылы біз Иса Мәсіхті өзімізге жақындатамыз. Алыста, көкте екеніне қарамастан, Ол біздің жүрегімізге енеді. Назарыңызды Исаға аударыңыз, өйткені, шынымен де айқышта азап шегіп асылып Тұрғанға назар аударған бір көзқарас сізге шынайы өмір береді...

Сенім ұстайтын қолға ұқсайды. Мәсіхті және Оның ақтап алушы рақымын қабылдаған сенім қалай істесе, өзіне қажеттіні алған қол да дәл солай істейді. Сенім: «Менің Исам», – дейді. Сенім кешірім үшін төгілген қан туралы естиді және: «Кешірім алу үшін мен оны қабылдаймын», – деп қуана дауыстайды. Сенім өліп бара жатқан Исаның өсиеттерін өзіне қабылдайды; олар оған тиесілі, себебі сенуші – Мәсіхтің мұрагері. Иса

Мәсіх сенушіге Өзін сыйға тартты. Достым, рақымдылықтың сіз үшін дайындап қойғандарын қабыл алыңыз! Бұл сіздің тарапыңыздан тонаушылық болмайды – сізде Құдайдың: «Жаны сусаған әркім сыйлық ретінде шынайы өмірдің суын қабылдасын!» – деген рұқсаты бар. Қазынаны қолын созса алатын мүмкіндігі бола тұрып, кедей күйінде қалған адам нағыз ақымақ.

Сенім тамақты ішетін ауызға ұқсайды. Ас ішіп тойып алу үшін біз оны жеуіміз қажет. Оның біздің ішімізге еніп, асқазанымызда қорытылатынын және ағзамызға тарайтынын білгендіктен, біз тәбетпен сүйсіне тамақ жейміз. Римдіктерге арнаған хатында елші Пауыл былай дейді: «Бұл сөз саған өте жақын, ол ауызыңда және жүрегіңде». Осылайша, сіздің бар жұмысыңыз – сөзді ішіңізге қабылдау және оның жанға таралуына мүмкіндік беру. Адамдар аштықты сезінсе ғой! Себебі алдына ас қойсаң, аш адамға оны қалай жеуді үйретудің қажеті жоқ. Мәсіхті аңсаған жүрекке Мәсіхтің еркін сый екенін түсіну жеткілікті, сонда ол Оны бірден қабылдайды. Егер сіз, осындай жағдайда болсаңыз, онда Исаны қабылдауды кешіктірмеңіз. Бұл қадамыңыз үшін сізді ешкім сөкпейді, себебі «Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті». Өзіне келгендердің бәріне Ол мәңгіге Құдайдың баласы болу құқын береді.

Сенімнің мәнісін күнделікті тұрмыстағы мысалдармен де түсіндіруге болады. Шаруа сұрыпталған тұқымды бірнеше есе көп жеміс әкеледі деген үмітпен себеді және оның сенімі ақталады.

Саудагер банкирге ақшасын оның адалдығы мен мұқияттылығына сенім артып тапсырады. Ол үйдегі ақшасын сейфте сақтағаннан гөрі, қаражатын бөтен біреуге сеніп тапсырады да әлдеқайда жайбарақат сезінеді.

Алтын бұйымдар жасаушы құнды металды отпен балқытады. Металл оған жанып кететін секілді болып көрінеді, бірақ нәтижесінде, шебер оттың әсерімен тазарған алтынды алады.

Өмірдің қай саласын алсақ та, біз бәрінен адамның адамға немесе табиғат заңдарына деген сенімін көреміз. Өзімізге Иса Мәсіхпен ашылатын Құдайға біз де дәл осылай сенім артуға тиіспіз.

Танымының шамасына немесе рақымдылықпен өскеніне қарай әркімнің сенім деңгейі әр түрлі болады. Сенім көбіне

Мәсікке жай ғана бауыр басу; тәуелділік және осы тәуелділікте болғысы келетін дайындық сезімі. Егер сіз теңіздің жағасына барып көрсеңіз, онда жартастарға жабысып қалған ұлуларды байқадыңыз. Жартастың жанына ақырын жақындап келіп, ұлуды таяқпен түртсеңіз – ол бірден құлап түседі. Ал енді екінші ұлуды дәл осылай түртіп қараңыз. Сіздің алғашқы түрткеніңіздің дыбысын сезген келесі ұлу бар күшімен жартасқа жабысып алады. Сіз бекер әуре боласыз, сіз келесі ұлуды жартастан ешқашан түсіре алмайсыз. Оны түсіргеннен гөрі жартасты сындыру оңайға түседі. Кішкентай ғана ұлу көп нәрсе білмейді, бірақ та жартасқа жабысып алады. Ол жартастың геологиялық құрылымы жайлы ештеңе білмейді, бірақ бәрібір оған жабысып тұр. Оның бар білетіні өзінің қауіпсіздігі мен амандығы. Ұлудың өмірінің мәнісі – жартасқа жабысып тұру; күнәкардың өмірінің мәнісі де Мәсікке жабысып тұру. Құдай халқының мыңдағаны осы сенімге ие; олар бар жүректерімен, бар жан-тәндерімен жабысып тұру үшін тек қажеттіні ғана біледі. Осы шақтағы жан тыныштығы үшін, мәңгілік қауіпсіздікте болу үшін осы да жеткілікті. Олар үшін Иса Мәсіх күшті және құдіретті Құтқарушы, мызғымайтын жартас. Олар өз өмірлерін қорғау үшін Оған жабысып алған және осы бірігу оларды құтқарады. Оқырман, Мәсікке сіз де осылай бекітіле аласыз. Өтінем, сіз оны кейінге қалдырмаңыз.

Бір адам екінші адамның өзінен әлдебір жағынан артық екенін көріп, оған үміт артуынан да сенім көрінеді. Бұл сенімнің өз тәуелділігінің негізін білетін және соған сай әрекет ететін жоғарырақ түрі. Мен ұлуды жартас туралы көп біледі деп ойламаймын. Алайда сенім өскен сайын әркім саналы бола түседі. Зағип адам өзінің жетекшісіне сенеді, өйткені, досының көзі көретінін біледі. Осындай сенімі болғандықтан ол досы қайда жетелесе де жүре береді. Ал егер осы адам туа біткен зағип болса, онда ол «көру» дегеннің не екенін білмейді, бірақ та осындай қабілеттің бар екенін және досының осыған ие екенін біледі, сондықтан көзі көретінге қолын қуана созады және соңынан ереді. «Ал біз көргенімізбен емес, сенімімізбен өмір сүреміз». Көрмесе де сенім артқандар бақытты. Сенімнен одан артықты қалаудың қажеті жоқ тамаша бейнесі осы. Біз Иса Мәсіхтің сіңірген еңбегі, құдіреті бар екенін және жарылқаумен

батаға Ие екенін білеміз. Өзімізде сол қасиеттер жоқ болғандықтан, біз Оған ұқсауға тырысып, сенім артамыз. Зағип өзінің жетекшісіне қалай сенсе, біз де Оған дәл солай сенім артамыз. Ол біздің үмітімізді ешқашан үзбейді, өйткені «Құдай Мәсіхті даналығымыздың бастауы етіп, бізді Ол арқылы ақтап, Өзінің қасиетті халқы қылып, күнәнің құлдығынан құтқарды».

Мектепке баратын әрбір оқушы сабақ барысында сенім артуға үйреніп жаттығады. География пәнінің мұғалімі оған жердің формасы, өзендер, теңіздер, мұхиттар мен мемлекеттер және т.б. туралы айтады. Мұғалімге және оқулықтарға сенгендіктен бала бұлардың шынымен де солай екенін біледі. Егер құтқарылуды қалайтын болсаңыз, онда сіз де дәл осылай істеңіз. Біліміңізді Иса Мәсіхтің сөздерінің негізінде құрып, иланыңыз, өйткені, Ол айтқандарының шындық екеніне көзіңізді жеткізеді, Оған сенім артыңыз, өйткені сенімнің нәтижесі құтқарылу болатынын Ол уәде етеді. Біздің білетініміздің барлығы дерлік сенімнен шығады. Мысалы біз қандай да бір ғылыми жаңалықтың шындық екеніне сенеміз. Бұл жаңалыққа біз неге сүйеніп сенеміз? Белгілі ғалымдардың беделіне негіздеп сүйенеміз. Біз олардың жасаған тәжірибелерін ешқашан көрген жоқпыз және өзіміз жасаған жоқпыз, бірақ біз олардың куәліктеріне сенеміз. Мәсіхке де дәл солай сенуге тиіссіз. Ол сізге шындықтарды үйретеді, сондықтан да сіз Оның шәкірті болып, сөздеріне сенуге тиіссіз. Ол кереметтер жасады, сондықтан сіз Оған сенім артуға тиіссіз. Оның сізден артықшылығында шек жоқ. Ол сізге Ұстазыңыз және Тәңіріңіз ретінде сенім артуды ұсынады. Егер сіз Оның Өзін және сөзін қабылдасаңыз құтқарыласыз.

Сенімнің бұдан да биіктеу тағы бір түрі – бұл сүйіспеншіліктен шығатын сенім. Бала неге әкесіне сенім артады? Әкесін сүйгендіктен. Бұл сенімнің себебі – сүйіспеншілік. Мәсіхке терең ықыласпен сенетіндер бақытты, себебі мұндай сенім жан тыныштығына толы болады. Исаны осындай сүйіспеншілікпен сүйетіндер Оған сенім артпай тұра алмайды, өйткені олар Оны мақтан етеді, Оны қуана құрмет тұтады және Онымен шаттыққа бөленеді.

Құтқарушыға деген сүйіспеншілікке толы сенімді мына мысалмен түсіндіруге болады. Біздің заманымызда белгілі



бір дәрігердің әйелі ауыр науқасқа шалдығады, бірақ әйел бұған еш уайымдамайды. Оның күйеуі бұған дейін осындай дертпен ауырған мыңдаған адамдарды емдеп жазды. Ол өзі үшін қымбат, білікті және өзін жанындай жақсы көретін күйеуіне сенеді. Оның бұл сенімі ақылға қонымды және табиғи. Оның күйеуі мұндай сенімге лайықты. Ең қуанышты сенушілердің бойындағы Мәсікке деген сенім де дәл осындай. Исаға тең келетін дәрігер жоқ, ешкім Ол секілді құтқара алмайды. Біз Оны сүйеміз, Ол да бізді сүйеді, сондықтан, біз өзімізді Оның қолына береміз, бізге өсиет еткендерін қабылдаймыз және бұйрықтарын орындаймыз. Барлық ісімізді Ол басқаратын болса, онда өзіміздің тірі болатынымызды ұғамыз. Ол бізді өте жақсы көреді, сондықтан, біздің өлуімізге, бекерге азап шегуімізге жол бермейді.

Сенім – мойынсұнудың түп-тамыры, бұл күнделікті өмірден анық көрінеді. Лоцманға сенетін капитан кемесін айлаққа кіргізу үшін оны лоцманның нұсқауы бойынша бағыттайды. Жол көрсетушіге сенетін саяхатшы қауіпті шатқалдан өткенде оның артынан ереді. Егер науқас дәрігерге сенетін болса, онда ол оның нұсқауларының бәрін мұқият орындайды. Құтқарушыға бағынуға қарсыласатын сенім – бұл бос, жалған сенім, ол жанды ешқашан құтқара алмайды. Исаға сенім артамыз, Ол бізді құтқара алады. Ол құтқаруға апаратын жолға қатысты нұсқаулар береді, біз оларды орындаймыз және сонда құтқарыламыз. Оқырман, осыны ұмытпаңыз. Исаға сенім артыңыз және өз сеніміңізді Оның бұйрықтарын орындау арқылы дәлелдеңіз.

Айрықша назар аударуға лайықты сенім таным тәжірибесінен шығады, ал таным болса рақымдылықта өсуден пайда болады. Бұл Исаға артқан сенім, өйткені ол Оны біледі, Оның өзгермейтін шындығын басынан өткерді. Бір кәрі мәсіхші әйел қандай да бір уәде орындалғаннан кейін Киелі кітабының бетіне «У» және «О» деген әріптерді жазып қоятын. Сынақтан өткен Құтқарушыға сенім арту қандай оңай десеңізші! Қазір сіз осылай сенім артуға қабілетсізсіз, бірақ та уақыт өте келе осылай сенім артатын боласыз. Бәрінің өз бастауы болады. Уақыты келгенде сіздің сеніміңіз нығаяды. Мұндай жетілген сенім білімді де, кереметтерді де талап етпейді, ол тек батыл

түрде сенім артады. Жақсы теңізшінің сеніміне қараңызшы, мен оған жиі таңданамын. Ол зәкірін көтеріп, теңізге немесе мұхитқа шығады. Күндер, апталар, тіпті айлар бойы ол жағаны да, желкендерді де көрмейді, бірақ та оның жүзуі жалғаса береді, ақыры бір күні ол өзі дйттеген жағалауға келіп жетеді. Шет-шегі көрінбейтін теңізде ол жолды қалай табады? Ол өзінің компасына, кеме құралдарына және көктегі ай-жұлдыздарға сенім артты. Шексіз мұхитта жүзу – таңқаларлық нәрсе. Өзің көріп жүрген және бауыр басқан жағалауларды мүлде тастап, қолдау беретін жағдайлармен, нышандармен, ырымдармен және т. б. қош айтысу рухани жағынан игілікті іс болып табылады. Құдай сүйіспеншілігінің ашық теңізінде болу, Құдайға сену және өз жолыңды Құдай Сөзінің жетегімен көкке қарай бағыттау қандай керемет. «Көрмесе де сенім артқандар бақытты», өйткені мәңгілік Патшалығына есік ашылады да олар сәтті жолға шығады. Оқырман, сіздің Иса Мәсіх пен Құдайға сенім артқыңыз келмей ме? Мен сізді үлкен үмітпен қуана күтемін. Бауырым, менімен бірге жүріңіз және Құтқарушы Өкемізге сенім артыңыз.

## VI тарау

### ҚҰТҚАРЫЛУДЫ БІЗ НЕГЕ СЕНІМ АРҚЫЛЫ АЛАМЫЗ?

Неліктен сенім құтқарылудың жолы болып табылады? Адамдардың бұл сұрақты өздеріне жиі қойғандары күмәнсіз. «Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар» – бұл Киелі Жазбаның талассыз ілімі және Құдайдың анықтамасы. Неліктен үміт, сүйіспеншілік немесе төзімділік емес, сенім таңдап алынды? Құдайдың жолдарын біз барлық уақытта бірдей түсіне бермейміз және оларға күмәндану құқы бізге берілмеген. Сондықтан біз кішіпейілділікпен: «білуімізше, сенімнің мәнісінде оны құтқары-

лудың жолы ретінде таңдап алынған қабілетті ететін бір қасиет бар», – деп жауап берер едік. Мысалы, қайыршыға садақаны оның қолына беремін. Неге тек қолына? Себебі садақаны оның құлағына салу немесе аяғының үстіне қою ыңғайсыз болар еді, қабылдау үшін қол жаратылған. Сол секілді сенім де рухани деңгейде қабылдаушы ретінде жаралған. Ол – қол және рақымдылықты сенім арқылы қабылдау оның мәніне сәйкес келеді.

Осы айтылғандардың бәрін мүмкіндігінше анығырақ жеткізуге рұқсат етіңіздер. Мәсіхті қабылдаған сенім өзіне ұсынылған алманы қабылдаған бала секілді қарапайым әрекет жасайды. Әлдекім балаға алманы көрсетіп, егер ол жақындап келсе, оны беруге уәде етеді. Баланың сенімі мен алманы қабылдауы бұл жерде дәлме-дәл, сенім мәңгілік құтқарылумен жасағандай әрекетті жасайды. Мәсіхте құтқарылуға деген сенім – алмаға қарай созылған баланың қолымен бірдей. Баланың қолы алманы жасамайды, оның дәмін жақсарта алмайды, оған еңбегін сіңірген жоқ, тек оны алады. Құдай сенімді, құтқарылуды қабылдау үшін таңдап алды, алайда сенімнің осы құтқаруды өзім жараттым деген ойы жоқ, ол тек оны қарапайымдылықпен қабылдағанды қанағат етеді. Сенім – кешірім сұрайтын тіл, оны қабылдайтын қол, оны көретін көз, бірақ осы кешірімнің өтеуінің құны емес. Сенім өзіне сілтеме жасамайды, ол Мәсіхтің ақтап алушы қанына негізделеді. Сенім – жанға Иса Мәсіхтің байлығын әкелетін жақсы қызметші, себебі қайдан алатынын ұғады және өзіне осы байлықтарды тек рақымдылықтың дарытқанын мойындайды.

Бұдан кейін, сенім, әрине, бар даңқты Құдайға беретіні үшін таңдалғаны күмәнсіз. Рақымдылық пен құтқарылу сенім арқылы жүзеге асады. Асыра дәріптеу орын алмас үшін құтқарылу рақымдылықпен беріледі, өйткені, Құдай тәкаппарлыққа төзбейді, Ол «тәкаппар адамды алыстан таниды» және құтқарылудың тәкаппарлықты оятуы мүмкін жолмен берілгенін қаламайды.

Елші Пауыл былай дейді: «Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл – өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый». Сонымен сенім барша мақтану атаулыны ұнатпайды. Садақаны алып тұрған қол: «Сыйды қабылдағаным үшін алғыс алуға лай-

ықпын», – демейді. Бұл ақымақтық болар еді. Нанды ауызға әкелетін қол денеге: «Маған рахмет айт: мен сені қоректендіріп жатырмын», – демейді. Қолдың әрекеті қажетті болса да, ол өзінің істегендерін міндет етпейді. Сонымен Құдай Өзінің рақымының сыйын қабылдату үшін сенімді таңдап алды, өйткені сенім атақты өзіне алмайды, ол барша жақсы сыйларды Беруші Құдайға табынады. Сондықтан Иеміз Иса: «Сен сенімің арқылы құтқарылдың. Аман-есен қайта бер», – деген сөздермен сенімге тәж кигізеді.

Содан кейін Құдай адамның Өзімен бірігуінің дұрыс тәсілі болғандықтан, құтқарылудың өткізушісі ретінде сенімді таңдап алды. Егер адам Құдайға сенім артса, онда Құдаймен екі арада жалғасу нүктесі бар және осы бірігу жарылқандың кепілі болып табылады. Сенім бізді құтқарады, өйткені, ол бізді Құдаймен жалғап, осылайша бізді Онымен біріктіреді. Мен мына мысалды жиі келтіремін, себебі одан артығы есімде жоқ. Бірнеше жыл бұрын Ниагара сарқырамасының жоғарғы жағында бір қайықтың аударылып қалғаны жайында естідім. Ағын қайықтан құлаған адамды сарқырамаға қарай ағыза жөнеледі. Бірақ жағада тұрғандар оларға арқан лақтырып үлгереді де, олардың екеуі де арқаннан ұстап қалады. Біреу арқанға мықтап жармасады да, аман-есен жағаға шығады. Ал екіншісі қателік жасайды; ол жанынан ағып бара жатқан бөренені көріп, арқанды жібере салады да, бөренеге жабысады. Бөрене әлгі адаммен бірге үлкен биіктіктен төменге, терең суға құлап кетеді. Әлгі адамның жіңішке арқанға қарағанда жуан бөренеге артқан үміті ақталмады, себебі онда жағамен жалғастырушы байланыс болған жоқ. Сол секілді өз істеріне немесе қасиетті саналатын сыйларға немесе соған ұқсас басқа заттарға үміт артқан адам ақталмайды, өйткені онымен Мәсіхтің арасында байланыс жоқ. Сенім Жаратушының (жағада тұрған) қолындағы жіңішке арқанға ұқсайды. Құдіреті шексіз Құдайдың күші жалғастырып тұрған арқанды тартады да, адамды өлтірмей шығарып алады. Бізді Құдаймен жалғастырып тұрған сенім бата мен жарылқауға лайық!

Сенім, сонымен қатар, біздің барлық әрекеттеріміздің қозғаушы күші болғандықтан таңдалып алынды. Егер мен біз сенбейтін болсақ, ешқашан ештеңе істемейміз десем қате айтқан

болам ба?! Мен жүре алатыныма сенгендіктен аяғымды басамын. Адам қоректенудің қажет екеніне сенгендіктен тамақтанады. Жұмысқа ол ақшаның маңыздылығына сенгендіктен барады. Ол вексельді қабылдайды: өйткені, банк вексельді есепке алатынына, сол арқылы ақша төлейтініне сенеді. Колумб Американы мұхиттың арғы жағында жер бар екеніне сенгендіктен ашты. Ағылшындар Құдайдың ол жақта да өздерімен бірге болатынына сенгендіктен, Америкада өздерінің отарларын құрды. Ұлы істердің басым бөлігін сенім тудырды. Жақсылықта да, жамандықта да, сенім сенушілер арқылы кереметтер жасайды. Өзінің табиғи қалпында сенім – бәріне билік жүргізуші, адамдардың барша әрекеттеріне бойлай енуші күш болып табылады.

Құдайға деген сенімге күлетін адамның бойында өзгелерге қарағанда көбірек, бірақ жағымсыз түрдегі сенім болуы мүмкін. Әдетте мұндай адамдар өздерін ұятқа қалдыратын, жұрттың күлкісін келтіретін жеңіл сенушілікке тез бой алдырады. Құдай сенімге құтқарылу дарытады, сөйтіп, Ол біздің бойымызда сенім тудыру арқылы әрекетіміздің қозғаушы серіппесін іске қосады. Былайша айтқанда, Оның электр қуаты бар деуге болады, сондықтан біздің адамдық болмысымызға қасиетті электр қуатын жібере алады. Егер біз Мәсікке сенетін болсақ және жүрегіміз Құдайдың иелігіне өткен болса, онда біз күнәдан құтқарылдық және тәубеге келуге, киелілікке, ынталылыққа, сиынуға, Оған толықтай берілуге және өзге де барша жақсы істерге ұмтыламыз. Арбаның дөңгелегіне май, құстарға қанат, кемелерге желкен қандай қажет болса, барша рухани міндеттер мен қызметтерге сенім сондай қажет. Сеніміңіз болса, онда оның артынан қалған игіліктердің бәрі еріп келіп сіздің бойыңыздан орын алады.

Сенім сүйіспеншілікпен әрекет ету күшіне ие. Ол бізді Құдайға жақындата түсіп, жүректі жақсылық істеуге ынталандырады. Кім Құдайға сенсе, онда ол Оны сүйетін болады. Сенім ақыл-ойдың әрекеті, бірақ та ол жүректен шығады, «себебі Мәсікке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсынан ақталады». Құдай сенімге құтқаруды береді, себебі ол сүйіспеншілікке өте жақын, ал сүйіспеншілік – барша киелі сезімдер мен іс-әрекеттердің бастауы. Құдайға деген сүйіспеншілік – мойынсұну, Құдайға

деген сүйіспеншілік – киелілік. Құдайды және адамдарды сүйу – бұл Мәсіхке ұқсау деген сөз, ал құтқарылудың мәні осында.

Бұларға қоса, сенім тыныштық пен қуаныш тудырады. Кімнің бойында сенім болса, сол сабырлы және жайбарақат, көңілді және қуанышты, ал бұл көктегі рахаттың бастауы. Сенімге Құдай көктің бар сыйын береді, себебі сенім біздің бойымызда бір кезде мәңгіліктегі керемет әлемге арналған өмір мен рух туындатады. Сенім бізді жердегі өмірімізге қажетті қарумен қамтамасыз етеді және мәңгілік өмірге дайындайды. Ол адамдарды қорқынышсыз өмір сүруге және қорқынышсыз өлуге қабілетті етеді, қызметке және азаптарға дайындайды, сондықтан да, Құдай бізге рақымдылық сыйлаудың және осы арқылы бізді көктің мәңгілік даңқымен қамтамасыз етудің құралы ретінде сенімді таңдап алады.

Сенім біз үшін өте үлкен рөл атқарады, оны ештеңе де алмастыра алмайды. Ол бізге тыныштық, қуаныш және мәңгілік тыныштыққа ену мүмкіндігін сыйлайды. Адамдар неге құтқарылуға басқа жолдармен қол жеткізуге ұмтылады? Бір қартаң уағызшы былай дейді: «Есікті ашуға бұйрық алған ақылсыз қызметші оны иығымен бар күшін сала итереді, бірақ та есік ашылмайды және ол ішке кіре алмайды. Екінші қызметші кілт ала келеді де, есікті ашып, еш қиындықсыз ішке кіреді. Өз істері арқылы құтқарылуды қалайтындар көк қақпаларын босқа соғады; сенім – оны лезде ашатын кілт». Оқырман, сіз осы кілтті қолданғыңыз келмей ме? Құдай сізге Өзінің сүйікті Ұлына сенім артуды бұйырады, сенуге құқыңыз бар және егер сенетін болсаңыз, онда өмір сүресіз. Өйткені, Марқа жазған Ізгі хабарда былай делінген: «Кім сеніп, шомылдыру рәсімінен өтсе, сол құтқарылады. Ал кім сенбесе, сотталады» (Мар 16:15). Бұл – Құдайдың уәдесі. Мейірімді Құдайымыздың даналығымен таңдап алынған құтқарылу жолына қарсы не айта аласыз?

## VII тарау

### ӘЛСІЗДІК

Қорыққан жүрек татуласу туралы ілімді қабылдап, адамның құтқарылуды Иса Мәсіхке деген сенімі арқылы алатыны туралы ұлы шындықты білгеннен кейін, ол жақсылық жасауға деген қабілетсіздіктен жиі мазасызданады. Көпшілігі: «Ештеңе істей алар емеспін», – деп күрсінеді. Олар өздерін басқан күнделікті ауырлықты сезінеді. Қолдарынан келсе істер еді. Олардың әрқайсысы: «Жақсылық жасағым келсе де, оны жүзеге асыратын күшім жоқ», – деп адалдықпен айтқысы келеді.

Бұл сезім Інжілдің мағынасын тегіс жойып тұрғандай. Егер азық қолына түспесе, аш адамға тағам туралы білімнен не пайда? Егер іше алмасаң, өмір беретін судың ағынынан не пайда? Сірә, дәрігер мен бейшара әйелдің баласы туралы әңгіме бәріне белгілі болар. Білгір дәрігер әйелге, егер дұрыс емделсе, баласының сауығып кететінін, бірақ та оның үздіксіз жақсы шарап ішуі және бірнеше апта тұзды суға барып емделуі қажеттігін айтады. Ал бейшара әйелдің бар тапқаны тамақтарынан артылмайтын еді. Мазасызданған жүрекке кейде «сенім арт, сонда мәңгілік өмірге ие боласың», – деген қарапайым сөз шын мәнінде мүлде оңай емес, себебі ол бейшара күнөкардан қолынан келмейтінді істеуді талап етеді. Шын оянған, бірақ жартылай ғана тәлім алған адамға байланыстырушы жүйе жетіспейтіндей болып көрінеді: Мәсіхтің құтқаруы бар, бірақ оған қалай қол жеткізуге болады? Жан шарасыз және не істерін білмейді. Ол азат қаланың маңында жүр, бірақ оған кіре алмайды.

Құтқару жоспарында осы әлсіздікке назар аударылған ба? Иә! Өзінің кемелдігі үшін Құдайдың ісі кемелді. Ол біз әлсіз болған жерде басталады және бізден ештеңе талап етпейді. Қайырымды самариялық жол бойында талықсып, қансырап жатқан жолаушыны көрген кезде, оған орнынан тұрып, есекке мінуді және қонақүйге баруды бұйырған жоқ. Жоқ! «Содан кейін бұл жерге жолаушылап бара жатқан бір самариялық келеді. Өлгі адамды көргенде оған жаны ашып, қасына барады

да, жараларын маймен және шараппен жуып-шайып таңады. Оны есегіне мінгізіп алып, қонақ үйге апарып күтеді». Бейшара жағдайымызда Құдай да бізге осылай істейді.

Сонымен Құдай әділетсіздерді Исаның қасиетті де, аса құнды төгілген қанына сенуі арқылы ақтайды. Иса құтқарған кезде әділетсіздердің қандай жағдайда болатынын қарастырайық. Адамдардың көпшілігін олардың күнәлары ғана емес, сондай-ақ ұждандық өнегесіздіктері де мазалайды. Олардың өздері белшесінен батқан батпақтан шығуға немесе одан аулақ жүруге күштері жетпейді. Олар істегендері үшін ғана емес, өздерін әлсіз, шарасыз, рухани өлі сезініп, шамалары келмейтін істер үшін де өкінеді. Егер де біз олар өздерін өліктей сезінеді десек, оқырманға бұл оғаш көрінуі мүмкін, бірақ та бұл шын мәнінде осылай. Өздеріне қарап олар жақсылық істеуге мүлде қабілетсіз екендерін сезінеді; өз жолдарын көкке бағыттай алмайды, өйткені, олардың тек сұлдері қалған: «Тоналды батыл жүректі ер адамдар, Терең ұйқыға батты мықты сарбаздар, Қол көтере алмайды бізге қарсы олар» (Жыр 75:6). Олар шынымен де «әлсіз». Бірақ біздің бақытымызға орай, Киелі Жазбада Құдайдың бізге деген ұлы сүйіспеншілігінің дәлелі ретінде былай жазылған: «Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды» (Рим 5:6).

Біздің шарасыздығымыз Иеміз Иса Мәсіхтің көмегі арқылы көрінеді. Жазба: «... біз өлі әлсіздеу болған кезде» немесе «... күшіміз өлі де аз болған кезде», – демейді, Ол халымыз мүшкіл – «... ешқандай шарамыз болмай тұрғанда», – деп нақты айтады. Бізде құтқарылуымызға септігін тигізе алатын ешқандай күштің болмағаны сөзсіз. Жаратушы Иеміздің: «Менен бөлініп сендер ешбір игілік істей алмайсыңдар», – деген сөздері әділетті. Енді бұдан да әрі барып, «қылмыстарымыз бен күнәларымыздың кесірінен өлі» болып жүрген кезіміздегі Құдайдың бізге деген ұлы сүйіспеншілігін еске сала кетуге болады. «Өлі» болған «әлсіз» болғаннан да жаман.

Сорлы, бейшара күнәкардың жаны ұмтылып, жармасатын жалғыз үміті – бұл «Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды!» – деген Құдайдың куәлігі. Осыған иланыңыз, сонда қабілетсіздігіңіз атымен жоғалады. Сенім жа-



насқанның бәрі жан үшін алтынға айналады. Егер сеніммен жанасатын болса, онда тіпті біздің мұқтаждықтарымыз бен әлсіздіктеріміздің өздері игілікке айналады.

Осы әлсіздіктің бірнеше түріне тоқтала кетейік. Кейде адамдар құтқарылуға қатысты маңызды мәселелерде өз ойларын жинақтауға күштерінің жетпейтіні туралы айтады. Тіпті қысқаша сиыну – оларға оңайға соқпайды. Бұл бір жағынан табиғатының әлсіздігі, ал екінші жағынан, олар сауық-сайран құру арқылы жандарына ақау түсірген және оған қоса күйбең тіршіліктен қажығаннан болуы мүмкін. Сондықтан олар құтқарылудың алғы шартын – Ізгі хабарды қабылдауға қабілетсіз. Бұл күнәдан әлсіреудің ең қарапайым түрі. Бірақ есінде болсын! Осы тармақта әлсіздер көп. Олар тіпті өмірлеріне қауіп төніп тұрса да, кейбір мәселелерге мән беріп ойларын жинақтай алмайды. Терең ойлану – ауыр жұмыс деп есептейтін бақытсыз, білімсіз, надан жандар аз емес. Ал кейбіреулердің мінездерінің жеңілтек, бала мінез болатыны сондай, олар үшін ұзақ дәлелдемелер мен ой-толғаныстар легін түсінуден гөрі қанат қағып ұша жөнелу жеңілірек секілді. Олар тіпті өмір бойы тырысса да, құпияның терең мәніне ешқашан жете алмас еді. Сондықтан да жігеріңізді құм етпеңіз: құтқарылу үшін жүйелі ойлау емес, жай ғана Мәсіхке сенім арту қажет. «Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды!» – деген дерекке сүйеніңіз. Бұл шындық мұқият зерттеуді немесе терең және бұлтартпас дәлелдерді қажет етпейді. Ол өте қарапайым – «Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды». Осы шындықты ұстаныңыз және содан тыныштық табыңыз.

Сіздің «әлсіз» екеніңізге қарамастан, осы ұлы да рақымды дерек жаныңызды жай тапқызып, қуанышқа бөлесін, өйткені Иеміз Иса Мәсіх – күшіңіз, жырыңыз және құтқарылуыңыз. Олар әлі шарасыз болған кезде, «Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды». Жазба бойынша бұл бізге аян арқылы берілген дерек. Мүмкін бұл сөздерді мың рет естісеңіз де, оның мағынасын әлі күнге дейін түсінбей жүрген боларсыз. Бұл сөздерде жан сергітер бір қасиет бар, солай емес пе? Иса Мәсіх біздің әділдігіміз үшін емес, күнәларымыз үшін өлді. Ол бізді құтқарылуға лайықты

болғандығымыздан емес, біз оған мүлде лайықсыз, әбден құрып бұзылғандықтан құтқаруға келді. Жер бетіне Ол Өзінің адамдарға деген Құдайлық сүйіспеншілігіне бола ғана келді. Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында Ол күнәкар біздер үшін жанын қиды. Жаңа Өсиетте бірнеше рет қайталанатын «әділетсіздер» сөзі адамдардың үмітсіз жағдайына ерекше көңіл аударады. Бар ақыл-ойыңды ең жабығулы деген жүректің өзін сергіте алатын осы шындыққа бағыттаңыз. Бұл аят жүрегіңізде еріп, бойыңызға тарағанға дейін дәмді түйіршек секілді тіліңіздің астында жатсын. Олар күзгі жапырақтар секілді шашылып жатса да қам жемеңіз. Ешқашан ғылыми жаңалықтар ашпаған және ешқашан ақылдылығымен көзге түспеген, бірақ соған қарамастан, Құдайдың айқышы туралы ілімді қабылдауға толықтай қабілетті және сол арқылы құтқарылған адамдар аз емес. Сізге де неге дәл осыны істемеске?!

Тағы біреулер бойларында күштің жетіспеуінен өздерінің жеткілікті дәрежеде тәубеге келе алмайтындарын айтады. Бұл – тәубеге келу туралы өзгеше түсінік! Адамдардың көпшілігі белгілі бір дәрежеде көз жасын төгіп, көңілі түссе сол жеткілікті деп ойлайды. Бұл қайдан шыққан теріс көзқарас өзі? Сенбеушілік пен торығу – күнә сондықтан, мен шынайы тәубеге келуге олардың қандай қатысы барын түсіне алмаймын. Көпшілігі оларға нағыз мәсіхшілік тәжірибеге қажетті әрекет ретінде қарайды. Мұндай адамдар қателесіп жүр. Мен олардың ойларын түсінемін. Рухани соқыр кезімде мен де дәл осындай сезімде болдым. Мен тәубеге келуді қаладым, бірақ тәубеге келе алмаймын деп ойладым, дегенмен сол арада үнемі өкініп тәубеге келіп жүрдім. Тағы бір қызығы, мен тіпті өзімнің ештеңе сезіне алмайтынымды байқадым. Оңаша бір бұрыш тауып алып, күнәларым үшін жылай алмайтынымды ойлап жыладым; қайғыра алмайтынымды ойлап қайғырдым. Сенбеуші болып жүріп, өз көңіл-күйлерімізді талқылауға тырыса бастаған кезде, біздің ойларымыз шатасып кетеді. Біз өзінің көздерін көруге тырысқан зағипқа ұқсаймыз. Жүрегім алмастай қатты деген үрейден менің жүрегім жарылып кете жаздайтын. Бірақ та ол талқандалды, ал мен болсам оның талқандалуы мүмкін емес деп ойладым. Мен қолымнан келмейді деп ойлаған әрекеттерді орындап жүргенімді енді көріп тұрмын, бірақ та ол кезде мен мұны білген жоқпын.

Шіркін, қазір өзім көріп, қуанып жүрген нұрды өзгелердің көруіне көмектесе алсам ғой! Менің бірнеше қарапайым сөздер айтқым келеді және Жұбатушыдан оларды сіздің жүрегіңізге сіңіруін жалбарынып сұраймын.

Тыңдаңыз! Шынайы тәубеге келуші адам өз тәубесіне ешқашан разы болмайды. Біз кемеліне жеткен өмірге қаншалықты қабілетсіз болсақ, кемелді тәубеге келуге де дәл сондай қабілетсізбіз. Көз жастарымыз қаншалықты таза болып көрінгенімен, олардан бәрібір аздаған тұнба табылады. Тіпті ең шынайы деген тәубеге келудің өзінен бір өкініш табылады. Ары қарай тыңдаңыз! Тәубеге келу өзіңіздің көзқарасыңызды – күнәға, Мәсіхке және Құдайдың барша ұлы істеріне қатысты ойларыңызды өзгертуді білдіреді. Тәубеге келгенде жан дүниенің ауырады, бірақ та оның мәнісі жүректің күнәдан теріс айналып, Мәсіхке қарай бұрылуында. Егер осындай бұрылу болса, онда тіпті қорқыныш пен торығу сіздің жаныңызға ешқашан көлеңкесін түсіріп көрмесе де, шынайы тәубеге келудің мәнісі көзге ұрып тұрады.

Егер сіз өзіңіз қалағандай тәубеге келетін жағдайыңыз болмаса, онда Мәсіхтің «Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиғанына» нық сене отырып, тәубеге келуге тырысқаныңыз дұрыс болады. Үнемі осы туралы ойлаңыз. Мәсіхтің әділетсіздер үшін жанын қиғанын біле тұра, сіздің жүрегіңіз қасарыса бере ме? Өзіңізге мына сөздерді айтуға көндіруге маған рұқсат етіңіз: «Мен әділетсізбін, кеудемді ашына соққылағаныма қарамастан, жүрегім жиі алмай тас күйінде қала берсе де, Ол мен секілді әділетсіздер үшін жанын қиды. Шіркін, мен сене алсам және осы өлімнің күшін өз жүрегімде сезіне алсам ғой!»

Басқа ойлардың бәрін алып тастаңыз және сағаттар бойы осы теңдесі жоқ және оған біздің еңбегіміз сіңбеген сүйіспеншілік жайында ойланыңыз – «Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды». Иеміздің өлімі туралы Інжілдің төрт кітабынан мұқият оқып шығыңыз. Сіздің сезімсіз жүрегіңізді жібіте алатын бір мүмкіндік – Исаның азап шегуі және Оның бұл азапқа Өзінің дұшпандары үшін төзді деген ойлар. Қамауға алынып, қан-жоса болып дүреленді. Содан кейін айқышқа шегеленіп өлтірілді. Сол сұмдық пен жаза менің жанымның құтқарылуы үшін.

Құдайдың айқышы – әлгі жартасты ұрғанда су шығарған керемет аса таяқ екені күмәнсыз. Егер сіз Иса Мәсіхтің Құдайлық құрбандығының мәніне терең бойлайтын болсаңыз, онда өзіңізді сондай Сүйгенге қарсыласқаныңыз үшін тәубеге келуге тиіссіз. Былай деп жазылған: «Сонда олар өздері түйреген Кісіге қарайтын, әрі жалғыз ұлын жоқтағандай жоқтау айтатын болады. Олар тұңғышы қайтыс болғандай Ол туралы қатты күйініп қайғыратын болады» (Зек 12:10). Тәубеге келуіңіз – Мәсіхті көрсетпейді, керісінше, Исаға қарау арқылы сіз Одан тәубеге келуді аласыз. Өзіңіздің тәубеге келуіңізді Мәсіхтің алдына қоймаңыз, Мәсіх тәубеге келуді дарытады деп үміттеніңіз. Мәсіхке бағыттау арқылы Киелі Рух бізді күнәдан алыстатады. Назарыңызды әрекеттен себепке аударыңыз, тәубеге келуіңізге емес – сізге тәубеге келуді дарыту үшін Құдай Өз қолымен жоғарылатып құқылы еткен Иса Мәсіхке аударыңыз.

Кейбіреулер: «Маған сұмдық ойлар маза бермейді. Жұмыс істеп жатқан кезімде жаман елестер кедергі келтіреді, тіпті төсегімде де маған өзәзілдің сыбыры ұйқы бермейді. Мен осы сұмдықтың әсерінен еш құтыла алар емеспін», – деседі. Достым, мен сіздің не туралы айтып тұрғаныңызды білемін. Бір кезде мұны мен де басымнан өткергенмін. Адам үшін шайтан тұтатқан өз ойларын басқарғаннан гөрі қолына қылыш ұстап, құжынаған араның үйіріне төтеп берген оңай шығар. Шайтанның азғыруына түскен бейшара жан ашулы аралар үйірінің шабуылына ұшыраған саяхатшыға ұқсайды. Ол не қорғана, не қашып кете алмайды. Аралардың талауына түскен ол өлім қаупіне душар болады. Өз бойыңызда шайтанның осындай азғыруына қарсы тұратын күштің жоқтығына мен таңданбаймын. Бірақ соған қарамастан мына мәтінді есіңе салғым келеді: «Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды!» Иса Мәсіх біздің қайда, қашан болғанымызды және болатынымызды білді. Ол біздің ауада билік етіп тұрған билеушіні жеңуге қауқарсыз екенімізді біледі. Ол біздің шайтанның тарапынан қатты азғыруға ұшырайтынымызды білді, бірақ соған қарамастан Ол әділетсіздер үшін жанын қиды. Жаныңның зәкірін осы дерекке таста. Сізді әділетсіз деп, тіпті шайтанның өзі айта алмайды!

Сонымен Мәсіхтің өзіңіз секілді адамдар үшін жанын қиғанына сеніңіз, Мартин Лютердің шайтанды оның өз қаруымен қалай жеңгенін есіңізге алыңыз. Шайтан оған: «Сен – күнәкарсың», – деп сыбырлады. «Иә, – деп жауап берді Лютер, – Мәсіх күнәкарларды құтқару үшін өлді». «Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды!» – осы баспананы паналаңыз және сонда болыңыз. Егер де осы шындықты мықтап ұстанатын болсаңыз, онда қуып шығуға шамаңыз келмей жүрген жаман ойларыңыз өздігінен кетеді, себебі шайтан сізді олармен мазалаудың пайдасыз екенін көреді.

Егер сол ойларды жек көретін болсаңыз, олар сіздікі емес, шайтанның санаңызға салғаны және олардың жауапкершілігі сізде емес, шайтанда. Егер сен көшеден естілген айқайға тең ойлармен күресетін болсаңыз, олар сіздің ойларың емес. Осы ойлар арқылы шайтан жігерің құм болсын дейді немесе тым болмағанда сізді Исаға сенім артудан ұстап қалғысы келеді. Адамдар жан-жағынан қысып тастағандықтан, бейшара, науқас әйел Исаға жақындай алмады; әлгі қорқынышты ойлардың қыспағында қазір сіз де шамамен дәл осындай жағдайда тұрсыз. Бірақ та әйел бәрібір қолын созып, Исаның шапанының етегіне тигізді және сол арқылы сауығып кетті. Сіз де дәл осылай істеңіз.

Иса Мәсіх «адам баласының жасаған барлық күнәлары мен Құдайды қорлаған» кінәлары үшін өлді, сондықтан жаман ойлардың тұтқынына еркінен тыс тап болғандарды Өзінен кері итермейтініне сенімдімін. Оған сенім артыңыз, сонда Ол сізді құтқарады. Жан тыныштығын Ол тек Өзіне ғана тән айырықша тәсілмен сізге сыйлай алады. Тек Оған ғана сенім артыңыз.

Тағы біреулер: «Менің әлсіздігім – ұзақ уақытқа тұрақты бола алмайтындығымда. Жексенбі күндері Құдай Сөзін естимін, ол маған жақсы әсер етеді, бірақ та апта бойына әділетсіздердің арасында боламын және жақсы істерімнен еш қайыр жоқ. Менің жолдастарым ештеңеге сенбейді және былапыт сөздер айтады. Оларға қалай жауап қайырымды білмеймін және осылайша жеңіліс табамын», – деп шағымданады.

Мен мұндай «көңілшек адамдарды» жақсы білемін және олар үшін қаным қайнайды. Сондай-ақ мен Құдайдың адамнан қорқудың зұлым рухын қуып шыға алатынын да білемін. Ол

қорқақты батыр ете алады. Менің тұрақсыз досым, ойланыңыз, сізге мұндай күйде қала беруге болмайды. Еңсеңізді көтеріп, өзіңізге көз тастаңыз: сіз қорқыныштан қозғалуға шамасы келмей, тырманың астында жата беретін бауырымен жорғалаушы секілді болу үшін жаратылып па едіңіз? Өзіндік пікіріңіз болсын. Бұл рухани жағынан ғана емес, сондай-ақ күнделікті өмірде жай батылдық көрсету үшін де қажет. Мен достарымның ырқына көніп талай әрекетке барар едім, бірақ олардың құмарлықтары үшін тозаққа кету тым артық болады. Мен бұған бара алмас едім. Адамдармен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалу үшін, ешқашан Құдаймен достықты жоғалтуға болмайды. «Мен мұны білемін, – деп жауап бересің сен, – бірақ соған қарамастан мен батылдық көрсете алмаймын». Достым, мен саған да дәл сол сөздерді айтамын: «Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды!» Егер қазір елші Петір осы жерде болғанда, былай деген болар еді: «Менің әлі әлсіз болғаным сондай, тіпті отқа ағаш тастап отырған қызметші әйелдің өзі мені Иемізді танымаймын деп өтірік айтуға мәжбүр еткен кезде-ақ Иеміз Иса мен үшін өлген болатын». Иә, Иса Өзін тастап қашып кеткендер үшін өлді. «Ақталуға ешқандай шарамыз болмай тұрғанда, Мәсіх Құдай алдын ала белгілеп қойған уақытында күнәкар біздер үшін жанын қиды!» – деген шындықтан мықтап ұстаныңыз. Сізді өзіңіздің қорқақтығыңыздан ажырататын жол осы. «Мәсіх мен үшін өлді», – деген шындық жүрегіңе терең бойласын, сонда Ол үшін жаныңызды беруге дайын боласыз. Оның сіз үшін өлгеніне және сол арқылы кіршіксіз, шынайы және жеткілікті құн төлегеніне илан. Егер осы деректі қабылдасаңыз, онда мынаны еріксіз түсінесіз: «Мен өзіме бола Өлген үшін ұяла алмаймын». Мұның шынымен де осындай екеніне кәміл сенімділік сізді шындайды және жаужүрек етеді. Мәсіхшілікті қуғындау кезінде азап шеккен киелілерді есіңізге түсіріңізші. Мәсіхшіліктің алғашқы күндері, Мәсіхтің шексіз сүйіспеншілігі туралы ойлар қауымда өзінің бар сәулесімен жарқырап тұрған жаңа заманда адамдар өлуге дайын болып қана қойған жоқ, олар тіпті азап шегуді қалады: соттың алдына топ-тобымен келіп, Мәсіх туралы куәлік етті. Мен олар азапты өлімді қалап,

дұрыс әрекет жасады деп айтпаймын, бірақ осы дерек Мәсікке деген сүйіспеншілік сезімі адамға өз жанын қорқыныштан жоғары қойғызатыны туралы айтқандарымды растайды. Осы сезімнің неге сізге де әсерін тигізбеске? Сіздің батыл қадам жасап, Құтқарушының жағына шығуыңызға және соңына дейін Оның жолын қуушы болуыңызға шабыт бере алсам ғой! Киелі Рух осыған қол жеткізуіңізге көмектесін

## VIII тарау

### СЕНІМНІҢ КӨБЕЮІ

Сенімді қалай сақтауға және нығайтуға болады? Адамдардың көпшілігі үшін бұл маңызды сұрақ. Кейбіреулер өздерінің сенуді қолдайтынын, бірақ қолдарынан келмейтінін жиі айтады. Бұл сұраққа қатысты бос сөз де аз айтылған жоқ. Ал біз оны қатаң түрде талқылаймыз, дұрыс мағына басқа салаларда қандай қажет болса, дін мәселесінде дәл сондай қажет. «Сену үшін менің не істеуім керек?», «Қандай да бір әрекетті қалай жақсы орындауға болады?» – деген сұраққа біреу: «Ең жақсы жолы – оны тез арада орындау», – деп жауап беріпті. Біз уақытымызды көбінесе қалай әрекет ету керек деген сұрақты талқылауға жібереміз, ал әрекет өте қарапайым. Сенімге апаратын ең қысқа жол – сенімнің өзі. Егер Киелі Рух сізді ақ пейіл ететін болса, шындық өзіңізге ашыла салысымен сенім артасыз, шындық шынайы болғандықтан сенім артасыз.

Інжілдің өсиеті анық және мағынасы оңай: Иса Мәсікке сенім артыңыз – сонда құтқарыласыз. Бұл өсиеттен түрлі сұрақтармен және құйтырқы әрекеттердің көмегімен қашып құтылу мүмкін емес. Бұйрық түсінікті, оған құлақ асыңыз.

Ал егер қиындықтарға тап болсаңыз, онда оларды сиыңғаныңызда Құдайға айтып беріңіз. Көктегі Әкеге өзіңізді ненің абыржытатынын айтыңыз және Одан Өзінің Киелі Рухы арқылы қиыншылықтарыңызды шешіп беруін сұраңыз. Қандай

да бір кітапты оқып, бірақ оның мазмұнын түсіне алмасам, оның авторынан, не айтпақ болғанын түсіндіріп беруін сұраған маған ұнайды. Егер де автор ақпейіл адам болса, оның түсіндірмесі мені қанағаттандырады. Сол сияқты, Киелі Жазбаның түсініксіз тұстарын ұғуды шынайы іздеген жүрек те Құдайдың түсіндірмесіне қанағаттанады. Құдай адамдарға Өзінің ашылғанын қалайды; Оған барып, мұның шынымен де осылай екеніне көзіңізді жеткізіңіз. Өз бөлмеңізге кіріңіз де: «Киелі Рух, мені шындыққа енгізіші. Білмейтін нәрселерімді үйретші», – деп Оны шақырыңыз.

Егер сену қиын болып көрінсе, онда Киелі Рух сізді бұған қабілетті етеді, бірақ өзіңіз сенуіңіз керек нәрселерге жиі және байсалдылықпен құлақ асыңыз.

Біз естігендеріміздің талайына сенеміз. Сіз күніне он шақты рет естіген, мысалы, жарнамаға ақыры сене бастайтыныңызды байқадыңыз ба? Кейбір адамдар, тіпті мүмкін емес нәрселерге сенетін жағдайға жеткен. Киелі Рухтың шындық туралы жиі тыңдауды жарылқайтыны және оны біздің бойымызда сенім ұялату үшін қолдануы мені таңдандырмайды. Жазбада «сенімнің есту арқылы келетіні» айтылады. Егер сіз Інжілді байсалдылықпен және мұқият жиі тыңдайтын болсаңыз, онда көп өтпей, Киелі Рухтың әсерімен, естігендеріңізге сене бастағаныңызды байқайсыз. Тек Інжілді естуге тырысыңыз және күмән тудыруы мүмкін тақырыпты тыңдауға немесе оқуға жол бермеңіз.

Ал егер бұл кеңеске қанағаттанбасаңыз, онда басқалардың айтқан куәліктерін сынап көріңіз! Самариялықтар Иса туралы куәлік айтқан әйелдің сөзіне сеніп тәубеге келді. Біз көп ақпаратқа өзгелердің куәліктері арқылы сенеміз. Мысалы, мен Жапония деген елдің бар екеніне сенемін. Мен оны ешқашан көрген жоқпын, бірақ соған қарамастан оның бар екеніне сенемін, өйткені ол елде болған адамдар бар. Мен өлетініме сенемін. Мен әлі өліп көрген жоқпын, бірақ мен білген адамдардың көпшілігі өліп қалды, сондықтан мен өзімнің де өлетініме сенем, себебі көптеген адамдардың куәліктері бұған менің көзімді жеткізеді. Өздерінің қалай құтқарылғандары, қалай кешірім алғандары және ойлау салттарын қалай өзгерткендері туралы әңгімелеген адамдарды тыңдаңыз. Егер де өзгелердің куәліктерін зерттейтін болсаңыз, онда дәл сіз



секілді адамдардың көпшілігінің құтқарылғанын көресіз. Мүмкін ұры шығарсыз – онда ұрылардың да өз күнеларынан Мәсіхтің қаны арқылы тазару бақытына ие болғандарына көз жеткізесіз. Мүмкін бұзылған азғын адам шығарсыз – онда көптеген азғын адамдардың тазарып, мүлде басқа адамдарға айналғандарына көз жеткізесіз. Мүмкін жабығып жүрген боларсыз – Құдайдың балаларына барып, олармен әңгімелесіңіз – сонда олардың да кейбірінің бұрын дәл сіз секілді жағдайда болғанын білесіз. Олар өздерін Құдайдың қалай құтқарғаны жайында қуана әңгімелеп береді. Сонда Құдай Сөзінің әсерін өз бастарынан өткерген адамдарды тыңдап отырған сіз де сенім артасыз – Құдайдың Рухы сенімге алып келеді.

Уағызшының бір африкалыққа судың беті кейде қатты болатыны сондай, оның бетімен жүруге болатыны туралы айтқан әңгімені естуіңіз бар ма? Африкалық уағызшының айтқандарының көбіне сенетінін, бірақ та дәл осыған еш сене алмайтынын айтады. Кейіннен ол қыс мезгілінде Англияда болып, қатып жатқан өзенді көреді. Африкалық адам мұздың үстімен жүруге еш бата алмайды. Ол өзеннің өте терең екенін білетін, сондықтан оның үстіне шықса батып кететініне сенімді еді. Оны мұздың үстіне шығуға мәжбүрлеу мүмкін емес еді. Ол тек достары мұздың үстімен емін-еркін жүріп келгеннен кейін ғана сенді. Мүмкін Құдайдың Тоқтысына сенушілерге қарап және олардың қуаныштары мен тыныштықтарын көргеннен кейін сіз де сенімге келерсіз. Өзгелердің тәжірибесі – бұл да Құдайдың бізді сенімге алып келетін жолдарының бірі. Бірақ қалай дегенмен де, сізге тек екі таңдау ғана беріледі: не Исаға сенім артуға, не өлуге тиіссіз, себебі Исадан тыс жерде ешқандай үміт жоқ.

Тағы бір сенімді құрал: ол – бедел, сізге соның негізінде сенім арту бұйырылған. Әрине, бұл менің беделім емес, сіз одан бас тартар едіңіз. Бұл Рим Папасының беделі де емес – сіз оған күмәнмен қарар едіңіз. Сізге Құдайдың беделіне сүйеніп, сену бұйырылған. Ол сізге Иса Мәсіхке сенуді бұйырады және сіздің өз Жаратушыңыздың бұйрығына құлақ аспауға құқыңыз жоқ. Бір фабриканың бақылаушысы Ізгі хабарды көп естіді, бірақ өзінің Исаға келуге құқым жоқ деген қорқыныш оны азапқа салды. Оның қожайыны, Құдайды қастерлейтін сыйлы

адам, бірде оған мынандай мазмұнда хат жолдады: «Жұмыс аяқталғаннан кейін менің үйіме келіңіз». Белгіленген уақытта бақылаушы қожайынның үйіне келеді. Есіктің алдына шыққан қожайын қатаң үнмен: «Сізге не керек? Мезгілсіз уақытта неге мазалайсыз? Жұмыс аяқталды. Мұнда келуге қандай құқыңыз бар?» – дейді. Бақылаушы: «Мен сізден жұмыстан кейін үйге келіңіз деген хат алдым ғой», – деп жауап береді. «Менің шақыруымды алғандығыңыз үшін ғана сіздің мұнда келуге құқыңыз бар ма?» – «Мен сізді түсінбеймін, – дейді бақылаушы, – бірақ менің ойымша, өзіңіз шақырғаннан кейін, менің мұнда келуге құқым бар секілді». «Үйге кіріңіз, – дейді сонда қожайын. – Сізге айтатын хабарым бар, оны оқып берейін». Сөйтеді де ол мына сөздерді оқиды: «Қиналып қатты шаршап-шалдыққандар, Еңселерін тым ауыр жүк басқандар, Менің қасыма келіңдер, бәрің, жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!» «Қалай ойлайсыз, – деп сұрайды қожайын, – егер де осы шақыру бойынша Мәсікке келетін болсаңыз, сіз әділетсіз іс жасайсыз ба?» Бейшара бақылаушы бәрін түсінеді және мәңгілік өмірге деген сеніммен Иеміз Иса Мәсіхті қабылдайды, өйткені ол өзінің Исаға келуге толықтай құқы бар екенін және сенімі мәртебелі беделге сүйенетінін ұғады. Бейшара Жан, Мәсікке келуге сіздің де құқыңыз бар, себебі Оған сенім артуды сізге Құдайдың Өзі бұйырады.

Егер бұдан да көңіліңізге сенім ұяламаса, өз сеніміңіздің нысаны – Иеміз Иса Мәсіхтің күнәкарлардың орнына азап шеккені және Оның Өзіне сенім артқандардың бәрін құтқара алатыны туралы ойланыңыз. Бұл адамдар тарапынан сенімді талап ететін деректердің ішіндегі ең кереметі. Бұл қай заманда болмасын, адамдардың құлағына жеткен хабарлардың ішіндегі ең қажетті және жұбататын дерек. Мен ол туралы жиі ойлануға және ондағы рақымдылық пен сүйіспеншілікті мұқият зерттеуге кеңес беремін. Інжілді және елші Пауылдың хаттарын ынтамен оқыңыз және олар сенім артуға тұра ма, соны сараптаңыз.

Егер оқығанда еш нәтиже бермесе, онда Иса Мәсіхтің тұлғасы, Оның Кім екені, не істегені, қайда екені және Онымен неге қол жеткізетініміз туралы ойлан. Сіз Оған қалайша күмәнмен қарайсыз? Әділдігі мәңгілік Исаға сенбестік таныту – қатігездік: Ол сенбеушілік көрсететіндей бірде-бір әрекет

жасаған жоқ. Ол – сенім артуға болатын нағыз шындық! Өзіміздің сенбеушілігіміз арқылы біз Оны айқышқа тағы кереміз. Біз қайтадан Оның басына тікенді тәж кигізіп, бетіне түкіріп жатқан жоқпыз ба? Римдік сарбаздар Оны балағаттады, олар Оған азап шеккізді, ал сіз Оны өтірікші жасайсыз – бұл әлдеқайда жаман. Қалай сенуіме болады деп сұрамаңыз. Тек қалай әлі сенбеуші күйіңізде жүргеніңізге жауап беріңіз.

Егер де осы айтқандардың бәрі көмектеспесе, онда сіз, сірә, әбден бұзылған арсыз адам шығарсыз. Менің соңғы кеңесім: Құдайға бағыныңыз. Сіздің сенбеушілігіңіздің түптамырында теріс ұғым мен тәкаппарлық жатыр. Киелі Рух сіздің Құдайға деген қастығыңызды жоқ қылып, сізді бағынуға әкелсе ғой, шіркін! Сіз қарсы көтеріліске шыққан бүлікшісіз, тәкаппар өркөкірек бүлікшісіз, сондықтан да өзіңіздің Құдайыңызға сенбейсіз. Бүлік шығаруыңызды тоқтатыңыз, қаруыңызды тастап, өз Патшаңызға бағыныңыз! Сіздің сенбейтін себебіңіз, Құдаймен әлі күнге дейін жауласып келесіз, өз бетіңізбен лағып жүруді таңдағансыз. Иса былай дейді: «Бір-біріңнен құрмет күтіп, жалғыз Құдайдан болатын шынайы құрметті іздемей жүресіңдер. Сонда сендер Менің Құдайдан келгеніме қалайша сене аласыңдар?» Әлдеқандай болып, «менменсу» сенбеушілікті тудырады. Өзіңіздің Құдайыңызға бағыныңыз, сонда Құтқарушыңызға сенім артуыңыз оңай болады. Иса Мәсіхке деген сенімге жеткізу үшін бойыңда лайым Киелі Рух әрекет етсін. Аумин.

## IX тарау

### ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ ЖӘНЕ КИЕЛІ РУХ

«Қайтадан туылуға тиіссіңдер». Иеміз Иса Мәсіхтің осы сөздері пейіш бағын қорғап тұрған періштенің жарқылдап тұрған семсері іспетті талай адамның жолына кедергі болуы ықтимал. Қанша тырысса да мұндай өзгеріске қол жеткізе алмай қанша адам үмітін үзді. Қайтадан туылу жоғарыдан келеді

және сондықтан ол жаратылыстың билігінде емес. Мен шындықты теріске шығарудан немесе жалған жұбаныш беру үшін оны жасырудан мүлде аулақпын. Мен қайтадан туылудың табиғаттан тыс ғажайып екенін және күнәкардың «мені» оны жүзеге асыра алмайтынын ашық айтамын. Күмәнсіз шындықты ұмытуға және одан бас тартуға шақырып, жігер бергенсымақ болсам, онда оқырманға қастық істер едім.

Құдайдың ұлы нақылы бар осы тарауда сенім арқылы құтқарылудың айқын түсіндірмесі де берілгені таңданарлық. Жохан жазған Ізгі Хабардың үшінші тарауын толықтай оқып шығыңыз және алғашқы аяттарын ғана емес, бүкіл тарауды талқылаңыз. Үшінші аятта былай делінеді: «Иса: — Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығын көре алмайды, — деді». Ал 14 және 15-аяттарда: «Мұса пайғамбар айдалада мыс жыланды жоғары көтеріп қойған. Дәл солай көктен келген Билеуші де көтеріліп қойылуға тиіс. Сонда Оған сенуші әркім мәңгілік өмірге ие болады», – дейді.

Өрі қарай 18-аят осы керемет ілімді түсінікті тілмен анық қайталайды: «Оған сенушілер қияметте сотталмайды. Ал Құдайдың жалғыз Ұлына сенбейтіндер әлдеқашан сотталған».

Бұл сөздер бір-біріне қайшы келмей, қайта бір-бірімен толықтай үндес екені әрбір оқырманға түсінікті. Болуы мүмкін емес жерде қиындық туғызудың қажеті қанша? Бір нақыл құтқарылуды тек Құдай ғана бере алады десе, екінші нақыл Құдайдың бізді құтқарғысы келетінін айтады. Егер де біз Исаға сенетін болсақ, онда Құдай сенушілерге құтқарылуға қажеттінің бәрін береді деп шүбәсіз айта аламыз. Құдай Исаға сенушілердің бәрін қайта жаңғыртады және олардың сенімі – жоғарыдан қайта туылғанының ең жақсы және ең мықты дәлелі болып табылады.

Өзіміздің қолымыздан келмейтін мәселені Исаға үміт етіп тапсырамыз. Егер де қайтадан туылу ісін өзіміз шешсек, Одан көмек күтудің қажеті болмас еді. Біздің ісіміз – сену; Құдайдың ісі – бізді қайта жарату. Ол біздің орнымызға сенгісі келмейді, ал біз қайта жаңғырту ісін Оның орнына істей алмаймыз. Бізге мейірімді Құдайға мойынсұнғанымыз жеткілікті; қайта жаңғырту – Оның ісі. Бізге деген сүйіспеншілігімен, тіпті жанын

қиюға дейін барған Иса мәңгілік қауіпсіздігіміз үшін қажеттінің бәрін беруді қалайды.

Адамды құтқарып, жүрегін жаңарту – Киелі Рухтың ісі. Бұл шындыққа күмән келтірмейік және оны ұмытпауға тырысайық. Киелі Рухтың әрекеті құпия, жұмбақ түрде іске асады және ол тек нәтижесінен байқалады. «Жел қалаған жерінде соғады: оның гуілін естисің, бірақ қайдан келіп, қайда кеткенін білмейсің. Киелі Рухтан туылған әр адамның басынан өткені де осыған ұқсас» (Жох 3:8). Киелі Рухтың осы құпия әрекеті жүзеге асады деп Ол куәлік ететін Иса Мәсіхке сенім артуды қаламауымызға және қарсыласуға себеп болмауы тиіс.

Өз егістігінің қамын жемейтін адам егер Құдай тұқымға өніп шығу қабілетін бермесе, оны сепкеннен пайда жоқ деп ақтала алмайды. Жерін дұрыс өңдемей, өнімді тек Құдайдың жасырын күші жинайды дейтін адамды да ақтауға болмайды. «Егер Жаратқан үйдің құрылысын жарылқамаса, құрылысшылардың еңбегі түгелдей зая», – деген тұжырым ешкімге кедергі жасамайды ғой. Иса Мәсіхке сенуші ешкімнің Киелі Рух өзінің бойында әрекет етуді қаламайды деп ойламайтыны күмәнсіз, оның сенімі Киелі Рух оның жүрегінде әрекет етуді қалайтынын және ендігі әрекет етіп жатқанының дәлелі болып табылады.

Құдай Өзінің құдіретімен әрекет етеді, бірақ адам да қол қусырып қарап отырмауы керек.

Құдай өмір сүрер күш-қайрат бермесе, адамдар ештеңе істей алмас еді. Ал адамдар бұл туралы еш ойланбастан өмір сүріп және әрекет етіп жатыр, өйткені олардың ағзасының жұмысын, барша істерін және жүріс-тұрысын қолында ұстап Тұрушы күш-қайратты күніне беріп тұрады. Рақымдылық та дәл осылай. Біз тәубеге келеміз және сенім артамыз, ал егер Құдай бұған қабілет бермесе, біз оның бірін де істей алмайтын едік. Біз күнәны тастап, Исаға сенім артамыз және бұл тілек пен әрекетті бойымызда Құдай рақымымен жасайтынын тек кейін байқаймыз.

Сөзбен түсіндіру қиын шындықтар өте қарапайым. Күнәкардың сенетіні және бұл сенімді оның бойына Киелі Рухтың ұялататыны туралы екі шындықтың арасында қарама-қайшылық жоқ. Жанына қауіп төніп тұрғанын ұқпай, мүлде қарапайым жайттан абыржитын хәлге тек санасыздық жеткізеді. Суға батып

бара жатқан адам құтқаратын қайықтан оны су бетінде ұстап тұратын заңды білмесе де ешқашан бас тартпайды. Аш адам ас қорыту процесімен таныс болмағандықтан ғана ас ішуден бас тартпайды. Оқырман, егер сіз барлық құпияларды біліп алмай, сенім артуды қаламасаңыз, онда ешқашан құтқарылмайсыз. Егер сіз қолдан жасап алған қиындықтарыңызбен Құдайдың және Құтқарушының кешірімін қабылдаудан өзіңізді тоқтатып кібіртіктесеңіз, онда сіз өлім құшасыз және оған өзіңіз кінәлісіз. Метафизикалық айла-әдістерді шешуге деген құмарлықтың кесірінен өз жаныңызды өлтіріп алмаңыз.

## Х тарау

### МЕНИҢ ҚҰНЫМДЫ ТӨЛЕУШІ

Осы уақытқа дейін мен оқырманға кінәлілердің ұлы үміті – айқышқа керілген Мәсіх туралы айттым, ал енді Иеміздің қайта тірілгенін және мәңгі тірі екенін еске алғанымыз дұрыс болар.

Сізден Мәсіхтің өліміне емес, біздің күнәларымыз үшін өлсе де, ақталуымыз үшін қайта тірілгеніне үміт арту талап етіледі. Сіз Исаға дос ретінде дәл қазір келе аласыз. Мәсіх естелік емес, Ол сіздің сиынғаныңызды еститін және оған құлақ асатын мәңгі тірі Тұлға. Ол Өзі өмірін қиған ісін жалғастыру үшін қайта тірілді. Ол Әкесінің оң жағында отырып, күнәкарлар үшін араша түседі: «Сол себептен Ол Өзі арқылы Құдайға сиынғандардың бәрін толықтай құтқара алады. Иса мәңгі өмір сүріп, олар үшін өтініш жасайды». Тірі Құтқарушының алдына келіңіз.

Иса – құдіреттіліктің шыңында. Ол енді адам секілді өз дұшпандарынан азап көрмейді және ағаш шеберінің баласы ретінде жұмыс істемейді, «Мәсіх күллі билік пен өктемдіктен, күш-қуат пен әкімшіліктен, осы және келешек замандардағы бүкіл атақ пен дәрежелерден де әлдеқайда үстем». Әкесі Оған көктегі және жердегі бар билікті берді және Мәсіх Өзінің рақымдылық ісін аяқтайды. Петірдің және өзге де елшілердің бас діни қызметкердің алдында Мәсіх туралы қалай куәлік

еткендері туралы оқыңыз: «Құдай Оны көкке көтеріп, Көсем және Құтқарушы ретінде Өзінің оң жағындағы ең құрметті орынға көтеріп жайғастырды. Осылай Ол Исраилдің бетін теріс жолдан қайтарып, күнеларын кешірімек» (Елш 5:30-31). Көкке көтерілген Иеміздің ұлы даңқы Оған сенген жүректерге үміт отын жағуға тиіс болды. Иса Мәсіх – ұлы Тұлға: Ол Құтқарушы; тәжин киіп тақта отырған – адамдарды Ақтап алушы. Өлім мен өмірдің үстінен шексіз билік жүргізу Оған тиесілі. Өке барлық адамдарды арашалау билігін Ұлға берді. Осылайша Иса Мәсіх өзі қалаған кез келген адамды тірілте алады. Оның ашқанын ешкім жаба алмайды. Өлім мен қарғыстың торына шырмалған жан Оның бір ауыз сөзімен бір сәтте еркіндікке шыға алады. Ол қолындағы аса таяғын созады және кім оған қолын тигізсе, сол өмірге ие болады.

Исаның тірі екені жақсы, өйткені күнә да, төн де, шайтан да тірі. Күнәнің төн мен шайтанның бізді құртуға мүмкіндігі болса да, Исаның одан да зор – бізді құтқару билігі бар.

Оның билігімен біз жарылқанамыз. Оның қол астына келгендердің бәрін құтқару жұмысын аяқтауға қажеттіні түгелдей беру үшін «Құдай Оны көкке көтеріп, Көсем және Құтқарушы ретінде Өзінің оң жағындағы ең құрметті орынға көтеріп жайғастырды». Өзінде бардың бәрін Мәсіх күнәкарларды құтқаруға жұмсауды қалайды. Ол Өзінің көсемдік әрекетін құтқарушылық әрекетімен ұштастыра істейді. Бұл дәл бір Оның даңқының тәжі іспетті, Ол Өзінің көкке көтерілгенін – адамдарға игілік әкелу үшін белгіленгенін көрсетеді. Исаны іздеген күнәкарлардың үміттерін жандандыратын бұдан артық не бар?

Әкесінің еркін орындаған Мәсіх ауыр азап шегіп көкке көтерілді және Әкенің даңқына бөленді, енді осы даңқты Ол Өз халқымен бөліскісі келеді. Оқырман жанарын өзіне көмек келуі тиіс көктегі даңқ тауына тіксің. Ол Көсем және Құтқарушының даңқын қарастырсын. Әлемнің әрі Жаратушысы, әрі күнәкарлардың Құтқарушысы болған керемет емес пе?! Біздің Патша сарайындағы мәртебелі тақта Досымыз бар. Өзіне сенім артқандарға көмектесу үшін Ол бар ықпалын пайдаланады.

Бір кезде шеге қағылып жарақат алған, қазір патшаның жүзігі мен мөрін ұстаған Исаның қолына өзіңіздің жаныңызды және бүкіл іс-қимылдарыңызды табыс етіңіз. Осы ұлы Қорғаушыға тапсырылған бірде-бір істің орындалмаған күні жоқ.

## XI тарау

### ТӘУБЕГЕ КЕЛУ КЕШІРІММЕН ҚАТАР ЖҮРЕДІ

Жоғарыда айтылғаннан тәубеге келу мен күнәлардың кешірілуі бір-бірімен тығыз байланысты екені анық көрінеді. Елшілердің істері кітабының 5-тарау, 31-аятында былай делінген: «Құдай Оны көкке көтеріп, Көсем және Құтқарушы ретінде Өзінің оң жағындағы ең құрметті орынға көтеріп жайғастырды. Осылай Ол Исраилдің бетін теріс жолдан қайтарып, күнәларын кешірмек». Осы екі сыйды біз бір кезде айқышқа шегеленген киелі қолдан аламыз. Тәубеге келу мен кешірім Құдайдың алдын ала белгілеуімен мәңгілік байланыстырылды, ал Құдай байланыстырғанды адам ажырата алмайды.

Тәубеге келу кешіріммен қатар жүреді, осы сұраққа сәл ой жүгіртсеңіз, мұның шындық екеніне көз жеткізесіз. Тәубеге келмеген күнәкардың күнәсін кешіруге болмайды. Оны кешіру дегеніміз – оның жаман қылықтарын қолдау және зұлымдыққа жеңіл қарауға үйрету. Егер де Құдай күнәкарға: «Сен күнәні жақсы көресің және күнәмен өмір сүресің, сен көптеген жамандықтар жасадың, бірақ соған қарамастан, Мен сені кешіремін», – дейтін болса, онда бұл қылмыс жасауға еркіндік жариялауды білдірген болар еді. Бұндай жағдайда қоғамдық тәртіптің түп-тамыры құритын еді, ал содан соң ар-ұяттан безген заманға тап болар едік. Тәубеге келуді кешірімнен ажыратқанды, яғни күнәкар әлі де күнә жасап жүрсе де оны кешірудің салдарынан орын алатын жамандықтарды мен санап бітіре алмаспын. Егер біз Құдайдың киелілігіне сенетін болсақ, онда біздің күнәға батып жүріп, тәубеге келуден бас тартсақ, кешірілу табиғатынан мүмкін емес екеніне таңданбаймыз. Мұндай жағдайда біз қасарысқанымыздың жемісін жеуге тиіспіз. Құдайдың шексіз рақымдылығына сай бізге уәде берілген: егер біз күнә жасауды доғарсақ, күнәларымызды мойындап, Иса Мәсіх арқылы ұсынылған рақымдылықты сеніммен қабылдасақ, онда әділетті де адал Құдай біздің күнәларымызды кешіреді және жалғандық атаулыдан тазартады. Ал зұлым жолды таңдап, өздерінің арсыздығын мойындағысы келмейтіндерге рақымдылық уәдесі берілмейді. Ашық көтеріліске қатысқан әрбір бүлікші өзінің сатқындығын патшаның кешіретініне үміттен алмайды. Бү-



кіл әлемнің Соты күнәларынан құтылғысы келмегендерді босатады деп ойлайтын санасыз адамның табылуы екіталай.

Сонымен қатар, тәубеге келу мен кешірім Құдайдың рақымдылығы толып кемелденуі үшін мықты байланыста. Күнәкарды кешіретін, бірақ соған қарамастан, оның күнәмен өмір сүре беруіне ерік беретін рақымдылық әрі ақсақ, әрі қолдары семіп қалған жарымжан құбылыс болар еді. Сіздіңше мыналардың қайсысы маңыздырақ: күнәнің кінәсінен тазару ма, әлде, күнәнің билігінен азат болу ма? Мен сіздің таразыңыздың табағына теңдесі жоқ осы екі сыйды салып жатпаймын. Исаның қымбат қаны болмаса, олардың ешқайсысы да біздің игілігімізге айналмас еді. Бірақ ақыры салыстыратын болсақ, онда менің ойымша бұл сыйлардың үлкенірегі – күнәнің билігінен азаттық алып, киелі болып Құдайға ұқсау. Кешірім алу – орасан зор мейірім. Бірақ кешірім алғаннан кейін әлде де біздің күнә жасап, азғындық өмір сүруімізге ерік берілсе, онда мұндай кешірімнен не пайда? Бұл бізге уланған тәтті тағам тәрізді өлім құшуға септігін тигізетін еді. Жуынып тазарғаннан кейін қайтадан батпаққа аунау және кешірім алып, денеде алапестің іздері жүрсе, рақымдылықты мазақ ету болып табылады. Егер мүрдені табыттан шығарып алсақ, бірақ ол өлі күйінде қала берсе, одан не пайда? Бірақ заңсыздықтарымызды кешіретін Құдай бізді сырқаттарымыздан да сауықтырады. Өткеніміздің дақтарын жуып-шаятын Ол осы шақта батпақтан шығуымызға көмектеседі және болашақта бізді шалыс басудан сақтайды. Тәубеге келуді де, кешірімді де қуанышпен қабылдайық – оларды ажыратуға болмайды. Рақымдылық ісін бөлу денені екіге бөлгенмен тең және мұндай бөлінуге жол бергендер рақымдылықтан үлес ала алмайды.

Құдайды іздеп жүрген сізге мынандай сауал қойғым келеді: сіз осы екі сыйдың тек біріне разы болар ма едіңіз? Құдай күнәларыңызды кешіріп, бірақ бұрынғыдай осы дүниелік және бұзылған адам болып қала беруіңізге ерік берсе, сіз бұған қанағаттанар ма едіңіз? Жоқ, қайта жаңғырған жан жазадан гөрі күнәдан көбірек қорқады. Сіздің жүрегіңіз: «Жазадан мені кім құтқарады?» – демейді. Ол: «Мен бейшара адаммын! Осы өлімге душар тәннен мені кім азат етеді? Барша азғырулардан жоғары болып, Құдай секілді киелі болуыма кім күш береді?» – деп айқайлайды. Тәубеге келу мен кешірімнің бірлігі әділдердің

қалауына сай келетіндіктен және құтқарылу мен киелілікке қажет болғандықтан, оның мәңгілікке қалатынына сенімді болуға болады.

Тәубеге келу мен кешірімнің бірлігі, сондай-ақ, барлық сенушілердің рухани тәжірибесінде де бір Бүтіндік құрайды. Шынайы және сеніммен өкініп тәубеге келген әркім кешірім алады; екінші жағынан, өз күнәларын мойындамаған кешірім алмайды. Жүрек тәубеге және Мәсіхке деген сенімге келмей тұрып күнәнің шайылуы ешқашан болмағанын және ешқашан болмайтынын ашық айтамын. Күнәні жек көру мен алынған кешірім жанға бір мезгілде енеді және сонда бүкіл өмір бойы қалады.

Тәубеге келу мен кешірім өзара әрекет етеді. Кешірілген адам тәубеге келеді және керісінше, еш күмәнсіз тәубеге келген адам кешіріледі. Назарыңызды бірінші кезекте кешірімнің тәубеге әкелетініне аударыңыз.

Егер біз кешірілгенімізге сенімді болсақ, күнәдан жиіркенеміз. Иса Мәсіхтің қаны бәрін қардай әппақ етіп тазартқанына еш күмәнданбайтын сеніміңіз кемеліне келген кезде, тәубеге келу де шыңына жетеді! Сенім өскен сайын тәубеге келу де ұлғаяды. Адамдар: тәубеге келу – бірнеше күннің, аптаның ісі емес немесе тез құтылатын ар-ұжданның уақытша қиналысы емес. Жоқ, тәубеге келу – сенім секілді бүкіл өмірге дарытылған жарылқау сыйы. Тәубеге келу – сенімнің ажырамас серігі. Көзбен көргенмен емес, жүрекпен сеніп өмір сүрген кезімізде, сенім көзімізден тәубенің жасын төгеді. Егер сенім арқылы келмесе, тәубеге келу шынайы емес және керісінше, егер тәубеге келумен байланысты болмаса, Иса Мәсіхке деген сенім шынайы емес. Сенім мен тәубеге келу сиям егіздері секілді бір-бірімен бірігіп тұр. Исаға қаншалықты дәрежеде сенетін болсақ, тәубеге де сондай дәрежеде келеміз және өз күнәларымызды қаншалықты дәрежеде мойындап, жамандықты жек көрсек, Мәсіх беретін кешірімнің кемелдігіне соншалықты дәрежеде қуанамыз. Егер де тәубеге келуді басыңыздан өткермесеңіз, сіз ақталғаныңызды ешқашан бағалай алмайсыз; ақталғаныңызды білмейінше, сіз тәубеге келудің ыдысын ешқашан сарқып іше алмайсыз. Бұл жайт бір түрлі болып көрінуі мүмкін, бірақ тәубеге келудің ащылығы мен кеші-

рім алудың тәттілігі бірігіп, әрбір ақталғанның өмірін теңдесі жоқ рахатқа бөлейді. Егер мен шынымен тәубеге келгеніме сенімді болсам, онда кешірілгенімді білемін. Керісінше, бұрынғы күнәкар өмір салтымнан бас тартпай, мен кешірім алғанымға сенімді боламын ба? Сенім мен тәубеге келу – бір дөңгелектің екі шабағы, соқаның екі тұтқасы. Шынайы тәубеге келу деген Өз күнәларына қатты өкінетін және олардан бас тартқан жүрек. Тәубеге келуді сондай-ақ бұрылыс және қайтып оралу деп атауға болады. Тәубеге келу – өткенге жаны ауырып өкінген және болашақта түзелуге бел байлаған ойлардың түбегейлі біржола өзгерісі. Кімде-кім Құдайға күнәларын жайып салып, өкініштен өзегі өртенсе, онда ол бұрын өзі ләззат алған күнәларынан біржола бас тартады.

Егер біз осындай күй кешсек, онда кешірім алғанымызға сенімді бола аламыз. Құдай күнәлары үшін өкінген және олардан бас тартқан әрбір жүректі кешірді. Екінші жағынан, егер біз Исаның төгілген қаны арқылы алған кешірімге қуанатын болсақ, егер біз сеніммен ақталған болсақ және Иеміз Иса арқылы Құдаймен татулықта болсақ, онда өзіміздің тәубеге келуіміздің шынайы, сеніміміздің – шынайы сенім екенін білеміз.

Тәубеге келу ақталудың себебі емес, ақталудың салдары деп қараңыз. Тәубеге келуге қабілеттілікті, Иеміз Иса Мәсіхтің рақымдылығын және Оның сіздің күнәларыңызды жоюға дайын екенін көрмей тұрып күтпеңіз. Тәубеге келу мен кешірімнің әрқайсысы өз орындарын алсын. Олардың өзара қарым-қатынасын қарастырыңыз. Тәубеге келу мен кешірім – құтқарылудың Жахины мен Боғозы. Мұнымен мен олардың Құдайдың киелі үйінің алдына Сүлеймен орнатқан екі үлкен бағанаға ұқсайтынын айтқым келеді. Олар киелі орынға апаратын салтанатты кіреберісті құрайды. Тәубеге келу мен кешірім бағаналарының арасынан өтпей, адам Құдайға келе алмайды. Тәубеге келудің көз жасының сәулесі толықтай кешірімді жарып өткен кезде, сіздің жүрегіңізде рақымдылық уәдесінің нұры жалындап жанатын болады. Күнәларды мойындау мен Құдайдың кешіріміне деген сенім – шынайы бет бұрудың іргетасы мен арқауы. Кешірім мен тәубеге келу бір бұлақтан бастау алады, ал бұлақты Құтқарушы береді. Өзінің баға жетпес даңқында Иса Мәсіх адамдарға кешірім мен тәубеге келуді кез

келген жерде және уақытта береді. Сіз мұндай сыйларды басқа ешкімнен ала алмайсыз. Олар Иса Мәсіхте дайын тұр. Ол бұл сыйларды Өзінің қолынан алғысы келгендердің бәріне тегін беруді қалайды. Мәсіх біздің құтқарылуымызға қажеттінің бәрін беретінін адамдар ешқашан ұмытпауы керек. Тәубеге келу – күнәні жоятын татуластыру құрбандығы секілді рақымдылық ісі. Құтқарылу басынан аяғына дейін тек рақымдылықпен атқарылады. Оқырман, сіз мені дұрыс түсінерсіз! Киелі Рух тәубеге келмейді, Ол тәубеге келетіндей ештеңе істеген жоқ. Мәсіх те тәубеге келмейді. Ол не үшін тәубеге келуі тиіс? Біз рухымыздың толық келісімімен өзіміз тәубеге келеміз. Ерік, бейімділік, сезім – тәубеге келтіретін рақымдылық ісінде бәрі келісіп әрекет етеді. Әйтсе де біздің тәубеге келуіміздің артында, жүректі жұмсартатын, өкініштен өзекті өртейтін және бойымызда толықтай өзгеріс жасайтын құпия, киелі әсер тұр. Құдайдың Рухы жүрегімізге нұрын түсіреді, сонда біз күнәнің не екенін түсіне бастаймыз. Осы арқылы Ол бізге күнәдан жирену сезімін сіңіреді. Құдайдың Рухы киелілікке бағыттайды, сонда біз оны шын жүректен бағалап, құлай сүйе бастаймыз және оған қол жеткізуді қалаймыз. Осылайша, Ол бізге киеліліктің бір сатысынан екіншісіне өтетін қозғаушы күш береді. Құдайдың Рухы Өзінің игі еркімен біздің бойымызда тілек орнатып, әрекетке ықпалдайды. Бізді Өзінің рақымының молдығынан екі түрлі игілік: тәубеге келу мен кешірім беретін осы Рухтың алдында Исаға алып келуі үшін тағзым етейік. «Оның рақымымен ғана құтқарылдыңдар».

## **XII тарау**

### **ТӘУБЕГЕ КЕЛУ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ**

Елші Петірдің тамаша куәлігіне тағы да жүгінейік: ««Құдай Оны көкке көтеріп, Көсем және Құтқарушы ретінде Өзінің оң жағындағы ең құрметті орынға көтеріп жайғастырды. Осылай Ол Израилдің бетін теріс жолдан қайтарып, күнәларын кешірімек». Иеміз Иса Мәсіх жерге рақымдылық төгілу үшін көкке

көтерілді, Оның даңқы рақымдылықтың молынан таралуына қызмет етеді. Көкке көтерілген Иеміз үнемі бір мақсатты тіледі: Ол күнәкар сенушілерді Өзімен бірге көкке алып кетуді қалады. «Ол бізге тәубеге келуді беру үшін көкке көтерілді»; егер бірнеше ұлы шындықты есімізге түсіретін болсақ, біз мұны түсінеміз.

Иеміз Иса Мәсіх атқарған іс тәубеге келуді мүмкін және қабылданатын етті. Заң тәубеге келу туралы айтпайды, ол былай деп анық айтады: «Күнә жасаған жан өлуі тиіс». Егер де Иеміз Иса Мәсіх өлмегенде, қайта тірілмегенде және көктегі Өкесіне көтеріліп кетпегенде, сіздің және менің тәубеге келуіміз нені білдірер еді? Біз тәубеге келудің үміттерін емес, ар-ұжданды қинайтын үрейді сезіне аламыз. Әдеттегі табиғи сезім ретінде өкініш – айырықша мақтауға тұрмайтын жалпыға ортақ міндет. Іс жүзінде ол әдетте жазаға тартылудан қорқумен араласып кетеді. Егер де Өзінің сіңірген зор еңбегімен Иса Мәсіх араша түспегенде, онда біздің тәубеге келіп төккен көз жасымыздың жерге төгілген жай судан артық құны болмас еді. Біздің тәубеге келуіміз Исаның қолдауының көмегімен Құдайға жетуі үшін Ол көкке көтерілді. Ол біздің тәубеге келуімізді Құдай қабылдайтындай етті. Біздің тәубеге келуіміз өздігінен ешқашан ондай дәрежеге жете алмас еді. Иса Мәсіх көкке көтерілген кезде, біздің бойымызда керекті игілік жүзеге асу үшін Киелі Рух қауымға құйылды. Киелі Рух табиғаттан тыс күшпен біздің болмысымызды жаңартады және тәнімізден тас жүрегімізді алып тастап, бойымызда тәубеге келуді тудырады. Басыңды төмен салып, көз жасын төгу үшін күшіңді босқа сарп етпе. Біздің қыңыр болмысымызға тәубеге келу тән емес, ол шексіз еркін рақымдылықтың сыйы. Бекерге оңашаланба және тас жүрегіңде жоқ сезімдерді шығаруға тырысып, қуыс кеуденді соққылама. Фолғотаға шығып, Мәсіхтің қалай өлтірілгенін көр. Назарыңды көмек келетін тауларға тік. Жаратылыстың басында, түпсіз тұңғықтың бетінде қалықтап, бәрін үйлесімдікке келтіргендей, Киелі Рух біздің жанымызға нұр төгіп, онда тәубеге келуді ояту үшін келді. Оған былай деп сиын: «Киелі Рух, менің бойыма қоныстаншы. Күнәні жек көріп, шын өкінуім үшін жүрегімді жұмсақ және момын ете гөрші!» Ол сенің жан айқайыңды естиді және жауап береді.

Көкке көтерілген Иеміз Иса Мәсіх бізге Өзінің Рухын жіберу арқылы тәубеге келуді ғана беріп қоймай, сондай-ақ Өзінің Жаратушы құдіреті ең ұлы мақсатын тәмәмдауға біздің құтқарылуымызға арнағанын да есіңізге алыңыз. Мейлі, ол әтештің шақыруы болсын (Петірдің есіне көп нәрсені салған) немесе түрменің күзетшісін тәубеге әкелген түрменің шайқалуы болсын, олардың әрқайсысы бізді тәубеге келуге шақыра алады. Құдайдың оң жағында отырған Иса Мәсіх жер бетіндегінің бәрін басқарады және Оның ақтап алғандарының құтқарылуы үшін оларды бірлесе әрекет етуге мәжбүрлейді. Күнәкарлардың бойларында Құдайға деген ең дұрыс қарым-қатынасты туғызу үшін Ол ащы мен тәттіні, қайғы мен қуанышты қолданады. Өзіңізді Оның бейшара, ауру және қайғылы еткеніне алғыс айтыңыз: осы арқылы Иса сіздің жаныңызға өмір орнатады және Өзіне тартады. Құдайдың рақымдылығы біздің жүрегіміздің қақпасының алдына көбінесе қайғы мен қасіреттің қара атына мініп келеді. Бізді жерден жұлып алып, көкке алып кету үшін Иса біздің тәжірибеміздің барлық қорын қолданады. Қатып қалған жүректерді тәубеге келудің жұмсартушы, мейірімді әсерінің астына әкелу үшін Ол көктегі тағына көтерілген.

Иса ар-ұятымыздың ақырын даусымен Киелі Жазбаны талқылауда достарымыздың сиынуы арқылы қазір де әрекет етуде... Мұсаның таяғы жартасты жарғандай, Ол сіздің тас жүрегіңізді сындыра алатын сөз жібереді, сонда тәубеге келіп көз жасыңыз көл болып ағады. Ол сізді жұмбақ жолмен жұмсартып, күтпеген жерден сізге тамаша көңіл-күй сыйлай алады. Өзінің даңқына бөленіп Көктегі Өкесінің мәртебелі кереметі мен ұлылығынан орын алған Исаның Өзі кешіргендерін тәубеге әкелуге пайдаланатын сансыз көп жолдары бар екеніне сеніміңіз нық болсын. Тәубеге келуді берейін деп Ол қазір де күтіп тұр. Оқырман, бөгелмеңіз, Одан тәубеге келуіңізді сұраңыз.

Тәубеге келуді Иса, біздің байқауымызша, ең әділетсіз дегендерге дарытады. Лайым, осы сізге жұбаныш болсын. Ол көкке Исраилді тәубеге әкелу үшін де көтерілді. Исраилге? Елшілер осыларды жазған кезде Исраил нұр мен сүйіспеншілікке қарсы өте ауыр күнә жасады және олар өз кінәларын Иемізді

айқышқа керумен аяқтады және: «Оның қаны біздің және ұрпақтарымыздың мойнында болсын!» – деуге дейін барды. Исаны яһудилер өлтірді, бірақ соған қарамастан, Иса оларды тәубеге әкелу үшін көкке көтерілді. Рақымдылық неткен керемет десеңізші! Оқырман, егер сіз мәсіхшіліктің нұрлы ортасында тәрбиеленсеңіз де, Оны өзіңізден кері итерсеңіз де сіз үшін әлі рақымдылық бар. Егер де өз ар-ұжданыңызға, Киелі Рухқа және Мәсіхтің сүйіспеншілігіне қарсы күнә жасасаңыз, тәубеге келуге әлі де мүмкіндігіңіз бар. Егер жүрегіңіз истраилдіктер секілді қатып қалса да, ол жұмсара алады, себебі Иса Мәсіх көкке көтерілді және Оған шексіз билік берілді. Ол өте ауыр күнәға батып, көп зұлымдық жасағандарға да тәубеге келу мен кешірім береді. Мен осындай толық, кемелді Ізгі хабарды жариялау мүмкіндігіне ие болғаным сондай бақыттымын! Осы Ізгі хабарды естігеніңізге бақыттысыз ба?

Израилдің балаларының жүректері алмастай болып қатайған. Лютер, тіпті яһудилердің Құдайға бетін бұрғызу мүмкін емес деп есептеді. Біз мұндай пікір айтудан аулақпыз, дегенмен, Израил ұрпағының талай ғасыр бойы Құтқарушыдан бас тартып келгендерін мойындау қажет. Олар туралы Иеміз былай деді: «Израилдің ұрпағы Маған бағынбады». Бұл, шынында да солай болды. Мәсіх «Өзі таңдап алған халқына келгенімен, олар Оны қабылдамады». Бірақ, соған қарамастан, Израилді тәубеге әкеліп кешірім беру үшін Иеміз Иса Мәсіх көкке көтерілді. Сірә, менің оқырманым яһуди емес шығар, бірақ ол да Иеміз Исаға ұзақ уақыт бойы қарсыласып келген тас жүрек болуы мүмкін, ал Құдай оны да тәубеге әкеле алады.

Ол арыстанды тоқтыға, қарғаны – көгершінге айналдыра алады. Одан біздің бойымызда осы ұлы өзгерісті жасауын өтінейік. Мәсіхтің өлім құшқан сәтін көз алдыңызға елестету – тәубеге апаратын ең әсерлі оқиға. Оқырман, өзіңіздің бұзылған болмысыңыздың кеуіп қалған құдығынан тәубеге келуді шығарамын деп босқа талпынбаңыз. Жанды осылай ізгілікке күштеп мәжбүрлеу рухани әлемнің заңдарына қайшы келеді. Одан да жүрегіңізді оны Түсінетінге сиынып арнаңыз және Оған былай деңіз: «Тәңірім, менің жүрегімді тазартшы, оны қайта жаңартып, тәубеге келтірші!» Өз жүрегіңізден тәубеге келу сезімін күштеп шығаруға қаншалықты тырыссаңыз да,

бұл талпыныстарыңыздың бекер екеніне соншалықты көзіңіз жетеді. Ал егер сіз өзіңіз үшін жанын қиған Иса туралы сеніммен ойлай бастасаңыз, онда тәубеге келу сіздің жүрегіңізде жолды жарып шығады. Сізге деген сүйіспеншілігімен қанын төккен Құтқарушыға көз алмай қараңыз. Сұмдық оқиға: қан жуған тер, айқыш пен азап рухани көзіңіздің алдынан жүріп өтсін. Сіз осылай қарап тұрған кезде, қасіреттің жүгін мойнына артқан Ол сізге көз тастайды. Осы көзқарас бойыңызда бір кезде дәл Петірге істегенін қайталайды: сіз сыртқа шығып, көз жасыңызға ерік бересіз. Сіз үшін өлген Мәсіх Өз рақымының Рухы арқылы сізді күнә үшін өлі ете алады. Сіз үшін көктің даңқына көтерілген Ол, жаныңызды Өзінің артынан, жамандықтан алысқа – киелілікке ертіп кете алады.

Қымбатты оқырман, осы кітапты оқып шыққаннан кейін мыналарды есте ұстағаныңызды қалар едім: мұздың астынан от іздемеңіз, тәубеге келуді өзіңіздің осы дүниелік жүрегіңізден іздемеңіз – ол онда жоқ. Өмір сүргіңіз келсе, мәңгі өмір Сүретінге назар аударыңыз. Исаға қараңыз: сіз Одан тозақ қапасына тап болмауыңызға қажеттінің бәрін аласыз. Тек Мәсіх Өз қалауымен бере алатынды басқа жақтан іздемеңіз.

### **XIII тарау**

## **СЕНУШІНІҢ КҮНӘҒА БАТЫП ҚҰЛАУДАН ҚОРҚУЫ**

Мәсіхке келгендердің көпшілігі соңына дейін шыдай алмаймыз деген үрейге бой алдырады. Құдайды іздеушілер кейде былай дейді: «Егер мен Исаға үміт артсам, бірақ содан кейін шыдамым жетпей, өлімге душар болсам қайтем? Менде жақсылықтың сезімдері бұрын бар еді, енді олар сөніп қалды. Жақсылықтың сезімдері ақ бұлт пен таңғы шыққа ұқсайтын. Олар кенеттен маған келді және біраз уақыт бірге болып, талай уәде берді де... жоғалып кетті».



Менің ойымша, бұл қорқыныш көбіне сіз сескенетін жайттың орындалуын туындатады. Мәсікке мәңгілікке сенім артуға талпынғандардың көпшілігі сенімдері ешқашан құтқарылу күшіне ие болатын дәрежеге жетпейтін, уақытша сенім болғандығының кесірінен жеңіліс тапты. Олар Исаға белгілі бір деңгейде сенім артты, бірақ көктегі рахатқа апаратын жолға қажет төзімділік пен тұрақтылықты олар өздерінен күтті және мұның салдарынан, әрине, сенімнен айырылды. Егер де біз сүйеніп сенуді өзімізге артатын болсақ, онда біз төтеп бере алмаймыз. Егер біз тіпті құтқарылуымыздың бір бөлігін Исадан күтіп, қалған бөлігінде өзімізге үміт артатын болсақ, онда толықтай жеңіліс табамыз. Әлсіз бөлігі бар шынжыр берік бола алмайды. Егер де Исаға деген үміт қажетті пункттердің бәрінде болып, тек біреуінде болмаса онда біз сәтсіздікке ұшыраймыз, себебі біз дәл сол пунктте ұятқа қаламыз. Мен сенімде болу туралы теріс түсініктің, бір кездері «жақсы келе жатқан», адамдардың көпшілігіне кесірін тигізгеніне сенімдімін. Оларға сапарын әрі қарай жалғастыруға не кедергі болды? Олар өздеріне үміт артты. Егер сіз өз сапарыңыздың басында Мәсікке үміт артқан болсаңыз, оның соңында өзіңізге үміт артып кетуден сақтаныңыз. Ол Алғашқы, енді Оның Соңғы да болуына күш жұмсаңыз. Рухпен бастаған құтқарылуыңызды тәни болмыспен аяқтау туралы ойыңызға алмаңыз. Сапарыңызды қалай жоспарласаңыз, солай бастаңыз, қалай бастаған болсаңыз, солай жүріңіз және сіз үшін бастысы Құдай болсын. Шіркін, Киелі Рух Иеміздің қайта оралатын күніне дейін бізді сақтауға құдіреті жететін күштің қайдан келетінін анық түсіндіріп берсе ғой!

Қорынттықтарға арналған хатында елші Пауыл былай деп жазады: «Осылай сендер Киелі Рух сыйлайтын дарындардан ешқандай тапшылық көрмей, Иеміз Иса Мәсіхтің салтанатпен көрінуін сағына күтудесіндер. Иеміздің қайта оралатын сол күні еш айыпталмауларың үшін Тәңір Ие сендерді өмірлеріңнің аяғына дейін табанды етпек. Құдай уәделеріне берік, Ол сендерді Өзінің Ұлы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болуға шақырған» (Қор1 1:7-9). Бұл сөздер Иеміздің Қорынт қауымын қамқорлағанынан хабардар етеді. Біз Иеміз қолданған шаралардың бәрінің қажетті екеніне толықтай сенімді бола аламыз – рақымдылықтың Келісімінде артық ештеңе жоқ.

Сүлеймен патшада алтын қалқандар еш қолданылмай ілініп тұратын, ал Құдайдың қарамағында мұндай қажетсіз заттар жоқ. Құдай дайындағанның бәрі бізге қажет екені еш күмәнсіз. Құдайдың барша уәделері, рақымдылық Келісімінің қабылдаған кез келген шарасыз осы сағаттан бастап, барлық істер аяқталғанға дейін қажет болады. Сенуші жанға сенімінің сақталуы үшін нығаю, төзімділік, тұрақтылық аса қажет. Бұған, тіпті ең мықты деген сенушілердің өздері мұқтаж. Мына сөздерді елші Пауыл: «Мен Құдайға әрдайым сендер үшін шүкірлік етемін, өйткені, Ол өздеріңе Иса Мәсіх арқылы рақымын сыйлады», – деп айтуға лайық Қорынттағы киелілерге жазды. Аяқтарына нық тұрып, күреске шыдағылары және одан жеңімпаз болып шыққылары келетіндер, үнемі жаңа рақымдылыққа мұқтаждықты сезінеді. Егер сіз киелі болмасаңыз, онда рақымдылыққа ие болмас едіңіз және өзіңізге рақымдылықтың барған сайын көп керек екенін сезінбегес едіңіз. Бірақ та сіз Құдайдың қайраткері болғандықтан, рухани азыққа тұрмыста ұдайы мұқтажсыз. Мәрмәр мүсін тағамды қажет етпейді, ал нанмен және сумен қамтамасыз етілмесе, тірі адамның қарны ашады, шөлдейді, оларсыз өз жолында әлсіреп қалар еді. Сенуші адамның жеке қажеттіліктері барша игілік атаулының ұлы бастауынан күнделікті татып тұруды талап етеді. Егер де өзінің жүгіріп баратын Құдайы болмаса, ол не істер еді?!

Қажеттілік өзінің бастауын негізінен біздің «Мен» дегеннен алады. Өздерінің жігерсіздіктерін білетін кейбіреулер рақымдылықта төтеп бере алмаймыз ба деп қатты қорқады. Жігерсіздік – талай адамның мінез-құлқының табиғи ерекшелігі. Кейбіреулер болмысынан кертартпа, тіпті, қиқар, ал екіншілері құбылмалы, жалтақ болады. Олар еш жерге тамыр жаймай, көбелек секілді қалықтап ғұмыр кешеді. Олар бір істі дұрыс тәмәмдап үлгеретіндей дәрежеде, ешқашан бір жерде тұрақтамайды. Олар өздерінің жұмыстары мен рухани қызметіне де дәл осылай қарайды. Сірә, олар іштей үрейленіп: «Он, жиырма, отыз, қырық, мүмкін, тіпті елу жыл рухани сергектік мен үшін тым ауыр талап қой», – деп ойлайтын болуы керек. Мен үздіксіз бір қауымнан екіншісіне ауысып, ақырында өз бағыттарынан мүлде айырылып, содан әбден көңілдері қалған адамдарды көп кездестірдім. Мұндайлар Құдайдан өздерін

нығайтып, жігерлі етуін сұрап сиынуы қажет, әйтпесе олар Құдайдың ісінде өсе алмайды.

Егер бізді Құдай тірілткен болса, онда, тіпті мінез-құлқымыздан жігерлі болсақ та, бәріміз өзіміздің әлсіздігімізді сезінуге тиіспіз. Қымбатты оқырман, сіз өзіңіздің жиі сүрінетініңізді байқамайсы ба? Кемеліне жеткен киелілікте өмір сүруді қалайтын сіз, алдыңыздан мәсіхшінің қандай болуы керектігінің ұлы идеалын көріп тұрған сіз, үстелден таңғы астың ыдыстары жиналып үлгермей жатып-ақ бойыңызда ұяттан жерге кірер сезімі оятуы тиіс қаншама жарыместік жасап үлгергеніңізді байқаған кездеріңіз бар ма? Егер біз сопының тұрағына оңаша тығылсақ та азғыру артымыздан қалмас еді, себебі біз өз-өзімізді жеңбейінше, күнәнің азғыруынан құтыла алмаймыз. Жүрегімізде бізді Құдайдың алдында сергек және мойынсұнған қалыпта ұстап тұратын Рух бар. Егер де Ол бізді нығайтпайтын болса, әлсіреп сүрінеміз де, құлап қаламыз. Тәңірім, біздің күшқуатымыз болшы! Өйткені бізден қайыр жоқ, әліміз құрыған.

Өзіміздің мәсіхшілік еңбегімізді бастағанда, біз «қырандай қанат жаямыз». Содан соң біз «жүгіреміз, бірақ та шаршамаймыз». Ал ең жақсы жемісті кездерде, қанша жүрсек те шаршамаймыз. Біздің қадамымыз баяулады, бірақ есесіне нық басамыз және маңайымызға «беделімізбен» ықпал ете бастаймыз. Мен Құдайдан бойымызда жастықтың күшқуатының қалуын сұраймын, себебі ол тәкаппар тәннің ұмтылысы емес, рухтың күші. Мәңгілік рахатқа апаратын жолда, ұзақ уақыт келе жатқан адам жол өте ауыр болғандықтан, темір мен мыстан аяқ киім киесіңдер деген өсиеттің орынды екенін біледі. Ол жолында «қиындық төбелерінің», «қорлық көру алқабының» (Д.Буньян «Рухан саяхат») кездесетінін біледі. «Өлім көлеңкесі алқабының» және одан да сорақысы, «Құр бекершілік жәрмеңкесінің» бар екенін біледі. Саяхатшы осылардың бәрінен өтуі тиіс. Егер де «қуаныш таулары» бар болса (ондайлардың бар екеніне Құдайға шүкір), онда саяхатшыға жақсы таныс «түңілу қамалы» да бар. Кейбіреулердің осының бәрінен өтіп, соңына дейін киеліліктің жолында қалатындарын ғажайып деп есептеуге болады.

«О, ғажайып әлем – сені басқаша атай алмаймын!» Мәсіхшілік өмірдің күндерінің саны Құдайдың адалдығының алтын

жібіне тағылған рақымдылық гауһарының санына сәйкес келеді.

Көкте періштелерге, «ел басшыларына және басқа да билік иелеріне» өзімізге берілген және жерде болған кезімізде дәмін татқан Мәсіхтің зерттеп бітпес байлықтары туралы әңгімелейтін боламыз. Біз өлім аузында тұрып аман қалдық! Біздің рухани өміріміз теңіздің ортасында жанып тұрған жалын болды, ол ауада қалықтаған тасқа ұқсас болды. Иеміз Иса Мәсіх қайтып келген күні інжу қақпаға күнәдан пәк күйде кіріп келе жатқан бізді көргенде бүкіл дүние таңданып, аһ ұратын болады. Амандықта өткізген әрбір сағатымыз біздің бойымызда алғысқа толы масаттану сезімін туғызуы тиіс.

Іс осымен біткен күннің өзінде біз мазасызданатын себеп жеткілікті болар еді. Бірақ, іс шын мәнінде мұнымен аяқталмайды. Қайда өмір сүріп жатқанымызды есімізге алайық. Құдай халқының көпшілігі үшін бұл дүние – ұлыған қорқауларға толы шөл дала. Құдайдың алдын ала белгілеуімен қайсы біреулерінің өмірі жақсы өтіп жатыр, ал екіншілері ауыр күрес арқылы өтуде. Біз таңды сиынумен бастаймыз және үйлерімізден рухани өлеңдер үнін жиі естиміз, бірақ көптеген әділетті адамдар төсегінен тұрып үлгермей, әр күнін былапыт, жаман сөздермен қарсы алады. Жұмыста олар күні бойы Содомда әділетті Лұтты азаптағандай жаман сөздер естуге мәжбүр болады. Біздің кезімізде көшеде келе жатып балағат сөз естімеу мүмкін емес. Бұл дүние ешқашан рақымдылықтың досы болған жоқ. Біздің қолымыздан келетін ең дұрысы, оның арасынан дұшпандардың қасынан өткендей тезірек кетуге тырысу. Бізді әр бұтаның түбінде қарақшы күтіп тұрады. Барлық жерде семсерімізді жалаңаш ұстап жүруге, ең күшті қаруымыз – үздіксіз сиынып жүруге тиіспіз. Бізге жолымыздың әрбір елшенетін өлшемін шайқаспен алуға тура келеді. Осы жағынан адаспаңыздар, әйтпесе қатал өмір шындығы сіздердің нәзік қиялдарыңызды күл-талқан етеді. Құдайым, көмектесші өміріміздің соңына дейін, бізді Өзіңнің қолыңда ұсташы. Егер Сен көмектеспесең, күйіміз не болады?!

Шынайы сенім өзінің басталуында табиғаттан тыс ғажайып, ол өзінің жалғасында табиғаттан тыс ғажайып және өзінің соңында да табиғаттан тыс ғажайып. Ол басынан бастап аяғына

дейін Құдайдың ісі. Біз Құдайдың қолының үстімізде қорғап тұруына мұқтажбыз. Қазір мұны менің оқырманым да сезініп отыр. Мен бұған қуаныштымын: енді ол өзінің амандығын, бізді құлаудан сақтап және Өзінің Ұлында қайта жаңғыртқан қолынан бәрі келетін Құдайдан күтетін болады.

## **XIV ТАРАУ**

### **ҚҰТҚАРЫЛУДА ТАБАНДЫ БОЛУ**

Менің елші Пауыл барлық киелілер үшін сондай сенімділікпен күткен құтқарылуда табанды болу жайында айтқым келеді. Пауыл былай дейді: «Иеміздің қайта оралатын сол күні еш айыпталмауларың үшін, Тәңір Ие сендерді өмірлеріңнің аяғына дейін табанды етпек». Бәрінен де қажет жігерлендіру, міне, осы. Көріп тұрсыздар ма: адамдар әділдік істеу үшін әуелі сол істе табанды болуы тиіс. Адамды күнә мен адасу жолында табанды ету сұмдық болар еді. Маскүнемдікке, ұрлыққа және өтірік айтуға нығайтылған адамды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Егер де адам сенбеушілік пен құдайсыздықта табанды болса, бұл өкінішті болар еді. Құдайдың нығайтуын тек Оның рақымымен таныс адамдар ғана пайдалана алады. Бұл нығайту – Киелі Рухтың ісі. Бізге сенім Беруші оны нығайтады; сүйіспеншілік Беруші оны қорғайды және оның жалынын көбейтеді. Оның үйреткендерін Киелі Рух әрі қарай өзінің кеңестерімен анық және сенім арта түсіп ұғынуымызға көмектеседі. Киелі әрекеттер біздің бойымызда әдеттегі істерге айналғанша, ал киелі сезімдер – өзгермейтін жағдайға айналғанға дейін Ол нығайта береді. Тәжірибе мен жаттығулар көзқарастарымыз бен шешімдерімізді нығайтады. Қуанышпен қайғы, табыстар мен сәтсіздіктер, ағаштың баяу самалдан да, қатты желден де тереңірек тамырлана түсетіні секілді, бұлардың бәрі де бір мақсатқа киеліленеді. Санамыз ақыл-кеңестер алады және дұрыс жолда болудың маңыздылығын

барған сайын көбірек ұғады. Жүрек жұбаныш тапқандықтан ол жұбаныш беретін шындыққа мықтырақ жармасады. Адамның өзі батыл, әрі мықты бола түседі. Бұл нығайту – бұл жай ғана табиғи өсу емес, бұл дәл бет бұру секілді Киелі Рухтың ісі. Бұл нығаяды Өзінің қолынан мәңгілік алуды күтетіндерге Құдай беретіні күмәнсіз. Біздің жүрегіміздегі әрекеті арқылы Ол бізді жігерсіздіктен азат етеді және іргетасымызды нығайтады. Ол бізді Мәсіхте нығайтады және бізді Онымен бірге болуға мәжбүрлейді. Бұл әрекет – біздің құтқарылуымыздың бір бөлігі. Қымбатты оқырман, сіздің бұл көмекті Құдайдан күнделікті күтуге құқыңыз бар және бұдан алданбайсыз. Сенім артқаныңыз сізді судың жағасында өсіп тұрған, жапырақтары ешқашан солмайтын ағашқа ұқсас етеді.

Табанды мәсіхші – қауым үшін қандай күш десеңізші! Ол қайғырғандарға жұбаныш, әлсіздерге көмек береді. Сіздің осындай мәсіхші болғыңыз келмей ме? Табанды сенушілер – біздің Құдайымыздың үйіндегі мықты бағаналар. Олар пайдасы жоқ ілім атаулының әсеріне берілмейді және кенеттен тап болған азғыруларға бой бермейді. Олар – өзгелер үшін үлкен тіреу және аумалы-төкпелі заманда зәкірдің қызметін атқарады. Киелі өмірді жаңа бастаған сіздің соларға ұқсас болуға батылыңыз өзгер барарды. Бірақ саспаңыз! Мейірімді Құдай оларға қалай әрекет етсе, сізге де дәл солай әрекет ететін болады және уақыты келгенде, сізде қауымдағы әкеге айналасыз. Осындай ұлы нәтижеге үміттеніңіз және оған атқарған істеріңіз үшін берілген сыйлық немесе күш-қуатыңыздың нәтижесі ретінде емес, рақымдылықтың сыйы ретінде үміт артыңыз.

Киелі Рухпен шабыттанған елші Пауыл мұндайлардың соңына дейін нығайтылатынын айтады. Құдайдың рақымының оларды соңына дейін немесе Иеміз Иса Мәсіхтің екінші рет келуіне дейін сақтайтынына және барлық жердегі Құдай қауымдарының Иса Мәсіхтің келуіне дейін, Оның қалыңдығы ретінде аман сақталатынына ол сенімді. Мәсіхтегінің бәрі сол күнге дейін Онымен нығайтылады. Ол: «Мен қайта тірілемін, сондықтан, сендер де мәңгілік өмірге ие боларсыңдар», – деді емес пе? Тағы да Ол былай дейді: «Соларға мәңгілік өмір беремін. Олар ешқашан жойылмайды, ешкім оларды Менің қолымнан тартып та алмайды». Біздің бойымызда жақсы іс

бастаған Мәсіх келетін күнге дейін оны аяқтайды. Жан дүниедегі рақымдылық ісі – сырттай ғана жақсару емес. Қайта жаңғырғаннан кейінгі өміріміз – әрқашан тірі, барлық уақытта мызғымайтын және мәңгілік тұқымнан шығады. Бізді мәңгілік өмірге деген сеніміміз арқылы Құдайдың құдіреті қорғайды. Әділетті Құдай Өзінің жолын аман сақтайды. Сенушілер атқарған істерінің немесе күштерінің арқасында емес, еркін және еңбек сіңірілмеген рақымдылықтың сыйының арқасында «Иса Мәсіхте сақталады». Иса Өзінің отарынан бірде-бір қойдың жоғалғанын қаламайды, Оның денесінің бір мүшесі де өлуге тиіс емес, Ол асыл тастарын санаған кезде, олардың бәрі өз орындарында тұрулары тиіс. Қымбатты оқырман, біз сенімімізбен алатын құтқарылу айлармен немесе жылдармен шектелмейді. Өйткені, Иеміз Иса Мәсіх «бізді күнәмыздан арылтып, мәңгілік азат етті». Ал мәңгіліктің шегі болмайды.

Елші Пауыл Қорынт қаласының киелілерін «Иеміздің қайта оралатын сол күні еш айыпталмаулары үшін Тәңір Ие өмірлерінің аяғына дейін табанды етеді» деп үміттенеді. Бұл айыпталмау – сақталуымыздың қымбат бөлігі. Киелілікте сақталу – бұл тамаша ғой! Бір қателіктің артынан екіншісін жасап, сүріншектеп жүрген сенушілерді көру өкінішті-ақ. Олар өздерін айыпталудан азат ете алатын Құдайдың күшіне сенбейді. Мұндай мәсіхшілердің өмірлері сүрінудің тізбегіне ұқсайды, олар мүлде құлап та қалмайды, бірақ аяқтарында да нық тұра алмайды, сенушіге бұлай болу мүлде жараспайды. Сенушіге өз сапарын Құдаймен бірге өту ұсынылған және сенімі арқылы ол ұдайы киелілікте болуға қол жеткізе алады. Құдай бізді тозақтан ғана емес, сондай-ақ құлаудан да сақтай алады. Біз азғыруға төтеп бере аламыз, себебі былай деп жазылған: «Сондықтан, күнә ажалды тәндеріңді билемесін!» Құдай Өз киелілерінің сапарын қорғайды және Ол мұны біз Өзіне сенім артқан жағдайда істегенді қалайды. Оның рақымы арқылы өзімізді осы дүниеден таза сақтай аламыз және осылай істеуге міндеттіміз, себебі киелі болмай Құдайды ешкім де көре алмайды.

Елші сенушілерге «Иеміздің қайта оралатын сол күні еш айыпталмаулары үшін» табанды болуды насихаттайды. Сол ақырғы күні біздің барша айыптау атаулыдан аулақ болуымыз-

ға, бізді Құдайдың ақтап алғанына ешкімнің дауы болмауына лайым Құдай бұйыртсын. Біз күнеларымыз бен әлсіздіктеріміз үшін өкінеміз, бірақ бұлар Мәсіхте емес екенімізді білдірмейді. Біз екіжүзділіктен, алдаудан, жеккөрініштен және күнәға деген сүйіспеншіліктен азат болуға тиіспіз. Бұл кемшіліктер өлім үкімін шығаруға себепкер болды. Біздің кемшіліктерімізге қарамас-тан, Киелі Рухтың бойымызда әрекет жасайтыны сондай, біз адамдардың алдында еш кінәратсыз және еш кемшіліксіз тұрамыз, сондықтан жамандық қуғандар бізге ешқандай кінә таға алмайтын болады, алайда сенімімізге бола пәле жабуы мүмкін. Құдайды қастерлейтін талай кісі кіршіксіз таза өмір сүреді және олар жайында ешкім жаман пікір айта алмайды. Иеміз көптеген сенушілер туралы бір кезде алдында тұрған шайтанға Әйүп туралы айтқанын қайталайды: «Менің қызметшім Әйүпке көңіл бөлдің бе? Жер бетінде ол сияқты кінәратсыз да әділ, Құдайын терең қастерлейтін, жамандықтан аулақ жүретін ешбір жан жоқ. Оны еш себепсіз құрту үшін Мені қанша түрткілесен де, ол өзінің кінәратсыздығын сақтап келеді». Оқырман, міне, осыған ұмтылуы тиіс; Иеміздің қолынан осыны күту қажет.

Киелілердің шарықтауы, асқар биігі – Ол Қайда бастаса да, Тоқтының соңынан еру және тірі Құдайдың алдында, өздерінің кінәратсыздықтарын сақтау. Алған бетіңізден тайып, теріс жолға түсіп кетуден сақтаныңыз, дұшпандарыңыздың сізді балағаттауына жол бермеңіз. Шынайы сенушілер туралы былай делінген: «Мынаны білеміз: кім Құдайдың рухани баласы болса, сол күнә жасай бермейді. Құдайдың Ұлы оны сақтағандықтан, шайтан оған тиісе алмайды» (Жох1 5:18). Бұл бізге де қатысты болсын!

Киелі өмірге жаңа аяқ басқан дос, Құдай сізді еш кінәратсыз ете алады. Тіпті сіз өткен өміріңізде көп күнә жасасаңыз да, Құдай бұрынғы әдеттеріңіздің билігінен азат етіп, сізді адамгершіліктің үлгісі етеді. Ол сізді жоғары өнегелі адам етіп қана қоймай, бойыңызға барша жалған жолдарға деген жеккөрінішті сіңіретіні сондай, тек киелі әрекеттерді ғана істейтін боласыз. Бұған еш күмәнданбаңыз. Күнәкарлардың ішіндегі ең азғыны, ең кіршіксіз киелімен қатар тұра алады. Осыған иланыңыз, сонда сеніміңізге қарай беріледі.



Сот күні айыпталмай шыққан керемет бақыт емес пе!?

Біз сонда жырлайтын боламыз:

Иемнің құрбандығы,  
Иемнің адалдығы  
Мені тамаша етеді,  
Қорғаныммен, панаммен  
Бүкіл өмірім өтеді.  
Жігерлі, әділ болсам мен,  
Көктегі Құдай Әкеге  
Жаным аман жетеді.

Әлемнің билеушісі көк пен жерді жоқ қылғанда осындай таймас батыл болу – неткен керемет жарылқау десеңізші! Тек Иса Мәсіх арқылы берілетін Құдайдың рақымына сүйеніп үміт артқан, киелі құдіреттің қолдауымен күнәға қарсы күресуге шешім қабылдаған әркімге осы керемет жарылқау бұйырады.

## **XV ТАРАУ**

### **НЕЛІКТЕН КИЕЛІЛЕР СЕНЕДІ?**

Болашаққа үреймен қарайтындар үшін елші Пауылдың қорынттық бауырларға қатысты үміті үлкен жұбаныш болып табылады. Бірақ сол бауырлардың соңына дейін сақталатындарына ол неліктен сенімді болды?

Елші Пауылдың бұған өз себептері болды. Мен назарыңызды соларға аударайын. Олар міне: «Құдай уәделеріне берік, Ол сендерді Өзінің Ұлы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болуға шақырған» (Қор1 1:9).

Елші «Сендер уәделеріңе беріксіңдер», – демейді. Адамдардың беріктігі – өте сенімсіз! Ол тек құр бекершілік. Ол былай да демейді: «Сендердің өздеріңді жетелейтін және

дұрыс бағыт беретін уағызшыларың бар, сондықтан, сендер аман қаласыңдар». Жоқ! Егер бізді адамдар қорғайтын болса, мұндай қорғаныс сенімсіз. Ол: «Құдай уәделеріне берік», – дейді. Ал егер де біз берік болсақ, онда бұл тек Құдай берік болғандықтан солай. Біздің құтқарылуымыз толықтай Құдайдың беріктігіне сүйенеді. Бар іс Құдайдың осы ғажайып қасиетіне байланысты. Біз жел екпіні секілді құбылмалымыз, өрмекшінің торындай әлсізбіз және судың толқынындай аумалы-төкпеліміз. Біздің табиғи қасиеттеріміз бен рухани артықшылықтарымызға арқа сүйеуге мүлде болмайды, ал Құдай берік күйінде қала береді. Ол Өзінің сүйіспеншілігіне адал. Оған өзгере беру жат, Онда өзгерістің көлеңкесі де жоқ. Өзінің тілегіне адал. Ол бастаған ісін аяқсыз қалдырмайды. Ол барлық жағдайларда да адал: Өке ретінде Ол Өз балаларынан бас тартпайды, Дос ретінде Ол достарынан теріс айналмайды, Жаратушы ретінде Өзінің бастаған шаруаларын соңына дейін жеткізеді. Ол Өз уәделеріне берік және Оның уәделері әрбір сенуші үшін міндетті түрде орындалады. Ол Өзінің бізбен Иса Мәсіхте жасаған Келісіміне адал. Ол Өзінің Ұлына адал және Оның киелі қанының бекерге төгілуіне жол бермейді. Ол мәңгілік өмірді уәде еткен және ешқашан теріс айналмайтын өз халқына адал.

Құдайдың бұл адалдығы – біздің соңына дейін сақталуға деген үмітіміздің ең басты іргетасы. Киелілер Құдай рақымды болатындықтан киелілікте болады. Құдай үздіксіз жарылқағандықтан сенушілер үнемі батаға кенеліп жүреді. Ол сенушілерді Өзінің өсиеттерін орындайтындықтан ұстап тұр. Сүйенуге болатын мықты қамал осы. Жоғарыда айтылғандардың барлығы «Құдайдың рақымымен құтқарылдыңдар» атты осы шағын кітаптың тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Құтқарылу қақпасына енер кезде, біз сол бір рақымдылық күнінде ұдайы ойнап тұратын сыйға берілген құтқарылу мен қайырымдылықтың салтанатты үнін еститін боламыз.

Көріп тұрсыздар, біздің айыпталмауға деген үмітіміздің жалғыз іргетасы сүйенішіміз – Құдайда.

Бұл сүйеніш, біріншіден, Құдайдың бар жаратқандарында. Оның бізді жарылқай отырып тым алысқа кеткені сондай, Оған кері қайту мүмкін емес. Елші Пауыл Құдайдың бізді «Өзінің Ұлы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болуға

шақырғанын» есімізге салады. Егер де Ол бізді шақырған болса, онда Құдайдың шақыруы талқылауға жатпайды: «Егер де Мәсіх (Өзінің Рухы арқылы) өмірлеріңнен орын алған болса, онда тәндерің күнәнің кесірінен ажалды болғанмен, рухтарың ақталудың арқасында мәңгілік өмірге ие» (Рим 8:30). Құдай ұстанатын өзгермес ереже осы. Былай айтылған жалпыға ортақ шақыру бар: «Себебі шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз». Бірақ қазір біз айтып отырған шақыру басқаша, ол бізді түпкі мақсатқа жетелейтін айырықша сүйіспеншіліктің белгісі ретіндегі шақыру. Осындай жолмен шақырылған адам Ыбырайымның тұқымы іспеттес: «Мен сені қиыр шеттен шақырып алып, жер бетінің түкпір-түкпірінен әкелгенмін. Менің қызметшімсің, сені таңдап алған едім, сенен бас тартпаймын да», – дейді Құдай ол туралы.

Құдайдың істегендерінен өзіміздің сақталуымыз бен болашақтағы көктегі даңқымыздың берік іргетасын көреміз, себебі Ол бізді Өзінің Ұлы Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болуға шақырды. Оқырман, мен сіздің осы айтқандардың мағынасын мұқият зерделегеніңізді қалар едім. Егер шынымен де Құдайдың рақымымен шақырылған болсаңыз, онда Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз қарым-қатынаста боласыз. Осылайша жаратылғанның бәріне Онымен бірге иелік етесіз. Енді сіз Жаратушының көз алдында Онымен біргесіз.

Иеміз Иса Мәсіх күнәларыңызды Өзінің денесімен ағашқа көтеріп, сіз үшін қарғыс алды және сонымен бірге өділдігіңізге айналды. Осылайша, Онымен ақталдыңыз. Сіз Мәсіхке, ал Мәсіх сізге тиесілі. Күйеуі мен әйелі қалай бірге болса, Мәсіх те сеніммен Өзімен жалғасқандармен, мызғымас одақ құрғандармен дәл солай бірге. Бірақ мұнымен бітпейді. Сенушілер – Мәсіхтің денесінің мүшелері және олар Онымен сүйіспеншілікке толы, тірі және мәңгі бітпес, үзілмес байланыспен жалғасқан. Құдай осы бірлікке және кемелдікке шақырды және осы арқылы Ол біздің ақырына дейін сақталатынымызға кепілдік берді. Мәсіхтен бөлінсек, біз ажалдың оңай олжасы болатын сорлы мақұлыққа айналар едік. Ал Мәсіхпен бірге болсақ, Оның болмысына қатыстымыз және Оның мәңгілік өміріне ортақтасамыз. Тағдырымыз Иеміздің тағдырымен тығыз байланысты, сондықтан да Құдай бар екені қалай рас болса, біз де бар боламыз.

Өзіңізді шақырған Құдай Ұлымен тығыз қарым-қатынаста болу туралы жиі ойланыңыз. Сіздің бар үмітіңіз сонда. Иса бай болғандықтан, кедей бола алмайсыз, өйткені сіз Оның серіктесісіз. Сіз ештеңеге мұқтаж болмайсыз, себебі аспан мен жердің Қожайынының серіктесісіз. Сіз ешкімге қарыз болмайсыз, себебі Серіктесіңіз өте бай! Осындай Серіктесіңіз бар сіз заманның өзгерістеріне еш алаңдамайсыз. Құдай Өзінің Ұлы Иса Мәсіхпен тығыз қарым-қатынаста болуға шақырды және осы арқылы Ол сізге берік пана болды.

Егер де сіз шынайы сенуші болсаңыз, онда Мәсіхпен бірсіз, соңына дейін сақталғансыз және толықтай қауіпсіздіктесіз, басқаша болуы мүмкін емес. Мәсіх пен сенуші бір қайықта және Иса ешқашан суға батып кетпейтіндіктен, сенуші де ешқашан өлімге душар болмайды. Иса Өзі ақтап алғандарымен тығыз байланысқаны сондай, олардың біреуі де зұлымдыққа тап болмауы үшін Өзі алдын-ала зұлымдықты басынан өткерді.

Сонымен Исамен мәңгілікке байланысқан біз белгісіз болашаққа қарай сеніммен қадам жасаймыз. Егер де осы дүниелік адамдар: «Сүйіктісіне сүйене, айдаладан Кім екен мынау өрлеп келе жатқан?» – деп сұрайтын болса, біз қуанышпен: «Исаға сүйеніп келе жатқан және Оған сүйенуді барған сайын көбірек қалайтын біздерміз», – деп жауап береміз. Сөзіне берік Құдай – біздің рахатымыздың тұрақты бастауы, ал Құдай Ұлымен тығыз қарым-қатынасымыз – зор қуаныштың толқыны. Елшімен бірге шаттана былай дейік: «Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады?» Осы ұлы шындықты білгендіктен, біздің ешқашан еңсеміз түспейді.

## XVI ТАРАУ

### КӨКТЕ КЕЗДЕСЕМІЗ!

#### Қорытынды

Оқырман, егер менің соңымнан әр қадамымды басып еріп отырмаған болсаңыз, бұл өте өкінішті. Егер көз алдынан өтіп жатқан шындықтар бойға сіңіріліп, әрекет етуге түрткі болмаса, онда кітапты құр оқып шыққаннан пайда жоқ. Бұл көптеген тағамдарды көре тұра аш қалған адамға ұқсайды, себебі ол соларды алып жемеді. Қымбатты оқырман, егер Иеміз Иса Мәсіхті қабылдасаңыз, онда біз бекерге кездестік. Мен сізге пайдамды тигізгім келіп, қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Егер де сізге көмектесуге қауқарсыз болсам, бұл үшін жаным ауырады, себебі сізге көмектесуді қатты қалаған едім. Осы беттерді жазып отырған кезде, мен сіз туралы ойладым, қаламымды былай ысырып қойып, осы кітапты оқитын әркім үшін сиындым. Мен осы кітапты оқыған адамдардың көбінің жарылқанатынына сенімдімін. Сіз неге қасарысасыз, олардың қатарында болуды қаламайсыз ба?

Егер де сіз үшін мен қалаған ғажайып батаға ие болуды қаламасаңыз, онда тым болмағанда, маған әділдік танытып, сіздің соңғы күні айыпқа ұшырау кінәң маған артылмайтынын мойындаңыз. Егер де біз жарқырап тұрған ұлы тақтың алдында кездесетін болсақ, онда сіз мені айыптамайсыз. Менің әр бетті сіздің мәңгілік игілігіңіз үшін жазғанымды Құдай көріп тұр. Мен рухта сіздің қолыңызды алып, қатты қысамын. Сіз менің бауырмал қол қысуымды сезесіз бе? Сіздің қолыңыздан сипап тұрып: «Неге сіз өлімді қалайсыз? Өзіңіздің бейқамдығыңыз үшін ғана өлімге душар болмақсыз ба?» – деп сұраған кезімде көзіме жас үйіріледі. Олай етпеңіз, бәрін жақсылап таразылап, мәңгілікке дайындалыңыз. Исаны, Оның сүйіспеншілігін, Оның төккен қанын, Оның құтқаруын өзіңізден кері итермеңіз. Сізден өтінем, өз Құтқарушыңыздан теріс айналмаңыз!

Ал егер, керісінше менің мінажаттарым естіліп, сіз Одан рақымдылықпен құтқарылу алу үшін Иса Мәсіхке сенім арта

бастасаңыз, онда осы ілімді мықтап ұстаныңыз және соған сай өмір сүріңіз. Сіз үшін бәрінің басы Иса болсын. Тек сыйға берілетін рақым бойынша өмір сүріп әрекет етіңіз. Ешбір адамның өмірін Құдайдың батасымен өмір сүретін адамның өмірімен салыстыруға болмайды. Бәрін сыйға берілетін рақымдылық бойынша қабылдаңдар: бұл сіздерді өзімшіл тәкаппарлықтан және өз-өзін айыптап торығудан сақтайды. Жүрек сүйіспеншілікпен жалындап, Құдайға құлдық қорқыныштан туындаған сезімдерден әлдеқайда зор, оған жол ашатын сезімдерді оятады. Өз күштерімен құтқарылуға тырысатындар рақымдылықпен сыйға берілген құтқарылумен бірге келетін терең қуаныш туралы ешнәрсе білмейді. Өз-өзін құтқарудың құлдық рухын, баласы болудың қуанышты рухымен салыстыруға еш келмейді. Сенім – рухани, ал Құдай – Рух және осы себептен Оның сенімге киелі көңілі бар. Жаттанды дұғаларды айту, рәсімдер мен діни әрекеттерді орындау – Құдайдың алдында жексұрындық болып табылады; ал шынайы сенімнің көзқарасы рухани, сондықтан да Оған ұнамдысы: «Әке Өзіне осылай мойынсұнып сиынушыларды қалайды». Алдымен ішкі адамды, рухани бөлікті ретке келтіріп, ал қалғандары уақыты келгенде өздері ілеседі.

Егер сіз ендігі құтқарылған болсаңыз, онда өзгелердің жандарын құтқарудың қамын ойлаңыз. Маңайындағыға игілігін көрсету тілегі болмаса, сенің жаның табысқа жете алмайды. Сіздің жаныңыздың өмірі – сенімде, оның саулығы – сүйіспеншілікте. Кім өзгелерді құтқаруға ұмтылмаса, сол әлі сүйіспеншіліктің билігіне берілген жоқ. Өз үйіңізден бастаңыз. Содан соң көршілеріңізге барыңыз. Өзіңіз тұратын көшеге немесе ауылға жарығыңызды түсіріңіз. Мүмкін болған барлық жерде Ізгі хабар айтыңыз.

Егер осы кітапты оқығаннан кейін, Құдайға бет бұрғандар өзгелерді де тартатын болса, онда ол арқылы ұлы әрекеттер жүзеге аса алады. Мен осы кітап арқылы және Ол Исаға әкеліп, жүзеге асыратын бет бұрулар үшін қазірден бастап Құдайды мадақтай бастаймын. Негізгі жемістер, сірә, осы жолдарды жазып отырған қол сіресіп қалған кезде көрінетін болар.

Оқырман, менімен көкте кездесуге тырысыңыз!

## Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ	4
I тарау ҚҰДАЙ ӨДІЛЕТСІЗДЕРДІ АҚТАЙДЫ	6
II тарау ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ АҚТАЙДЫ	13
III тарау АҚТАЛУШЫ ЖӘНЕ АҚТАУШЫ	18
IV тарау КҮНӨДАН АЗАТ БОЛУ	23
V тарау РАҚЫММЕН СЕНИМ АРҚЫЛЫ	27
VI тарау ҚҰТҚАРЫЛУДЫ БІЗ НЕГЕ СЕНИМ АРҚЫЛЫ АЛАМЫЗ?	38
VII тарау ӨЛСІЗДІК	43
VIII тарау СЕНИМНІҢ КӨБЕЮІ	51
IX тарау ҚАЙТАДАН ТУЫЛУ ЖӘНЕ КИЕЛІ РУХ	55
X тарау МЕНІҢ ҚҰНЫМДЫ ТӨЛЕУШІ	58
XI тарау ТӘУБЕГЕ КЕЛУ КЕШІРІММЕН ҚАТАР ЖҮРЕДІ	60
XII тарау ТӘУБЕГЕ КЕЛУ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ	64
XIII тарау СЕНУШІНІҢ КҮНӘҒА БАТЫП ҚАЛУДАН ҚОРҚУЫ	68
XIV тарау ҚҰТҚАРЫЛУДА ТАБАНДЫ БОЛ	73
XV тарау НЕЛІКТЕН КИЕЛІЛЕР СЕНЕДІ	77
XVI тарау КӨКТЕ КЕЗДЕСЕМІЗ	81
ҚОРЫТЫНДЫ	81